Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының қоғамдық-саяси және экономикалық аясындағы қарама-қайшылықты әрі күрделі үдерісіндегі жағдайы XX ғасырдың II жартысында дене шынықтыру мен спортты дамытуда халықаралық аренада елеулі әсер етті. «Спорт әдебиеті» ретінде сипаттауға болатын әдебиет бағыты пайда болды. Берілген тақырыпты азаматтардың денсаулығы және ел азаматтарының спорттық мәдениетінің тәрбиесімен, спорт пен дене шынықтыруды дамытуды оқып зерттеумен айналысатын түрлі пән зерттеулері әр түрлі бағытта қарастырылды: әлеуметтану, психология, медицина және т.б. Бұл XX ғасырдың II жартысындағы дене шынықтыру мен спорт тұрғындардың күнделіктісіне арналған тарихи жұмыстар бұрынғыша өзіне жіті назар аударуды талап ететінін және жаңа жариялымдар шығаруға, алдағы ізденістерге жол ашуын растауға мүмкіндік берді.

*Кілт сөздер:* кеңестік күнделіктілік, спорт, дене шынықтыру, тарихнама, «спорт әдебиеті», КСРО, тарих, зерттеушілер, ҚЕД, әлеуметтік-мәдени тұрғы, спортшы, XX ғ.

A. Grigorkevich, Z. Saktaganova, T. Trevisani

## **Russian Historiography of the History of Development of Physical Culture and Sports in Everyday Life of the Soviet People in the Second Half of the XX century**

Contradictory and complex processes in political and economic spheres, the position of the USSR in the international arena had a significant impact on the development of sport and physical culture in the second half of the twentieth century. Appears in the literature, which can be described as «literature of sports». Consider this subject from different directions, researchers from different disciplines: sociology, political science, psychology, medicine, etc., studying the development of physical education and sport, health and education sport culture citizen. This suggests that the historical work on Soviet everyday life of citizens in physical culture and sports in the second half of the XX century, still require close attention and give space for new publications and further research.

*Keywords:* Soviet everyday life, sport, physical education, historiography, «literature of sports», the Soviet Union, history, researchers, RLD, socio-cultural aspect, the athlete, the XX century.

## References

- 1 Sinitsyn, S.D. (1953). Sostoianie i zadachi nauchno-issledovatel'skoi i uchebnoi raboty po istorii fizicheskoi kultury [Status and tasks of scientific research and educational work on the history of physical culture]. *Teoriia i praktika fizicheskoi kultury — The Theory and practice of physical culture*, XVI, 8 [in Russian].
- 2 Stolbov, V.V. (1953). Razvitie fizicheskoi kultury i sporta v RSFSR v poslevoennuiu stalinskuiu piatiletku (1946–1950) [The Development of physical culture and sports in the RSFSR in the post-war Stalinist five-year plan (1946–1950)]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 3 *Prohramma po fizicheskomu vospitaniiu studentov pedagogicheskikh institutov [Program in physical education of students of pedagogical institutes]*. Moscow: Publishing house of APN of the RSFSR, 1953 [in Russian].
- 4 Novikov, A.D. *Fizicheskoe vospitanie [Physical education]*. Moscow: Fizkultura i sport, 1959 [in Russian].
- 5 Frolov, V.V. (1953). *Ihra millionov [A Game of millions]*. Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 6 Stankevich, V.M. (1959). *Nakanune olimpiiskikh ihr 1960 hoda [On the Eve of the Olympic games of 1960 year]*. Leningrad [in Russian].
- 7 Bernstein, A.D. (1962). Istoki sily, bodrosti, zdorovia [The Origins of power, vitality, health]. *Kommunisticheskoe vospitanie molodezhi — Communistic education of youth* [in Russian].
- 8 Nikolaev, V.R. (1970). *V dvizhenii — zhizn [The movement — life]*. Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 9 Uvarov, V.A. *Smelye i lovkie (I stupen Vsesoiuznogo fizkulturnogo kompleksa «Gotov k trudu i oborone SSSR») [Brave and clever (I stage of the all-Union sports complex «Ready for labor and defense of the USSR»)]*. Ed. 2-e additional. Moscow: Fizkultura i sport, 1973. 112 p. [in Russian].
- 10 Kislitsyn, Y.L. (1978). *Olimpiada – 80 [Olympics – 80]*. Almaty: Obshchestvo «Znanie» KazSSR [in Russian].
- 11 Marin, M. (1981). *Kak vyrastaiut chempiony [As Champions: Sat. essays] / Comp. L.A. Golubeva*. Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 12 Sysoev, Y.V., Malyshev, A.A., & Syedin S.I. (1982). *O roli kollektivov fizkultury v kommunisticheskom vospitanii molodezhi [On the role of collectives of physical culture in the Communist education of the youth]*. Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 13 Bazunov, B.A. (1982). *Fizkultura dlia vseh. Opyt, rekomendatsii [Physical education for everyone. Experience recommendations]*. V.A. Ivonina (Ed.). Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 14 Karasev, V.N. (1985). *Sledui za nami [Follow us]*. Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 15 Utkin, V.L. (1984). *Kultura dvizhenii (Osnovy optimizatsii) [The Culture of movements (Basic optimization)]*. Moscow: Znanie [in Russian].
- 16 Kamenzer, M.G. (1985). *Sportshkola v shkole [Sports in school]*. Moscow: Fizkultura i sport [in Russian].
- 17 Barantsev S.A., Berezin V., Doygal G.I., Stolac I.N. (1988). *Fizkulturno-ozdorovitelnaia rabota v shkole [Physical exercise in school: teacher's Guide]*. A.M. Slamina (ed.). Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 18 Lushen G. *Sport i kultura [Sports and culture]*. Retrieved from <http://lib.sportedu.ru/GetText.idc?TxtID=740> [date of access: 05.02.2017] [in Russian].
- 19 Konovalov, S.A., & Chapaeva, M.T. (1999). *Istoriia hendernoho neravenstva [History of gender inequality]*, III. Almaty [in Russian].
- 20 Prozumenshchikov, M.Y. (2004). *Bolshoi sport i bolshaia politika [Big-time sports and big-time politics]*. Moscow: ROSSPEN, seriia «Kultura i vlast ot Stalina do Gorbacheva. Issledovaniia» [in Russian].
- 21 Eisenberg, K. (2009). Otkrytie sporta sovremennoi istoricheskoi nauko [Discovery sport modern historical science]. *Logos — the Logos*. 6 (73) [in Russian].
- 22 Mikhailov, V.V., Totalarian, V.M. (1999). Fizicheskaiia kultura v totalitarnoi sisteme: tsennosti i tseli [Physical culture in a totalitarian system: values and goals]. Proceedings from *Konferentsiia molodykh uchenykh i studentov RGAFK — Conference of young scientists and students training*. (pp. 55–58). Moscow [in Russian].
- 23 Ermakov, S.S. *Voleibol v sovetskoi mehakulture 30–50-kh hodov XX veka [Volleyball in the Soviet magculture 30–50-ies of XX century]*. Retrieved from <http://lib.sportedu.ru/Press/FVS/2010N2/p76-80.htm> [date of access: 06.02.2017] [in Russian].
- 24 Leibovich, O.L. (2008). *V horode M. Ocherki sotsialnoi povsednevnosti sovetskoi provintsii v 40–50-e hh. [In the city of M. Essays on the social everyday life of the Soviet provinces in the 40–50-ies]*. Moscow: ROSSPEN [in Russian].
- 25 Orlov, I.B. (2010). *Sovetskaia povsednevnost: istoricheskii i sotsiologicheskii aspekty stanovleniia [Soviet everyday life: historical and sociological aspects of development]*. Moscow: GU-VShE [in Russian].
- 26 Lebina, N.B. (2015). *Povsednevnost epokhi kosmosa i kukuruzy: destrukttsiia bolshoho stilia [Everyday life in the epoch of the cosmos and corn: destruction of the Grand style]*. Leningrad 1950–1960-ies. Saint Petersburg, Krieg: Pobeda [in Russian].
- 27 Bagdasaryan, V.E. (2013). *Sovetskoe zazerkale. Inostrannyi turizm v SSSR v 1930–1980-e hody [Soviet Wonderland. Foreign tourism in the USSR in 1930–1980-ies]*. Moscow: Forum [in Russian].
- 28 Nikonov, O.Y. (2010). *Vospitanie patriotov: Osoaviakhim i voennaia podhotovka naseleniia v ural'skoi provintsii (1927–1941 gg.) [Education of patriots: Osoaviakhim and military training of the population in the Ural province (1927–1941 yy.)]*. Moscow: Novyi khronograf [in Russian].
- 29 Orlov, I.B., Yurchik, E.V. (2010). *Massovyi turizm v stalinskoi povsednevnosti [Mass tourism in the Stalin everyday life]*. Moscow: ROSSPEN [in Russian].

К.С. Ермаганбетова<sup>1</sup>, Синан Озбек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>Коджаели университеті, Түркия  
(E-mail: e.kuralai@yandex.kz)

## Мұражай — аймақтың танымалдылығын қалыптастырушы құрал

Мақалада аймақтың танымалдылығын қалыптастырудағы мұражайдың алатын орны мен ролі туралы мәселе қарастырылды. Егеменді еліміздің алдында тұрған ең маңызды мәселенің бірі — өз еліміздің әлем алдындағы танымалдылығын, имиджін қалыптастыру. Осыған байланысты авторлар Қазақстан мұражайлары Лувр, Эрмитаж және тағы басқалары сияқты еліміздің танымалдылығын қалыптастыратын құралға айналуы тиіс деп санайды. Яғни, мұражайдың аймақтың имиджі мен танымалдылығын қалыптастырудағы орны мен ролін айқындау үшін мұражайдың бес қырын көрсетеді: мұражай мәдени орталық ретінде; мұражай мәдени мұраны сақтаушы және тасымалдаушы ретінде; мұражай аймақты дамытушы «инициатор» ретінде; мұражай мәдени бастамалар алаңы ретінде; мұражай өмірлік стандарттардың эталоны ретінде.

*Кілт сөздер:* мұражай, бренд, имидж, аймақ, мәдени мұра, мәдениет, заманауи мұражай, тарихты сақтау.

«Мұражай» деген сөзді естігенде көз алдымызға Париждегі Луврды, Санкт-Петербургтағы Эрмитажды, тағы басқа үлкен мұражайларды елестетеміз. Олар маңызды әлеуметтік, туристік, инфрақұрылымдық және саяси институт болып табылады және олардың мүмкіндіктері жоғары. Расында, олар қала және әлем алдындағы ең құнды орын болып саналады және басқа мұражайлардың жұмыс істеуіне үлкен тәжірибе береді. Осындай деңгейге жету үшін олар не істеді? Мұражай қалай аймақтың танымалдылығын қалыптастыратын құрал бола алады? деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Мұражай әлеуметтік және мәдени өмір құбылысы ретінде мектеп, жоғарғы оқу орындары, кинотеатр, театр, кітапхана сияқты қоғамның мәдени өмірінің қажетті бөлігіне айналды.

Мұражай мәселесі соңғы он-он бес жылда өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазақстан тарихында мұражай ісі ХІХ ғ. екінші жартысынан басталды. 1832–1841 жж. Орынборда генерал-губернатор В.А.Перовскийдің қарамағында қызмет еткен В.И.Даль қазақ халқының салт-дәстүрін, күнделікті тұрмысы мен мәдениетін зерттеп қана қоймай, этнографиялық экспонаттарды жинақтаған. 1913 ж. Қазақстанда 3 мұражай қызмет жасады: Орал мұражайы (1859), Семей мұражайы (1898) және Жетісу мұражайы (1989). Қазіргі кезде 174 мұражай бар. Бірақ олардың тарихы мен генезисі күрделі және қарама-қайшы.

Қазақстанда ХХ ғ. басында мұражайға деген көзқарас сыни және жағымсыз тұрғыда болды. Себебі мемлекетке ең бастысы оның экономикалық инфрақұрылымының дамуы және географиялық шеңбері, экономикалық саясаты маңыздырақ болды. Соған қарамастан, мұражайлар әлі күнге дейін өмір сүріп келеді және дами түсті. Мұражайтанушы Г.Файзулина ХХ ғ. 90 жж. Қазақстанның мұражай тарихының қалыптасуы мен дамуының жаңа кезеңі деп санайды: «Бұл кезең қазақ халқының тағдырына үлкен оқиғаны енгізген кез: 1991 ж. Қазақстан егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болды. Осы кезеңнен бастап Қазақстан мұражайларының даму жолын жеке жол деп атауға болады: жұмыс атқарудың жаңа әдісі қалыптасты, мұражай қызметінің мазмұны өзгерді, ұлттық тақырыпқа бағыт берілді, ғылыми-зерттеу жұмысы өзектендірілді, мұражай желісі кеңейтілді, мұражайдың жаңа типтері пайда болды»[1; 6]. Бүгінгі күні еліміздегі мұражайларды 1990 ж. дейінгі, яғни егемендікке дейінгі және 1990 жж. кейінгі, яғни егемендік алғаннан бастап қалыптасқан, мұражайлар деп бөліп қарастырамыз. Себебі 1990 жж. дейін қалыптасқан мұражайлар экспонаты ескі көзқарастарды, ескі тарихты сақтап қалған, мұражай ісін жүргізуде де советтік кезеңдегі дәстүрді көрсетеді. Ал егемендікті алғаннан кейін ашылған мұражайлар еліміздің жаңа тарихын көрсете отырып, болашаққа деген үлкен сенімді көрсетеді. Екі кезең мұражайларынан әр түрлі сезіммен шығуға болады. Әрине, бұл әрбір көрерменнің сезімталдылығына байланысты.

Қазақстан мұражайларының даму және гүлдену шағы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуымен

байланысты. Осы бағдарлама аясында Қазақ елінің көптеген аймақтарында бағдарламаның мақсаттарын (рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету (2004–2006); еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және қалпына келтіру (2007–2009); рухани және білім беру салаларын дамытудың ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базасын одан әрі жетілдіру, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу (2009–2011)) [2] жүзеге асыру негізінде жаңа мұражайлар ашылды, ескі мұражайларға қайта құру және жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік идеологиялар мен стратегиялар негізінде мұражай ісі мен зерттеу бағыттарына өзгертулер енгізілді. Мұражай – рухани және материалды мәдени мұраны жинақтаушы, сақтаушы, ұрпаққа тасымалдаушы, насихаттаушы мәдени мекеме.

Ресейлік мұражайтанушы В.Лобанова «Мұражай территорияның даму факторы» мақаласында [3; 107–139] мұражайлар мен жергілікті ұйымдардың өзара әрекеттесу модельдерін ұсынды. Мұражайды әлемдік, аймақтық және локалды брендті қалыптастырушы құрал, жаңа құндылықтарды жасаушы ұйым, жаңалықтар алаңы ретінде бөліп көрсеткен. Бізде мұражайды аймақтың имиджін қалыптастырушы құрал ретінде бірнеше қырларын зерттеп көрейік.

*1. Мұражай мәдени орталық ретінде.* Мұражай — бұл күрделі әлеуметтік мәдени институт. Ол заманауи қоғамға бейімделуге, келушілердің шығармашылық әлеуетінің дамуына көмектеседі. Мұражай кеңістігі келушілерге үлкен мүмкіндік беретін креативті алаң болып табылады. XIX–XX ғғ. әр түрлі бағыттағы мұражайлар ұлттық, мемлекеттік, қоғамдық құндылық болып саналатын мәдени үлгілерді таңдаумен және сақтаумен айналысты. Л.М. Шляхтинаның пікірі бойынша, мұражай кітаптан алынған білімді толықтырудың қосымша құралы болды, яғни мұражай қосымша білім беру мекемесі болды. Ал XX–XXI ғғ. мұражай туралы көзқарас өзгерді. Ол «мәдени мұраның ақпараттық орталығы, әлеуметтік-мәдени бейімделу институты, өткен дәуір мен қазіргі кездегі мәдени құндылықтарын тану құралы ретінде қарастырылады» [4; 126].

Ал М.С. Каган қазіргі кездегі мұражайдың мазмұнын мәдениет пен дәстүрлі «вербализацияның» көрінісінің өсу альтернативасы ретінде түсінеді. Визуалы ақпараттың үздіксіз ағымы «визуалды мәдениет» дағдарысына әкелді, адамның эстетикалық қабылдау қабілетін жоғалтуға әкеп соқты. Оның ойы бойынша, мұражай қоғаршаған ортадағы негативті тенденцияларға төтеп бере алады. адамдарды «визуалды мәдениетті» тәрбиелеу арқылы пайымдауға, сезінуге көмектеседі, сонымен қатар адекватты «вербализацияға» мүмкіндік береді [5; 301]. Қазіргі кездегі зерттеулер мұражайдағы кеңістіктік-уақыттық қатынасты коммуникация және тұлғаралық деңгейде қарастырады. Білетініміздей, сұхбат идеялардың, ойлардың, сезімдердің, өнегелік тәжірибелердің және өмірік коллизиялардың алмасуы. Мұражай көркем өнер саласы мен шығармашылық туындымен тамсанған адамдар арасында сұхбаттық байланысты орнатуға, өнегелік «перипетия» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ендеше, мұражай өзін, қоршаған ортаны түсінуге және мәдени ортаға бейімделуге көмек көрсетеді. Мұражай тарихтың және «мәңгілік құндылықтарын» тұрақты қорғаушы ретінде қазіргі мәдениеттегі агрессивті ақпараттық және визуалды ағымда өз орнын табуға көмектеседі. Сонымен қатар заманауи мұражай кездесу орны, мәдениет және демалыс орталығы болып саналады.

XIX ғ. – XX ғ. бірінші жартысында мұражайлар тек шектеулі, өзіне ғана қызмет кеткен, экспонаттардың тарихын жазумен, экспонаттарды жинақтаумен айналысқан. XX ғ. ортасынан бастап мұражай ісінің теоретиктері мен практиктері мұражайды көрермендерге бет бұру, олардың сұранысын қамтамасыз ету ісімен айналыса бастады. Және оны мұражайдың маңызды міндетіне айналдырды. Бұл туралы О.С. Сапанжа өзінің «Современный художественный музей: на службе человечеству или человеку?» [6; 6–17] мақаласында Теодор Лоудың «Музей как социальный институт» [7] атты Нью-Йорк мұражайы туралы есебіндегі тұжырымдамасын мысалға келтіреді: «Коллекцияларды жасаумен қызыққан, жинақтау мен зерттеумен есі кеткендер көрермендер алдындағы жауапкершілікті ұмытып кетеді». Сондықтан XX ғ. екінші жартысында мұражай басқа әлеуметтік мекемелермен тығыз байланыс орната отырып, өзінің тұжырымдамасын өзгертті. О.С.Сапанжаның пікірі бойынша, «соңғы жылдары американдық немесе батыстық еуропалық үлгіге бағытталған жаңа мұражайлар ашылды және мәдени, білім беру, ойын-сауық орталығы ретінде жаңа мүмкіндіктерді игеріп отыр» [8; 22]. Қазіргі кезде АҚШ-тың, Батыс Еуропаның көптеген мұражайлары мәдениет және ойын-сауық орталықтарына айналды, соның негізінде көпшілікті өздеріне қаратып отыр. Мысалы, заманауи өнер мұражайларының бірінші қатарын Нью-Йорк заманауи өнер мұражайы бастады. Американдық сыншы Х.Креймердің пікірі бойынша, «Нью-Йорк заманауи өнер мұражайы басынан бастап мұражай принциптерінен тыс концепция құрастырғысы келді. Бейнелеу өнері,



мүсіндеме, сурет және гравюра шеңберінен шығып, мұражай өзінің қызығушылығын сәулет, көркемдік құрылыс, фотография, кинофильмге бағыттады» [9; 36]. Яғни мұражай жалпы мәдени тенденцияларға бағынатын тұтас кеңістікке айналу керек болды. Сонымен қатар үздіксіз даму үстінде болу керек және көрермендерді қызықтыруы тиіс.

Қазақстан, бұл жағынан, әлдеқайда артта қалды деп айтуға болмайды. Қазақстан мұражайлары да қолдарынан келгенше заман талабына, келушілердің сұраныстарына сай келетін іс-шаралар өткізіп және әр түрлі әлеуметтік-мәдени институттармен байланыстар орнатып отыр. Мәселен, Алматыда орналасқан Ықылас атындағы халықтың сазды аспаптары мұражайын атап кетуге болады. Мұражай 1980 ж. ашылды. 2012 ж. жаңғырту, қайта құру жұмыстары жүргізілді. Мұражайдың миссиясы — қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау және көпшілікке түсіндіру. Мұражай еліміздің тұрғындары мен қонақтары үшін Қазақстан мәдениетімен танысудың танымдық сатысы болуы тиіс. Экспозицияда ұлттық музыкалық аспаптардың қырықтан астам түрлері қойылған. Мұражай 7 экспозициялық залдан тұрады. Заманауи талаптарға сәйкес жасалған ерекше мұражайлардың бірі болып саналады. Аудиогидтер, Media Table мультимедиялық жүйесі және Kinect орналасқан. Кіреберісте әйнекте ұлттық киім киген ер адамның галограммасы келушілерді үш тілде қарсы алады және мұражайдың қысқаша тарихымен таныстырады. Мұражайдың тағы бір заманауи ерекшелігі бір бөлмесінде Kinect түйісусіз сенсорлы ойын бақылаушы аппараты орнатылған. Қабырғадағы мониторда көрсетілген музыкалық аспаптарға дирижерлік етуге болады. Сонымен қатар бұл бөлмеде диван орналасқан, адам сүйікті музыкалық аспабының үнін тындап отырып демалуына болады. Бұл мұражайда қарым-қатынас және қоғаммен байланыс алаңы ретінде 160 орынды концерт залы да бар. Әр түрлі шығармашылық кештер және экспозицияда тұрған музыкалық аспапты «жандандыру» идеясымен сол аспапты сахнаға шығарып, тарихымен таныстыра отырып, әуенін ұрпаққа, халыққа естітеді. «Музыкалық аспапты жандандыру» идеясын жүзеге асыру үшін мұражай Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясымен және Жүргенов атындағы өнер академиясымен тығыз жұмыс жасайды. Жобалар: «Ғасырлар үні», «Ұлы дала сазы», «Мастер и музыкант» және жеке шығармашылық кештер. Тағы бір инновациялық жобасы Facebook.com әлеуметтік желісі бойынша «Мәдени абонемент — барлық отбасы үшін тиімді шешім» атты конкурс жүргізеді. Сайыс жеңімпазы үш күнге екі адамдық тегін билетке ие болады [10].

Бұдан байқайтынымыз, мұражайларды әр түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту және мұражайлар арасында бәсекелестік қалыптастыру мұражайдың имиджін қалыптастыруға септігін тигізеді. Мұражайдың имиджінің қалыптасуы ол аймақтың да танымалдылығын қалыптастырады.

2. *Мұражай мәдени мұраны сақтаушы және тасымалдаушы ретінде.* Мәдениеттің артефакттарын, мұраларын жинақтаушы, сақтаушы, халыққа таныстырушы, ұрпақтан ұрпаққа тасымалдаушы институт, ол — мұражай. Бүгінгі күні Республикамыздың әрбір өңірінде әр түрлі салада жұмыс жасайтын 174 мұражай бар. Әрбір мұражай өз өңірінің тарихы мен мәдениетін, естелігі мен мұрасын сақтаушы, жасаушы, таратушы, насихаттаушы ретінде сол өңірдің мәдени мекемесі және білім ордасы болып саналады.

Қазақстанда мұражай ісінің дамуы мен гүлденуіне бастау болған — «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Бұл бағдарламаның мақсаты — елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу. Бағдарлама үш кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезеңнің (2004–2006) мақсаты — рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету. Міндеттерінің бірі — елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру; екінші кезеңнің (2007–2009) мақсаты — еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және қалпына келтіру, міндеттері — Қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды одан әрі жалғастыру, тарих және мәдениет ескерткіштерін, соның ішінде Қазақстан тарихына қатысты алыс және жақын шетелдердегі ескерткіштерді қайта жаңғырту жұмыстарын жалғастыру; үшінші кезеңнің (2009–2011) мақсаты — тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу, міндеттері — тарихи-мәдени мұраны сақтап, одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасау; мемлекеттік және салалық бағдарламалар іс-шаралар жоспарын іске асырудың тиімді тетіктері мен құралдарын әзірлеу; Қазақстанның бай тарихи және мәдени мұрасын халықаралық деңгейде насихаттау; мемлекеттік және салалық бағдарламаларын іске асыру барысында жинақталған жаңа және жүйеленген білімді ғылыми айналымға енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу; тарихи-мәдени

мұраны туризмді дамыту үшін белсенді пайдалану, тарих және мәдениет ескерткіштерін туризм инфрақұрылымының маңызды бір бөлігі ретінде қарастыру; тарихи-мәдени мұраны халыққа кеңінен тарату мақсатында қоғамдық білім және бұқаралық ақпарат салаларына аудару жолдарын іздестіру [2]. Осы мақсат-міндеттердің негізінде Қазақстанның әрбір аймағындағы мәдени-тарихи ескерткіштер жаңғыртылды, қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді. Археологиялық қазба жұмыстары мен зерттеу жұмыстары негізінде тарихи-мәдени мұралар табылды. Осы қазбаларды, ашылуларды сақтау орны ретінде мұражайлардың қызметі арта түсті.

2011 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын әрі қарай жалғасыру ісін әрбір өңірдің әкімшілігіне тапсырды. Бұл тапсырыстың негізінде аймақтар арасында бәсекелестік қалыптасты. Бәсекелестіктің негізінде аймақтарда әртүрлі тарихи-мәдени ескерткіштер жаңғыртылып, мұралар танытылып жатыр. Ұлытау өңірі – тарихқа бай өлке. Ұзақ уақыт бойы оның мәдени ескерткіштері мен мұраларына аса көңіл бөлінген емес. 10 жыл ішінде Ұлытау өңірінен мәдени мұралар табылып, жаңа ескерткіштер бой көртерді. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорық-мұражайы — ең маңызды мұражайлардың бірі. Ол тарихи-мәдени ескерткіштерді, материалды және рухани мұраларды сақтап қана қоймай, сол өңірдегі сирек кездесетін аң, құстарды қорғау міндетін де атқарады. Өңірдің ландшафты, флорасы мен фаунасы — мұраның бірі түрі, және ол сол өңірге көрік беретін басты құндылық болып саналады. Қазақтың заманауи әдебиетшісі, ғалым Құлбек Ергөбек мұражай туралы өзінің бір мақаласында «Мұражай – тарих, мұражай – шежіре. Мұражай – білім-ғылым. Сан-салалы өнер мен ғылым қоспасы – мұражай. Мәдениеттегі елдерде әрбір мұражайдың тарихы жазылып қатталады. Тіпті әрбір мұражайдың кезеңімен алмасып, жаңарып тұрар экспозициямен тарих шежіреленеді», — деген [11]. Мұражайдың ерекшелігі – ескерткіштердің, мәдени мұралардың түпнұсқасымен кездесу арқылы құндылықтарды сезіну. Сондықтан мұражайлар мәдени мұраны сақтаушы және тасымалдаушы ретінде аксиологиялық мағынаға ие болады. Яғни, ол рухани-өнегелік құндылықтарды тасымалдаушы. Ол — ұрпақтар мен мәдениет арасындағы сұхбаттасу кеңістігі.

Бұдан шығатын түйін, мұражай социумның этникалық және мәдени дифференциациясы жүйесінде ерекше шекаралық құрылымы бар тарихи және мәдени құндылықтар жинағы. Мұражай — ұрпақтар, ұлттар арасын байланыстырушы буын. Ендеше, мұражай — өз бейнесін іздейтін, бір көзқараспен тарихты, мәдениетті, территорияны қамтитын ұлттық қауымдастық айнасы.

3. *Мұражай аймақты дамытушы «инициатор» ретінде.* Мұражай белгілі бір аймақта орналасқандықтан, ол басқа мекемелерге сай емес мәселелерді шешеді: біріншіден, мұражай сол өңірдің ғылыми құжаттандыру орталығы болып саналады. Себебі, мұражай үлкен ғылыми және мәдени маңызы бар шынайы ақпаратты тасымалдайтын, өңірдің тарихы, мәдениеті, табиғаты туралы куәландыратын құжаттар мен заттарды мұражай пәні ретінде сақтайды. Екіншіден, өңірдің ғылыми-зерттеу қызметінің орталығы, себебі мұражай заттарын экспонат ретінде таңдау, зерттеу және қолдану зерттеу қызметін талап етеді, ал алынған нәтижелер мәдени немесе табиғи үрдістерде ғылыми жаңалық болып табылады. Үшіншіден, мұражай — өңірдің мәдени өкілдігі, мұражайда көрсетілген экспонаттар сол өңірдің мәдени мұрасы. Мұражай экспозициялары белгілі бір уақытта нақты қоғамда үстемдік ететін мәдени нормалар шоғырланған жаңа мәдени шынайылық болып табылады. Төртіншіден, мұражайдың құжаттандыру, ғылыми және мәдени құндылықтары ағартушылық-тәрбиелік орталық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әр түрлі тарихи кезеңде ұрпақтар тәжірибесін, үлгілі дәстүрді, мәдени нормаларды тасымалдаушы үрдісін жүзеге асырады. Оларға — «Тарихи-өлкетану мұражайы», «Тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайлары» жатқызуға болады.

Мысалы, Ұлытау өңірі — Еуразия даласындағы тарихқа, мәдениетке бай аймақ. Қазақ халқының басынан өткізген ұлы тарихи оқиғаларды жинақтаған және ұлы тұлғалар шыққан қасиетті жер. Ұлытау табиғатымен, ландшафтымен де тамсандырады. Осы өңірдің тарихын, мәдениетін және табиғатын сақтау, қорғау, ұрпаққа насихаттау, өзге елге таныстыру жұмысын жүзеге асырып отырған мәдени мекеме — «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы. Ол Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 29 қарашадағы № 466 Қаулысымен құрылды. 2015 ж. жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Негізгі мақсаты — тарихи-археологиялық ескерткіштер мен тарихи ландшафтарды қорғап, сақтау және насихаттау. Негізгі міндеттері: 1) Ұлытау тарихи-архитектуралық, археологиялық кешенінің тұтастығын қамтамасыз ету, оның тарихи орнын сақтау; 2) ғылыми-зерттеу, қайта қалпына келтіру жұмыстарымен қатар, арнайы этнографиялық, археологиялық, кешендік мамандандырылған

экспедициялар ұйымдастыру; 3) мәдени-ағарту, жарнамалық-ақпарат және баспа қызметтерін жүргізу. «Ұлытау» қорық-мұражайының қорғау аймағын жалпы көлемі 147246 гектар құрайтын 25 тарихи-мәдени кешендер құрайды. Аталған аймақта 200 кешеннен артық ескерткіштер саны орын алады. Ескерткіштер санын анықтау және төлқұжаттандыру жұмыстары үнемі жүргізіледі. Ұлытау ауданы аймағында 358 тарихи-мәдени ескерткіш төлқұжаттандырылған. Олардың ішінде 11 ескерткіш Республикалық маңызға ие: Айранбай, Мақат, Жошыхан, Алашахан, Болған ана, Басқамыр, Аяққамыр, Дүзен, Домбауыл, Кетебай, Лабақ мазарлары [12]. Бұл мұражай Ұлытау өңірінің бренді деп айтсақ, артық болмайды. Ұлытау өңірін ерекшелейтін, осы өңірге келген туристерді қызықтыратын және келуге қызықтыратын тағы бір құбылыс — «Хандардың жинақталған бейнесі» атты ескерткіш. Қазақ даласындағы барлық хандардың образы бір ескерткіште бейнеленіп көрсетілген. Бұл ескерткіш мұражай алдында өңірдің орталық алаңында орналасқан.

Сонымен, мұражай — әлеуметтік-мағыналық қызмет атқаратын адамдардың ортақ қызметін ұйымдастырудың қалыптасқан тұрақты формасын білдіретін әлеуметтік институт. Бұл жағдайда әлеуметтік институт қоғамның белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған рөлдер мен беделдердің жиынтығы ретінде қарастырылады және құндылықтарды, талғамдарды, білімді, қызметті және басқада қабілеттерді тәрбиелеуге атсалысады. «Мұражай — әр түрлі білімнің, идеалдардың, құндылықтардың, ұстанымдардың өзара әрекеттесу орны. Бұл ерекше сәйкестендіретін және әлеуметтендіретін құрал, осы арқылы әрбір адам өзінің қандайда бір құндылықтар, мәдениет жүйесіне, әлеуметтік топқа жататыны туралы ақпарат пен мәліметтерді алып қана қоймай салыстыра алады», — дейді ресейлік мұражайтанушы Ю.Э. Комлев [13; 87].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, аймақтың, белгілі бір орынның даму идеясы мәдениетпен айқындалады, ендеше, мұражайға мәдени орда ретінде үлкен міндет артылады. Ол тек өзінің өмір сүру кезеңдерін, жергілікті тұрғындар мен туристерге «мәдени демалыс» қызметтерін көрсетіп қана қоймай, ол есте қалатын жобалар мен акцияларды жасауы тиіс. Өз территориясының, аймағының имиджін жасау — мұражайдың қызметінің бірі.

Ең маңыздысы, мұражайларда әлемдік өркениеттің жалпы кеңістігіндегі халықтардың орналасқан жері туралы ойлануға мүмкіндік беретін, ерекше индикаторы болып саналатын тарихи мәліметтер жинақталады. Адамның қандай мұражайға келгені маңызды емес (себебі, әрбір кішкентай мұражай өз халқының естелігін сақтаушы болып саналады), бірақ мұражайда адам өзін толғандыратын сұрақтарға жауап ала алатындай болуы керек. Сонымен қатар зерттеушілер немесе сол ұлттың мәдениеті мен тарихына қызығушылық танытушылар мұражай экспозицияларын зерттеу арқылы, экспонаттар мен құжаттарды қарау арқылы сол аймақтың этнографиялық бейнесін жасай алатындай болуы тиіс. Подольск қаласының жаңа тарих мұражайының директоры Н.В. Зеленина өзінің мақаласында: «Егер адам мұражайға келіп тұрып, өзінің сол ұлттық мұраға қатысытылығын сезбесе, өз халқының тарихи өткен шағына деген мақтаныш сезімі оянбаса, келуші сол халықтың тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылық таныта алмас, онда мұражай кеңістігі дұрыс жұмыс істемейді, ол тек анықтамалық қалқан болып қала бермек», — дейді [14]. Мұражай халықтың мұрасын сақтау орны, естеліктер мен «образды» құрастырушы, тарихи үзінділерді көрсетуші, мәдени демалыс іс-шараларын ұйымдастырушы ретінде аймақтың имиджін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Аймақтың танымал болуы мұражайдың қызметінің нәтижелеріне байланысты.

Мұражай қазіргі кезде тарихи артефакттар мен жинақтарды сақтаушы қойма ғана емес, мұражай бүгін әр түрлі бағытта ғылыми, ағартушылық, мәдени жұмыстар жүргізілетін, кездесулер өткізілетін орын.

XX ғ. аяғы–XXI ғ. басынан бастап мәдениет «территорияның локомотиві» [15] ретінде қарастырыла бастаса, ал XXI ғ. «мәдениет – XXI ғ. жаңа экономикасы» ретінде қарастырылады. Ал мұражай әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік, мәдени үрдістермен ұштасқан аймақтың дамуының маңызды факторына айналды. Әрбір жергілікті мұражай өзінің атауында сол аймақтың, қаланың есімін қолданады, ендеше ол сол аймақтың немесе территорияның айқын, әлеуетті бренді.

Әлемдік мұраның қоры ретінде мұражайдың маңыздылығы ЮНЕСКО-ның ИСОМ бағдарламасы бақыланғалы бері барлық елдерде мұражайдың елдің мәдени дамуының маңызды факторы ретінде ерекше орын берілді. Қазақстан Республикасының мәдени-саяси тұжырымдамасындағы ұсыныстарды ескере отырып, елдің мәдени брендингін қалыптастыруда мұражайдың рөлінің ерекше екенін байқаймыз. Мысалы, шет елдеріне демалуға немесе іс-сапарға барған адамдар міндетті түрде әлемдік классикалық туындылар сақталған мұражайларға барады. Париждегі Луврға туристер атакты суретші Леонардо да Винчидің «Моно Лизасын» көруге, Амстердамдағы ұлттық мұражайға «Ночной

дозорды», Дрезденге «Сикстиндік мадоннаны» және т.с.с туындыларды тамашалауға барады. Бұлар шын мәнінде сол мұражайдың басқалардан ажырататын ерекшелігі. Сол туындыларды тамашалау арқылы олар барлық мұражайдың ішіндегі сол аймақтың немесе елдің материалды және рухани мәдениет туындыларына көз салады, танысады. Ол біртіндеп ауыздан ауызға тарау арқылы жарнамаланады.

Мұражай ақпараттық және коммуникативтік қызмет атқара отырып елдің, аймақтың имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады.

4. *Мұражай мәдени бастамаларға арналған алаң ретінде.* Қазақстандағы мұражай ісінің әрі қарай жүзеге асырылуына және еліміздің танымалдылығын қалыптастыруда, имидждік саясатты жүзеге асыруға үлесін қосушы мәдени институт ретінде жетілуіне негіз болып отырған келесі жоба, ол — Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған мәдени саясат тұжырымдамасы. Тұжырымдама бойынша «Қазақстан мұражайлары қазіргі форматқа сәйкес тарихи-мәдени мұраны кеңінен таныту мақсатында кітапхана, мұрағат, ғылыми мекемелердің өзара ынтымақтасып әрекеттесетін негізгі тірек орталығы болуы қажет» [16]. Көптеген жетекші елдер тәжірибесі аталған институттың зор әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктерін және ағартушылық белсенділікті арттыру, имидж бен туристік тартымдылықты қалыптастыру мәселелерінде оның әлеуетінің кең спектрін көрсетті. Мұражай бұл ғылым, білім, коммуникация, мәдени ақпараттар пен шығармашылық инновациялар орталығы ғана емес, ол мәдени бастамаларға арналған алаң ретінде қызмет атаруы тиіс.

Бұл бастамаға Орталық Азиядағы ең жас және ең үлкен мұражай болып саналатын Астанада орналасқан Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайын жатқызуға болады. Мұражай Елбасының тапсырысымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы» № 675 Қаулысы шықты. Мұражай еліміздің Бас алаңы – Тәуелсіздік алаңында орналасқан. Оның асқақ бірегей ғимараты осы маңдағы «Қазақ елі» монументімен, Тәуелсіздік сарайымен, Бейбітшілік және Келісім сарайымен, «Хазірет Сұлтан» мешітімен және Ұлттық өнер университетімен үйлесім тапқан.

Мұражай дүниежүзілік стандарттарға сәйкес жабдықтармен жаратандырылған, экспозициялар үшін заманауи көрме технологиялары: екі залға жұмыс істейтін арнайы контенті бар бірегей иілген экран, медиа еден, қазіргі Астананың орталық бөлігінің серпінді макеті, толып жатқан медиаэкрандар, галограммалар, диодты жарық LED-техника, сенсорлық дүңгіршектер, үш тілде ақпарат беретін мультимедиялық жолсерік пайдаланылады.

Мұражайда экскурсиялардың алуан түрлері — шолу және тақырыптық, философиялық экскурсиялар, интерактивті сабақтар мен ойын экскурсиялары түрінде арнайы бағдарламалар әзірленуде. Ұлттық музей заманауи санаткерлік мәдениет мекемесі болуға, Республиканың тарихи және мәдени мұрасын талдау, салыстыру, пайымдау, талқылау, ой-пікір айту және бағалау орнына айналуға тиіс. Осы заманғы музей — бұл келушілермен әрқашан да ашық бүкпесіз сұхбаттасу. Бұл музейде оның меймандарын тарихпен тілдесудің белсенді қатысушыларына айналдыруға қолдан келгеннің бәрі жасалған. «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты мұражайдың бөлімшесі болып табылады. Институт археологиялық зерттеу жұмыстарын, дәстүрлі мәдениетті зерттеу, тарихи-мәдени мұра нысандарына мониторинг және сараптама жүргізу, жәдігерлерді алғашқы қалпына келтіру мен жаңғырту жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы мәдени бастаулардың алаңы ретінде республикалық, халықаралық деңгейдегі мәдени іс-шараларды жүзеге асырады. Сонымен қатар жоғарғы оқу орындары студенттерінің тәжірибе алмасу алаңы болып табылады.

Бірақ өнер арқылы жастардың субмәдениетін (Эмо, Готтар, Стрэйт-Эйдж, Рокер, Рэпер және т.с.с.) жұмылдыруға бағытталған бірде бір жобалар мұражайларда қарастырылмады.

Қазіргі кездегі мұражайлардың миссиясы — келушілерді қызықтыратын іс-шаралар ұйымдастыру. Сол себепті ол мұраларды сақтап және таныстырып қана қоймай, ойын-сауық немесе интеллектуалды іс-шаралар өткізетін ашық орынға айналуы керек.

Сонымен, мұражай — бұл әр түрлі ұрпақтар, кәсіби тұлғалар, шығармашы тұлғалар, субмәдениеттер арасындағы ақпараттармен және құндылықтармен алмасу, мәдениетаралық өзара әрекеттесу, кездесу орны.

5. *Мұражай өмірлік стандарттың эталоны ретінде.* Бұл типке жанкешті, өз ынтасымен, бір адамның бастамасымен құрылған мұражайларды жатқызуға болады. Ол адам мәдени, тарихи артефакттарды жинақтаушы және сол өлекені зерттеуші. Осындай мұражайлардың бірі — Қарағанды облысының Жезді кентінде құрылған «Кен және балқыту ісінің тарихы мұражайы». Мұражайдың негізін қалаған майдангер, райком қызметкері Мәкен Төрегелдин. Ол өзінің өмірін сол өңірмен байланысты тарихты жинақтауға арнады. Жезқазған өңірімен байланысты материалды және рухани мұраларды жинақтады. Өзінің үйінде ағылшындардан қалған алғашқы кең өңдеу техникаларын жинады. Кең орындарынан шыққан алғашқы өнім түрлері мен жер асты мен үсіндегі алғашқы рудаларды да коллекциялады. Осы жинақтаған заттардың негізінде аспан астындағы мұражай деп аталатын «Кен және балқыту ісінің тарихы мұражайын» ашты. Мәкен Төрегелдин облыстық деңгейде өңірдің туристік бағдарын құрастырды: 1) Жезқазған–Жезді–Қарсақпай; 2) Жезқазған–Жезді–Ұлытау.

Қазіргі кезде Мәкен Төрегелдиннің ісін әрі қарай отбасы жалғастыруда. Мұражайдың тағы бір ерекшелігі, экспонаттардың бірі – балқыту пеші бүгінгі күнге дейін жұмыс жасайды. Мұражайға келушілер тұрмыстық және кәдесый ретіндегі объектілерді жасауға қатысып, өзімен бірге жасаған затын базарлық ретінде алып кетуіне болады.

Осы типке жататын екінші мұражай түрі — Жезқазған қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы Тарихи-өндірістік мұражай. Мұражай экспозициялары жергілікті өлкетанушылардың бастамасы негізінде құрылды. Мұражайды ашу үшін «Қазақмыс» компаниясы меценат ретінде қаржыландырды. Қазіргі кезде мұражай Жезқазған тарихы — «Қазақмыс» тарихы деген идеяны айқындайды. Бұл жазғанымыз қазіргі еліміздің дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында жасалып жатқан іс-шаралар стандартына сәйкес келеді. Ал енді өмірлік стандарт — бұл Батыс Еуропадан келген ұғым, тұтынушылардың сұраныстарына мен талаптарына сәйкес болу. Қазақстан мұражайларының кемшілігі, олар тек үкімет талаптарымен өмір сүреді.

Егер еліміздің басты тұжырымдамаларын негізге алатын болсақ, «Жаңа қазақстандық патриотизм» тұжырымдамасы М.Төрегелдиннің ісін қазіргі жастарға үлгі ретінде болады. Өз елінің тарихын жинау, соны әлемге таныту отансүйгіштік, патриотизм деп танылады.

XX ғ. соңғы жылдарынан бастап елдің тарихын қалыптастыруда, ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастыруда, тарихи етеліктерді сақтауда мұражайдың алатын орны мен атқаратын қызметі туралы тарихшылар, әлеуметтанушылар және мәдениеттанушылар көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Мұражай — тарихқа, білімге, ғылыми ізденіске, әлеуметтік тәрбиеге, материалды және рухани мәдениетке, құндылықтарға толы орда. Ендеше, мұражай елдің, аймақтың, сол жерде өмір сүретін халықтың бет-бейнесі деп айтсақ, артық болмас.

Сонымен, мұражай аймақтың танымалдылығын, яғни, имиджін қалыптастырушы ретінде, ол — мәдени орталық болуы керек, мәдени мұраны сақтаушы және тасымалдаушы институт, аймақтың көркін келтіретін, туристерді өзіне тартатын «инициатор», мәдени бастамаларға арналған алаң және өмірлік стандарттың «эталоны» болуы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Файзулина Г. Современный музей в Казахстане: вопросы, факты, мнения: сб. ст. / Г. Файзулина. — LAP Lambert Publishing, 2012. — 308 с.

2 Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібi: <http://www.madenimura.kz>

3 Лобанова В. Музей как фактор развития территории / В. Лобанова // Музей и регион / Отв. ред. А.В. Лебедев; сост. В.Ю. Дукельский. — М., 2011. — 156 с.

4 Шляхтина Л.М. Современная методология реализации образовательной функции музеев / Л.М. Шляхтина // Важский край: источниковедение, история, культура: исследования и материалы. — Вельск, 2004. — Вып. 2. — 126 с.

5 Каган М.С. Музей в системе культуры / М.С. Каган. Вопросы искусствоведения. — № 4. — 1994. — 458 с.

6 Сапанжа О.С. Современный художественный музей: на службе человечеству или человеку? [Электронный ресурс] / О.С. Сапанжа // В поисках музейного образа: материалы науч. конф. — СПб., 2007. — С. 392. — Режим доступа: <http://es-dejavu.ru>

7 Report of the Metropolitan new York Museum of Theodore Lowe, published in 1942. Retrieved from <http://articles.thewalters.org/theodore-low>.

8 Сапанжа О.С. Взаимодействие музея и посетителя: вопросы классификации / О.С. Сапанжа // Музей – зритель. XXI в.: материалы конф. к 80-летию науч.-просвет. отд. / науч. ред. О. Г. Махо. — СПб.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 2006. — 110 с.

- 9 Креймер Х. Цитадель авангардизма: Нью-Йоркский музей современного искусства / Х. Креймер // Америка. — 1981. — № 291. — С. 34–37.
- 10 Музей и этнология: серия электронных изданий Museum pro / Отв. ред. Е.Л. Галкина, Е.Е. Кузьмина, Н.А. Никишин. — Вып. 2.0. — М., 1997.
- 11 Құлбек Ерғөбек. Түркістан жинағы. — 1-т. — Түркістан, 2015.
- 12 Ұлытау өңірі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://e-history.kz/>
- 13 Комлев Ю.Э. Музей как социально-культурный центр региона / Ю.Э. Комлев // Аналитика культурологии. — Вып. № 20. — 2011. — С. 10–15.
- 14 Зеленина Н.В. Музей — социальный институт памяти как фактор формирования национальной идентичности. [Электронный ресурс] / Н.В. Зеленина, Е.В. Зеленина. — Режим доступа: [ukros.ru/wp-content/uploads/2015/08/зеленина\\_зеленина.doc](http://ukros.ru/wp-content/uploads/2015/08/зеленина_зеленина.doc)
- 15 Шелегина О.Н. Роль музеев в формировании и трансляции позитивного имиджа Сибирского региона / О.Н. Шелегина // Вестн. Томск. гос. ун-та. — 2011. — № 351. — С. 74–80.
- 16 Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы. — Астана, 2014. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000998>

К.С. Ермаганбетова, Синан Озбек

### Музей как инструмент формирования узнаваемости региона

На протяжении десяти-пятнадцати лет проблема музея и музейного дела становится актуальной. В статье рассмотрены место и роль музея в формировании имиджа региона. Одной из главных задач любой страны, как и Казахстана, является создание своего бренда, быть узнаваемым в мире. Подчеркнуто, что музеи Казахстана должны стать главным инструментом узнаваемости региона и страны, как Лувр, Эрмитаж и т.д. Чтобы определить роль и место музея в формировании имиджа региона, музей рассмотрен в пяти ракурсах: как культурный центр, как хранитель и трансформатор культурного наследия, как «инициатор» развития региона, как площадка культурных начал, как эталон жизненных стандартов.

*Ключевые слова:* музей, бренд, имидж, регион, культурное наследие, культура, современный музей, сохранение истории.

K.S. Yermaganbetova, Sinan Ozbek

### Museum as an instrument of region recognition

During the period of ten or fifteen years, the problem of museum and museum activity becomes relevant. This article discusses the place and role of the museum in shaping the image of the region. One of the main tasks of any country including Kazakhstan is to create your own brand in order to be recognizable in the world. Therefore, the author believes that Kazakhstani museums should become a major instrument of recognition of the region and the country, as the Louvre, the Hermitage, etc. In order to determine the role and place of the museum in shaping the image of the region, the author considers five perspectives of museum: museum as a cultural center; museum as a guardian and transformer of cultural heritage; museum as «initiator» of the development of the region; the museum as an area for cultural beginnings; museum as a reference of living standard.

*Keywords:* Museum, brand, image, region, cultural heritage, culture and the contemporary Museum, preservation of history.

### References

- 1 Faizulina, G. (2012). *Sovremenniy muzei v Kazakhstane: voprosy, fakty, mneniia* [Modern Museum in Kazakhstan: questions, facts, opinions]. LAP Lambert Publishing [in Russian].
- 2 *Kazakstan Respublikasynyn «Madeni mura» memleketik bahdarlamasy* [Government program «Madenimura» — Cultural heritage of Kazakhstan]. Retrieved from <http://www.madenimura.kz> [in Kazakh].
- 3 Lobanova, V. (2011). *Muzei kak faktor razvitiia territorii* [The Museum as factor of development of the territory]. *Muzei i rehiion — The Museum and the region*. A.V. Lebedev (Ed.); Y.V. Dukelskiy (comp.). Moscow [in Russian].
- 4 Shlyakhtina, L.M. (2004). *Sovremennaiia metodolohiia realizatsii obrazovatelnoi funktsii muzeev* [Modern methodology of realization of educational function of museums]. *Vazhskii krai: istochnikovedenie, istoriia, kultura: issledovaniia i materialy — The vazhsky Krai: chronology, history, and culture: studies and materials, 2*. Vel'sk [in Russian].

- 5 Kagan, M.S. (1994). Muzei v sisteme kultury [The Museum in the culture system]. *Voprosy iskusstvovedeniya — Questions of Art history*, 4 [in Russian].
- 6 Sapanzha, O.S. (2007). Sovremennyi khudozhestvennyi muzei: na sluzhbe chelovechestvu ili cheloveku? [Contemporary art Museum: in the service of humanity or the man?] Proceedings from In search of the Museum's image: *Nauchnaia konferentsiia — Scientific conference*. Saint Petersburg. Retrieved from <http://ec-dejavu.ru> [in Russian]
- 7 Report of the Metropolitan new York Museum of Theodore Lowe, published in 1942. Retrieved from <http://articles.thewalters.org/theodore-low>.
- 8 Sapanzha, O.S. (2006). Vzaimodeistvie muzeia i posetitelia: voprosy Klassifikatsii [The Interaction of Museum and visitor: questions of classification] Proceedings from Museum audience. XXI century: *Konferentsiia k 80-letiiu Nauch.-prosvet. otd. — Conference on the 80th anniversary of Scientific-clearance secession*. Saint Petersburg: Izdatelstovo gosudarstvennoho Ermitazha [in Russian].
- 9 Kreymer, H. (1981). *Tsitadel avanhardizma: Niu-Iorkskii muzei sovremennogo iskusstva [The Citadel of the avant-garde: the new York Museum of modern Art]*. America, 291 [in Russian].
- 10 *Muzei i etnolohiia: seriia elektronnykh izdaniu Museum pro [Museum and Ethnology: a series of electronic publications Museum pro]*. E.L. Galkina, E.E. Kuzmina, N.A. Nikishin (Ed.). Moscow, 1997, 2.0 [in Russian].
- 11 *Kulbek Ergobek. Turkistan zhinahy [Turkistan Collection]*. 1 t. Turkestan, 2015 [in Kazakh].
- 12 *Ulytau oniri [Ulytau — the cradle of the nation]*. Retrieved from <http://e-history.kz> [in Kazakh].
- 13 Komlev, Yu.E. (2011). Muzei kak sotsialno-kulturnyi tsentr rehiona [The Museum as a socio-cultural center of the region]. *Analitika kulturolohii — Analytics of cultural science*, 20 [in Russian].
- 14 Zelenina, N.V., & Zelenina, E.V. *Muzei — sotsialnyi institut pamiati kak faktor formirovaniia natsionalnoi identichnosti [Museum — Institute of social memory as a factor of formation of national identity]*. Retrieved from [ukros.ru/wp-content/uploads/2015/08/зеленина\\_зеленина.doc](http://ukros.ru/wp-content/uploads/2015/08/зеленина_зеленина.doc) [in Russian]
- 15 Shelegina, O.N. (2011). Rol muzeev v formirovanii i transliatsii pozitivnoho imidzha Sibirskoho rehiona [The Role of museums in shaping and broadcasting the positive imiglucerase region]. *Vestnik Tomskoho gosudarstvennoho universiteta — Bulletin of the Tomsk state University*, 351 [in Russian].
- 16 *Kazakstan Respublikasynyn madeni saiasat tuzhyrymdamasy [The Concept of cultural policy of the Republic of Kazakhstan]*. Astana, 2014. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000998> [in Kazakh].

Zh.A. Karsybayeva

*Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan  
(E-mail: karsybayeva1981@mail.ru)*

## **Housing terms of cities of Central Kazakhstan in 1960–1970**

This article considers the development of housing, provision of housing for the urban population of Central Kazakhstan in the 1960–1970-s years. The author, indicating the growth of population in the cities in connection with rapid development of production, determines the problems encountered in providing housing for people. The author shows the failings in the work of local authorities in the management of housing in the towns and cities of Central Kazakhstan, also analyzes the condition of housing and the administrative buildings in the cities. Showing the amount allocated for this industry, analyzes the process of housing, cultural-household, municipal construction and improvement. Evaluates the politics of the Soviet government in the sphere of social security of the population.

*Keywords:* Central Kazakhstan, urban population, Soviet government, municipal construction, development of housing, cultural-household, municipal construction, improvement, social security of the population, administrative buildings, industry, population, city, reform, Soviet everyday life, living standards, history.

- 17 EU restrictive measures. Brussels: Council of the European Union - Press Office. Retrieved from [http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms\\_data/docs/pressdata/EN/foraff/135804.pdf](http://www.consilium.europa.eu/uedocs/cms_data/docs/pressdata/EN/foraff/135804.pdf)
- 18 Christie, E. Sanctions after Crimea: Have they worked? // *NATO Review magazine*. Retrieved from <http://www.nato.int/docu/Review/2015/Russia/sanctions-after-crimea-have-they-worked/EN/index.htm>.
- 19 *Informatsiia o sotsialno-ekonomicheskom polozenii Rossii [The Federal State Statistics Service (Rosstat)]*. Retrieved from [http://www.gks.ru/free\\_doc/doc\\_2015/info/oper-12-2015.pdf](http://www.gks.ru/free_doc/doc_2015/info/oper-12-2015.pdf). [in Russian].

Н.Г. Шаймердинова

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
(E-mail: nurila1607@mail.ru)*

## Тюркские народы Казахстана: гагаузы, их история, язык, традиции

В статье рассмотрены истоки этногенеза гагаузов, проживающих в Республике Казахстан, причины их миграции в Казахстан, места локального проживания, их численность и вероисповедание. Раскрыто влияние тюркских (в т.ч. турецкое), славянских народов на язык, культуру, жизнь гагаузов. Исследованы системные особенности гагаузского языка, владение гагаузами родным и другими языками, в том числе казахским, знание гагаузами своих обрядов, обычаев, устного народного творчества. В качестве иллюстрации приведен текст стихотворения молодого поэта-гагауза, проживающего в настоящее время в Республике Казахстан.

*Ключевые слова:* гагаузы, история, миграция, Казахстан, проживание, численность, религия, язык, системные особенности, обычай и обряды, творчество.

Изучение истории, этногенеза, культуры, языка гагаузов стало объектом исследования российских востоковедов с середины XIX в. В.В.Радлова, П.И.Кеппена, Н.К.Дмитриева, Н.С.Державина, Л.Б.Берга, болгарских ученых К.Ирчека, Г.Занетова, Л.Милетича, Д.Гаджанова, польского востоковеда Т.Ковальского. В Республике Казахстан язык компактно проживающих гагаузов изучал известный тюрколог А.С.Аманжолов. В рамках международного проекта «Взаимодействие истории, культуры, языка тюркских народов в постсоветском Казахстане» участники проекта, а также обучающиеся и ППС кафедры тюркологии, проведя анкетные опросы, исследовали историю переселения гагаузов в Казахстан, а также язык, культуру и их адаптацию в условиях Казахстана (Н.Шаймердинова, И.Невская, С.Тажибаева, К. Шенинг).

Этногенез гагаузов исторически, возможно, восходит к кимако-кыпчакским государствам XI–XIV вв., сыгравшим свою историческую роль в развитии и формировании государств тюркских народов. Описывая этнический состав Дешт-и-кыпчакского государства в предмонгольскую эпоху, историки отмечают, что наряду с довольно древними племенами, входившими ещё в состав кимакского союза племен (йемек) или существовавшими самостоятельно, таких как (баджна-печенеги, башкиры, уз-гузы, манкуроглы), встречаются и новые этнические племена [1; 267].

По арабским источникам в XIV в. кыпчакская конфедерация представляла собой конгломерат тюркских народов — крупных и мелких. К крупным относились «баргу, токсоба, итоба, барат, альрас, к мелким — таг, башкурт, куманку, бузанку, баджна, караборикли, уз, шортан» [цит. по Ахинжанову, 1; 267].

Из изложенного выше следует, что в кимакской конфедерации и позже — в образовавшемся на её базе кыпчакском государстве могли быть предки гагаузов (*уз-гузы, узы*).

Один из исследователей этногенеза гагаузов В.А.Мошков полагает, что гагаузы являются потомками узов или торков, уже в XI–XII вв. принявших православие от русского народа вместе с остатками печенегов, берендеев и других тюркских племен, известных в русских летописях под именем «черных клобуков», вероятно, за черные шапки, которые они носили [2; 12].

Энциклопедические источники подтверждают наши предположения, отмечая, что гагаузы в большинстве своем являются потомками средневековых тюрков, в частности, узов или торков, воспринявших элементы славянской (болгарской) культуры [3; 624].

Вследствие передвижения тюркских (кыпчакских) племен на запад, в бассейн реки Дуная, гагаузы осели в Болгарии, Румынии. Неблагоприятные политические, социальные, экономические условия, созданные Османской империей на территории некоторой части Восточной Европы, вынудили большую часть гагаузов в XVIII–XIX вв. переселиться из северо-восточной Болгарии на территорию современной Молдавии (особенно после русско-турецкой войны 1828–1829 гг.).

Постепенно поселения гагаузов продвигались в южные районы Украины, в Крым, на Кавказ. После столыпинской реформы в 1908–1914 гг. часть колонистов-гагаузов была поселена царским правительством в Казахстане. По Всесоюзной переписи 1926 г. на территории Казахстана были заре-

гистрированы 830 гагаузов [4; 81]. По переписи 1970 г. в Советском Союзе (включая Казахстан. — *ремарка наша*) проживали 157 тыс. гагаузов, за рубежом — 5 тыс. человек [3; 624].

По мнению А.С.Аманжолова, к шестидесятым годам XX в. на территории Казахстана гагаузы проживали группами по несколько десятков человек, в основном в Семипалатинской области (в селах Кокпекты, Романовка, Прохладное, Ивановка, Буконь Кокпектинского района, в селе Георгиевка Жарминского района, в Чарском, Аксуатском, Аягузском, Урджарском районах), а также местами и в Актюбинской, Целиноградской, Кустанайской и Павлодарской областях. Отдельные гагаузские семьи живут и в других областях Казахстана, а также в Ташкентской области Узбекистана [5; 219]. По данным последней переписи населения 2009 г. в Республике Казахстан проживают 493 гагауза [6].

В рамках Международного проекта нам удалось установить контактные связи с гагаузами Северо-Казахстанской области, Кокпектинского района Семипалатинской области, болгарскими-гагаузами села Болгарка в Актюбинской области, а также с гагаузами, проживающими в городах Алматы, Астана, Павлодар, Семипалатинск, Туркестан. В суверенном современном Казахстане гагаузы оказались в силу указанных выше причин: историческое переселение в начале XX в., либо личные обстоятельства (создание семьи), либо трудовая деятельность и учеба в Республике Казахстан. Ярким примером сказанного является история жителей села Болгарка Алгинского района Актюбинской области [7]. В 1908 г. первые переселенцы из Бессарабии — Федор и Натальи Колтуклу, Георгий и Миланья Кирчигло — прибыли в Каратаусай, где в двух километрах от села основали свое поселение, назвав его Болгарским. На телегах и подводах, нагруженных домашним скарбом, добирались сюда переселенцы больше месяца. Лошадей не было, а потому повозки тянули коровы. Члены этих больших семей вырыли землянки и стали обживать плодородные земли. Первым испытанием для них стала суровая казахстанская зима, но, помогая друг другу, они научились мужественно побеждать холод. Спустя время сюда приехали семьи Гармаш, Баловых, Молочлы, Чавдаря, Дмитриевых, Трифионовых [7].

Как говорили тогда казахи, прибывшие, «хотя и называли себя болгарскими, но говорили на нашем языке» (т.е. языке, близком казахскому языку), и казахи хорошо их понимали. Вместе с казахским народом болгары-гагаузы пережили все невзгоды и трудности Советской власти: период коллективизации, трагедии и победу в Великой Отечественной войне, послевоенную разруху, голод, строительство новой жизни. «Поскольку болгары-гагаузы были исконные огородники, они начали организовывать бригады полеводов, выращивали картофель и овощи. Каратаусайцы до сих пор с ностальгией вспоминают о труде знатных садоводов — Федора Колтуклу и Николая Балова. Именно Федор Колтуклу первым в селе развел клубнику и угощал земляков особым лакомством — клубничным вареньем, а Николай Балов в своем саду посадил виноградную лозу, привезенную с исторической родины. До войны дома болгар в селе узнавали сразу, потому что вокруг них обязательно были разбиты фруктовые сады и огородные участки. Благодаря представителям этой национальности коренные жители узнали о баклажанах и сладком перце, научились выращивать различные пряности и добавлять их в еду, стали собирать урожай груш, яблок. Некоторые из болгар освоили профессии механика и строителя. Так, под руководством прораба Павла Чавдаря в селе были построены животноводческая ферма, школа, клуб, целая улица домов колхоза «Красный пахарь». Братья Николай и Павел Молочлы стали трактористами. Елена Колтуклу была членом правления колхоза, ее не раз избирали депутатом сельского совета, а ее сын Николай окончил медицинский институт и работал врачом» [7].

В отличие от многих тюркских народов по вероисповеданию гагаузы — православные, в домах держат иконы. Тем не менее отмечается влияние ислама, гагаузы празднуют Курбан байрам, Ораза байрам. Так, участница социологического опроса Кристина Тоймалы (г. Астана, 22 года) пишет в анкете, что по вероисповеданию христианка: «если Пасха, печем куличи и идем в церковь. Если праздник Курбан байрам, готовим национальные казахские блюда». Некоторые гагаузы, проживающие в республике, исповедуют ислам. «*Хожу в медресе, молюсь, выполняю все обряды во время Курбан байрама*», — отмечают респонденты Юрий, Али [8].

В наших исследованиях в графе «национальность» по документам (паспорту) гагаузы суверенного Казахстана записаны как гагаузы, однако раньше по документам многие из них записывались как болгары. Об этом говорят жители сел Болгарка и Кокпекты (Валентина Васильевна, Стефанида Николаевна). По этническому самоопределению почти 90% из опрошенных считают себя гагаузами и только два молодых человека из Алматы и Астаны (в возрасте 26 и 22 лет) назвали себя «космополитами».

Этнический состав гагаузов претерпел влияние, с одной стороны, славянских народов — болгар, поляков, русских; с другой — тюркских народов — турков, азербайджан, казахов (в историко-социальном и языковом аспектах).

Указанные процессы ассимиляции отразились в культуре, семейно-брачных отношениях. У гагаузов старшего поколения (за 50 лет и старше) 90% отцов и матерей — этнические гагаузы, и только 8–10% — русские (либо мать, либо отец). У гагаузов второго поколения больше смешанных браков, и они женаты или выходят замуж за болгар, немцев, русских, украинцев, казахов, татар. Ассимиляционные процессы ярко проявляются в антропонимах. Так, фамилии гагаузов могут быть гагаузские — *Колтуклу, Кичогло, Молочлы, Гармаш, Дергишан, Чавдаря, Терза, Костандогло, Михул*; славянские: болгарские — *Петкова, Манов, Балов, Дмитриев, Дядова, Крепов, Дымов, Ониськова, Добрев*; русские и украинские — *Трифонов, Красникова, Пантелеев, Попов, Васильева, Виничук, Гаенко, Ерошенко*; тюркские — *Узунов, Омаров, Касаджык, Демироглы, Тоймалы, Каирбекова* и др. Имена в основном славяно-русские: Миланья, Стефанида, Мара, Ратмир, Елена, Надежда, Нина, Софья, Валентина, Зоя, Мара, Алексей, Николай, Анатолий и т.д.

Большое влияние на социальную и этнокультурную жизнь гагаузов оказали турки, особенно во время завоеваний ими балканских народов — болгар, гагаузов, македонцев и др. Как отмечают исследователи, многие гагаузы забыли болгарский язык в силу того, что турки запрещали на нем говорить. Сами гагаузы считают, что и этноним «гагауз» является прозвищем, данным турками. А.С.Аманжолов приводит иллюстрации из беседы с гагаузами — жителями Семипалатинской области Казахстана. Народная этимология гласит: а) *гаганы тут уз* — «держи клюв прямо», — так говорили турки, когда били болгар по лицу (с. Кокпеты, сообщил И.И. Карагуяров, 55 лет); б) *гага уз* — «клюв прямой» — так называли болгар, говорящих по-турецки, в отличие от горбоносых турок (с. Романовка, сообщила Н.А.Пантелеева, 56 лет) [5; 221].

Известно, что гагаузский язык относится к огузской группе тюркских языков, сами гагаузы называют свой язык «*турк дили*». Несмотря на ассимиляционные процессы, все опрошенные гагаузы (100 %) в качестве родного языка называют гагаузский язык. Старшее поколение (от 50 лет и выше) владеют гагаузским языком благодаря использованию его в кругу семьи или изучению его в садике, начальной или средней школе (в основном переселенцы из Молдавии). В интервью жительница села Кокпеты Стефанида Николаевна Дядова, 79 лет (по мужу Виничук) говорит, что гагаузцы ее поколения — Нина Попова (80 лет), София Михайловна Бочкова (66 лет), Валентина Васильева (64 года), Надежда Александровна Красникова (61 год), Анатолий Кивилоглов (69 лет), Зоя Бойкова (70 лет), Мара Дергишан (66 лет) владеют языком и говорят на гагаузском. Дети Стефаниды Николаевны (двое сыновей и дочь) также владеют гагаузским благодаря своей бабушке; 5 внуков и 8 правнуков не знают гагаузского (*село Кокпеты, интервью от 3.03.2017*). Таким образом, молодое поколение гагаузов в Казахстане не владеет или плохо владеет гагаузским языком, но владеет на определенном уровне казахским языком. На вопрос анкеты (вопрос Е-20) «*Понимаете ли Вы значение слов «Ак Орда», «Байтерек», «Мажилис», «мажилисмен», «Хабар», «аким», «наурыз», «наурыз коже»?* 100 % респондентов отвечают: «Да». [8]. Подобные ответы определяют владение и отношение к казахскому языку многочисленных народов, проживающих в Казахстане, в т.ч. и гагаузов. В целом гагаузы доброжелательно относятся к казахам, знают казахскую культуру, традиции, кухню, охотно дружат с казахами, русскими, азербайджанцами, украинцами, проживающими в Казахстане и не собираются мигрировать в другую страну.

Многие гагаузы проживали и проживают в русскоязычной среде, изучали русский язык в садах, школах, колледжах и вузах. 93% опрошенных респондентов-гагаузов активно используют русский язык во всех функциональных сферах, на работе, дома. Однако в перспективе 99% респондентов-гагаузов желают владеть родным языком, изучать его в воскресных школах, в начальных и средних школах, в средних специальных учебных заведениях, смотреть на гагаузском языке спектакли и телепередачи, слушать радио (вопрос Е - 18).

Гагаузский язык по своей языковой системе близок к турецкому языку. На наш взгляд, основные особенности гагаузского языка в фонетической системе сводятся к следующему: дифтонгизация гласных верхнего и среднего подъема, функционирование вторичных долгих гласных, сильная палатализация основного корпуса согласных в сочетании с переднеязычными гласными; в синтаксисе, в отличие от турецкого языка, свободный порядок слов в предложении.

А.С.Аманжолов выделяет ряд особенностей гагаузского языка:

1) гласный **э** в безударном положении обычно переходит в **е**: *бэн* (я) — *бени* — (меня), *гежэ* (ночь) — *гежелар* (ночи) и др. Следует, однако, отметить, что это явление широко представлено в чадырлунгском и комратском говорах;

2) сочетания **нл, мл** переходят в **нн**: *оланнар* — юноши, *инсаннар* — с людьми, *адамнан* — с человеком, *аннады* — понял;

3) гласные переднего ряда **е, и, ө, ү, э** в начале слова иногда произносятся как йотированные: *йев* — дом, *йөрдек* — утка, *йүст* — верх;

4) гласные **ө, о** в 1-м слоге произносятся обычно как дифтонг **уо, үө**: *уон* — десять, *уонун* — его, *сүөйды* — он говорил;

5) наличие нескольких форм настоящего времени, которые дифференцируются по говорам: **-(а)йор, -ыйр, -ийр, -эр, -йар, -ый, ий**: *алэр* - берет, *ойнаээр* — играет, *гөрер* — видит;

6) наличие грамматического женского рода с аффиксом **-ка, -йка**, заимствованного из славянских языков: *врачка* — женщина-врач, *чингенейка* — цыганка, *булгарийка* — болгарка, *чорбажыйка* — хозяйка;

7) наличие синтезировавшегося послелого (й)лан, (й)лэн, (й)нан, (й)нэн (в турецком литературном языке *-ile, -la, -le*): *алмайлан* — с яблоком, *екмеклэн* — с хлебом, *чобаннан* — с пастухом, *чизмемнэн* — с моим сапогом, *оннар чыкыйнан* — как только они вышли;

8) тюркский порядок слов в предложении под влиянием славянских языков нарушился, а относительная свобода порядка слов, широкое употребление инверсии в гагаузском языке используются как стилистический прием [5; 224]. Указанные языковые особенности в фонетическом, морфологическом, синтаксическом уровнях языка, на наш взгляд, характерны и для казахстанских гагаузов в их речевой деятельности.

На вопрос о знании устного народного творчества — пословиц (*сөйлеши*), сказок (*масаллар*), песен (*турку*), легенд, исторических поэм — 30 % (в основном молодежь) ответили, что не знают устное народное творчество и 70 % гагаузов знают: сказки «Оглан», «Пеперчу» (сказка о мальчике величиной с перец), историческую легенду «Узун Кирлан» («Длинный караван»), эпосы «Кероглы», «Карагез», роман Н.Греса «Старатели Буджака».

Гагаузы, проживающие в Казахстане, сохраняют свои национальные праздники, такие как «Касын», «День Дмитрия». Праздник «День Дмитрия» — сугубо этнический праздник. Отмечают его широко, накрывают столы, собираются семьями, приезжают народные певцы, устраиваются концерты. Болгары-гагаузы — гостеприимный и трудолюбивый народ. Они умели работать, не разгибая спины, и отдыхать с музыкой. Валентина Антоновна Терза, жительница села Болгарка Актюбинской области, рассказывает: *«раньше каждую субботу болгары-гагаузы приглашали поочередно к себе в гости. У них соблюдался такой обычай, что в течение недели все честно трудятся, не прикасаясь к спиртному, а в субботу организуются посиделки с песнопениями, плясками, напоминающими о своей далекой солнечной стране. Болгары — искусные музыканты, они играли на баяне, мандолине, бубне. Как правило, народный праздник заканчивался в четыре часа утра. В воскресенье следовал отдых. И снова с понедельника по пятницу — на работу. Диаспора жила в селе дружной единой семьей, — подчеркивает Валентина Антоновна. — Накрывался всегда общий стол, каждый нес из дома какое-нибудь национальное блюдо»* [7].

Современные гагаузы соблюдают свои традиции, обычаи, ритуалы. К таким обрядам относятся обряды «Додола», «Переруда», «Герман»; обряд вызывания дождя; обряды новорожденных, свадебные обычаи. Как отмечают респонденты, *«во время сватовства будущая невестка готовит всем кофе, а жениху подает его с солью. Если же он выпивает кофе спокойно и сразу, значит, также и все тяжелые моменты жизни он преодолеет легко и просто»* [8]. Особенно трепетно гагаузы относятся к рождению ребенка. Близкие и родственники приносят новорожденному подарки и особенные хлеба, которые называются малые питы. Когда ребенок немного окрепнет и подрастает, мать зовет гостей уже на большую питу [7].

Многие гагаузы для сохранения национальной культуры, национальной идентичности, языка хотят создания в г. Астане этнокультурного гагаузского центра. Подобный культурный центр «Береслава» создали болгары-гагаузы 25 сентября 2009 г. в селе Каратаусай Актюбинской области (на фото члены Центра вместе со своими казахскими друзьями).



Среди молодежи гагаузов немало патриотов, желающих знать свой исчезающий язык, традиции, культуру, о чем свидетельствует стихотворение молодого гагауза-студента, напечатанного в Туркестане 15 марта 2014 г. в газете "Ясави газетаса". Стихотворение также было опубликовано в Молдавии в газете "Единая Гагаузия". Стихотворение написано на турецком языке, но, как отмечает сам автор, есть версия его на родном гагаузском языке.



*Sevdim seni Gagavuzya / Люблю тебя, моя Гагаузия*

Sevdim seni Gagavuzya  
Hiçbir zaman seni unutmam  
Askerlik yapmadan durulmaz  
Durulmaz karşı düşmana  
Ki ben bir gün duracağım karşısında

Gece gündüz bu türküyü çalarım  
Hep sen benim aklımda  
Sevdim seni bir çiçek gibi  
Kokun yüreğimde kaldı

Люблю тебя, моя Гагаузия.  
Никогда тебя не забуду.  
Иду я в армию,  
Чтобы с врагами твоими  
Бороться до конца.

День и ночь я тебя воспеваю.  
Всегда ты в памяти моей  
Как цветы тебя люблю,  
Чудесные запахи твои в сердце моем.

Ne zaman baksam yıldızlara	Наблюдая за ночными звездами,
Benden o kadar uzaktasın	Знаю, что далек от родины своей.
Aslında bana o kadar yakınsın	Но ты мне близка и дорога,
Çünkü burası da benim memleketim	Потому что это моя страна!
Çünkü burası da benim!	Потому что это земля моя!

**Vitali Demiroğlu***(перевод на русский язык Н.Г.Шаймердиновой)*

Как видно из текста, стихотворение патриотическое. Не будучи профессиональным поэтом, автор смог выразить свою любовь к Родине — Гагаузии, к родной земле, готов защищать ее от врагов и воспевать ее день и ночь. В то же время стихотворение очень лиричное — слова «цветы», «чудесные запахи», «ночные звезды», «светлая грусть» передают особую авторскую тональность всему тексту.

Народ, который имеет таких сыновей, имеет, несомненно, будущее, несмотря ни на что.

## Список литературы

- 1 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана / С.М. Ахинжанов. — Алматы: Ғылым, 1995. — 296 с.
- 2 Мошков В.А. Гагаузы Бендерского уезда. Этнографические очерки и материалы / В.А. Мошков // Этнографическое обозрение. Кн. XLIV. — М., 1990. — С. 7–15.
- 3 Большая советская энциклопедия: в 30 т. — Т. 5. — М.: Изд-во Сов. энцикл., 1971. — 639 с.
- 4 Державин Н.С. О наименовании и этнической принадлежности гагаузов / Н.С. Державин. — Советская энциклопедия. — № 1. — М., 1937. — С. 80–87.
- 5 Аманжолов А.С. Опыт изучения тюркских языков / А.С. Аманжолов. — Астана: Фолиант, 2012. — 400 с.
- 6 Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 г.: стат. сб. — Астана, 2010.
- 7 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [www.avestnik.kz/?p=20759](http://www.avestnik.kz/?p=20759)
- 8 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [www.tuyrki.weebly.com](http://www.tuyrki.weebly.com)
- 9 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [www.tmk.kz](http://www.tmk.kz)

Н.Г. Шаймердинова

### Қазақстанның түркі халықтары: гагауздар, олардың тарихы, тілі, дәстүрі

Мақалада Қазақстан Республикасында тұратын гагауз халқы шығу тегінің бастаулары, олардың Қазақстанға көшуінің себептері, тұрып жатқан мекендері, саны және діні қарастырылған. Сонымен қатар түркі (соның ішінде түрік) және славян халықтарының гагауздардың тіліне, мәдениеті мен өміріне әсер етуі зерттелген, гагауздардың тіл жүйесіндегі ерекшеліктері зерделенген, олардың ана тілін және басқа да тілдерді, соның ішінде қазақ тілін меңгерулері де зерттеу нысанына алынған. Мақалада гагауз халқының өз салт-дәстүрлерін, халық ауыз әдебиетін білетіні байқалды. Және де қазіргі кезде Қазақстан Республикасында тұратын гагауз халқының жас ақынының өлең жолдары келтірілген.

*Кілт сөздер:* гагауздар, тарих, қоныс аудару, Қазақстан, мекендеу, халық саны, дін, тіл, жүйелік ерекшеліктер, салт-дәстүр, шығармашылық.

N.G. Shaimerdinova

### Turkic peoples of Kazakhstan: gagauzians, their history, language and traditions

The article is devoted to the Gagauz, living in the Republic of Kazakhstan — is considered the origins of the ethnogenesis of the people, the causes of their migration in Kazakhstan, a local place of residence, and the number of their religion; reveals the influence of Turkic (including Turkish), the Slavic peoples' language, culture and life of the Gagauz; We investigate the system features of the Gagauz language, possession of native and other languages, including Kazakh; has been noted Gagauz knowledge of their rites and customs, folklore; illustrated poem lyrics of the young poet- Gagauz, residents in the present time in the Republic of Kazakhstan.

*Keywords:* Gagauz, history, migration, Kazakhstan, residence, population, religion, language, system features, customs and rituals, creativity.



## References

- 1 Akhinzhanov, S. (1995). *Кыпчакы в истории средневекового Казахстана [Kypchaks in the history of medieval Kazakhstan]*. Almaty: Gylym [in Russian].
- 2 Moshkov, V.A. (1990). Hahauzy Benderskoho uezda. Etnohraficheskie ocherki i materialy [Gagauz of Bendery Uyezd. Ethnographic essays and materials]. *Etnohraficheskoe obozrenie. Kn. XLIV — Ethnographic Review. Book. XLIV*. Moscow [in Russian].
- 3 *Bolshaia Sovetskaia Entsiklopediia v 30 tomakh [Great Soviet Encyclopedia in 30 volumes]*, 5. Moscow: Izdatelstvo «Sovetskaia entsiklopediia», 1971 [in Russian].
- 4 Derzhavin, N.S. (1937). O naimenovanii i etnicheskoi prinadlezhnosti hahauzov [On the name and ethnicity of the Gagauz]. *Sovetskaia entsiklopediia — Soviet Encyclopedia*, 1. Moscow [in Russian].
- 5 Amanzholov, A.S. (2012). *Opyt izucheniia tiurkskikh iazykov [Experience of studying Turkic languages]*. Astana: Foliant [in Russian].
- 6 Natsionalnyi sostav, veroispovedanie i vladenie iazykami v Respublike Kazakhstan. Itohi natsionalnoi perepisi naseleniia 2009 h. [National composition, religion and language proficiency in the Republic of Kazakhstan. Results of the National Population Census of 2009]. *Statisticheskii sbornik — Statistical collection*. Astana, 2010 [in Russian].
- 7 Retrieved from [www.avestnik.kz/?p=207598](http://www.avestnik.kz/?p=207598) [in Russian]
- 8 Retrieved from [www.tyrki.weebly.com](http://www.tyrki.weebly.com) [in Russian]
- 9 Retrieved from [www.tmk.kz](http://www.tmk.kz) [in Russian]

М.Ы. Ыбырайхан, Қ.С. Өскембаев

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: marat\_19.93@inbox.ru)*

## **XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы Орталық Қазақстандағы металлургия және тау-кен саласындағы жұмысшылардың жағдайы**

Мақалада аталған кезеңде Орталық Қазақстандағы металлургия және тау-кен саласындағы жұмысшылардың хал-ахуалы қарастырылған. Төңкеріске дейінгі, кенестік және тәуелсіз Қазақстан жағдайында жарық көрген авторлардың осы аталған мәселеге байланысты еңбектері сараланып, пайдаланылған. Авторлар статистикалық материалдар арқылы жұмысшылардың сандық құрамын көрсетеді және олардың жағдайы жайлы баяндайды. Замана кезеңдеріне сәйкес күнделікті өмірдегі сол заманның куәгерлерінің естеліктері де келтірілген. Әсіресе қарастырылып отырған уақыттағы өндіріс орындарында қызмет қылған техникалық мамандар мен басқа да лауазымды адамдар жайлы тарихи құжаттар мен мәліметтер өте маңызды.

*Кілт сөздер:* Орталық Қазақстан, металлургия, тау-кен, жұмысшылар, Спасск, Қарағанды, Жезқазған, көмір өнеркәсібі, мыс балқыту, шахта, концессионер, жалақы, Успен, Қарсақпай, Тобыл-Ақмола округі, Попов, Рязанов, Тимме, Нельсон Фелль, капиталистер.

XX ғ. басында Ресей патшалығының отары ретіндегі Қазақстанда, негізінен, өнеркәсіптің екі саласы, яғни тау-кен өндірісі мен кен-зауыт өнеркәсібі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал өнімдері өнеркәсібі дамиды. Әсіресе тау-кен өнеркәсібі түсті металдар мен темірдің бай кен орындарын пайдаланып жатқан Алтай мен Орталық Қазақстанда өркендеді. Мыс, алтын, темір және басқа қазба байлықтарын шығаратын еліміздің тау-кен кәсіпорындары XIX ғ. орыс буржуазиясының қолында болса, XX ғ. басында, негізінен, шетелдік Германия, Англия, Франция, Австрия және АҚШ-тың акционерлік қоғамдарының қолына көшті. Шетел капиталының енуінің негізгі себептері, біріншіден, бәсекелестіктің болмауы; екіншіден, арзан жұмыс қолының жеткілікті болуы; үшіншіден, пайдалы қазбалардың бай кен орындары; төртіншіден, оңай пайда көзінің болуы.

XIX ғ. екінші жартысынан бастап өнеркәсіп саласында жедел жүргізілген өзгерістерге байланысты еңбек етушілерді қанау жаңа қарқын алды, сол себептен еңбекші халықтың кедейленуі жүрді. Әлеуметтік тұрғыдан өлкенің жұмысшыларының жағдайы Ресейдің өнеркәсібі дамыған аудандарымен салыстырғанда әлдеқайда ауыр болды. Оған кәсіпорын қожайындарының өктемдігімен белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығы себеп болды. Жұмысшылар қатары кедейленген қазақ көшпелілері мен қоныстанушы шаруалармен, қолөнершілер, қала кедейлері, төменгі әскери шенділер мен Ресейдің орталық аудандарынан келген мамандармен толығып отырды және олар біртіндеп тұрақты жұмыскерлер тобын қалыптастырды.

Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында халықаралық нарықта және Ресейде металдың бағасының күрт өсуі тау-кен ісіне үлкен қызығушылық туғызды. Бұл жалпы елде, сонымен қатар қазақ даласында тау-кен ісі мен металлургияның жаңа қарқынмен қайта жандануына алып келді. Бұл жанданудың нәтижесі кен орындарын жедел іздеу және барлаудан, сонымен қатар шағын зауыттардың пайда болуы немесе қайта іске қосылуынан көрінді. XIX ғ. соңы – XX ғ. басында Қазақстандағы жұмысшы табының өсуі байқалады. А.Н. Нүсіпбековтің есебі бойынша, 1902 ж. өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылар саны 25392 адам, олардың ішінде өңдеуші өнеркәсіпте — 7297 және тау-кен өнеркәсібінде 18095 адамды құраған.

Қазақ КСР Статистикалық басқармасының мәліметтеріне сүйенсек, 1913 ж. ірі өндіріс орындарындағы жұмыскерлер саны 19851 адамды құраған, оның ішінде маңызды салалар бойынша еңбекшілер құрамы төмендегідей: тас көмір — 529, мұнай өндіру — 642, түсті металлургия (түсті металл кендерін өндірумен бірге) — 6790, химия — 59 [1; 60].

Жоғарыда аталған сандарға байланысты мына жайды ескерген жөн. Қазақстан өндірісіне байланысты дереккөздерді қарастыру барысында кейде жеке өндіріс орындарының мәліметтерінде статистикалық басқарманың деректерімен қайшы тұстары кездеседі. Қазақ жерінде жұмыс жасаған жергілікті халық өкілінің саны мен еңбек жағдайы туралы мәліметтерді әр түрлі дереккөздерден алуға болады. Сол деректердің негізгілеріне тоқталсақ, Спасск мыс балқыту зауытында 1895–1900 жж. қазақтар жұмыскерлердің жалпы санының 57 %, кеніштерде — 61, Қарағанды көмір кенішінде —

81% құраған. 1905 ж. Қарағандыда 165 адам жұмыс жасаған, оның 110-ы қазақтардан тұрған. В. Семевский XIX ғ. екінші жартысында Семей – Жетісу округындағы алтын өндірісінде — 5219, Тобыл-Ақмола округындағы осы өндірісте — 1591 жұмыскер және оның 30 % шығыс халқының өкілдері болғанын атап өтеді [1; 66].

Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында жеке өндірістер бойынша еңбекшілердің ұлттық құрамында және жалпы көлемінде өзгерістер болды. Спасск өнеркәсібіндегі 1915 ж. жұмыскерлер құрамы келесі мәліметтерден көрінеді. Спасск мыс балқыту зауыты: қазақтар — 710, орыстар — 180 адам; Сарысу байыту фабрикасы сәйкес 97 және 23; Успен кеніші — 252 және 75; Қарағанды көмір өнеркәсібі — 474 және 115 адам. Қарсақпай мыс балқыту зауытының құрылысында, Жезқазған кеніші және Байқоңыр көмір өнеркәсібінде 1915 ж. 896 жұмыскер болды, оның 483-і — қазақ. Жалпы Орталық Қазақстандағы Спасск зауыты, Успен кеніші, Қарағанды көмір кеніші, Қарсақпай зауыты, Жезқазған кеніші, Байқоңыр көмір кенішінде 1915 ж. 2651 адам еңбек етті. Олардың қатарында 835 орыс, 1816 қазақ болды [2; 117]. Сөйтіп, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі тұста Қазақстандағы қазақ жұмысшыларының жалпы саны үнемі артып отырды.

1917 ж. басында жалпы Қазақстандағы кәсіпорындарда 25 мыңға жуық адам еңбек етті. Олардың арасында орыстар, қазақтар, тағы басқа да ұлт өкілдері болды, ал Спасск және Атбасар кәсіпорындарында, Қарағанды көмір кенішінде жұмысшы қазақтардың көлемі 81,8 % құрап, жоғары көрсеткіш көрсетті. Шетелдік концессионерлер (капиталистер) жергілікті халық арасынан жұмысшыларды көптеп жинады. Қазақ жұмысшыларына орыстардан да аз төледі және оларды қарапайым үймен де қамтамасыз еткен жоқ. «Риддер қоғамының» өндірісінде — 1760, ал «Қырғыз тау-кен өнеркәсібі қоғамының» кәсіпорындарында 2 мыңға жуық адам жұмыс істеді. Жұмыскерлердің ұлттық құрамына келсек, аталған екі өнеркәсіптің еңбекшілерінің арасында жартысынан көбі қазақтар еді. Төңкеріс қарсаңында Қазақстанның 16 алтын өнеркәсібінде 2300 жұмысшы болса, олардың 1140 қазақтар болды [2; 118]. Шетел капиталының тау-кен кәсіпорындарында 1915 ж. қазақ жұмыскерлерінің үлесі 50–90 % аралығын құрады.

Шетел концессионерлерінің және басқа кәсіпкерлердің кәсіпорындарындағы жұмыскерлердің еңбек жағдайы өте ауыр болды. Қарағанды, Екібастұз тас көмір кен орындарында, Успен, Жезқазған, Риддер кеніштерінде жұмыскерлер жер астында 12 сағат жұмыс істеді. Осыдан бөлек жұмысшылар қосымша 2 сағат қожайыны үшін тағы тегін жұмыс атқарды [3; 71]. Бұл тәжірибе Риддерде және басқа да кәсіпорындарда пайдаланылды.

Мыс-балқыту зауыттарында да жұмыс оңай болмады. Пеш жанындағы ыстық 30 градус кейде одан да жоғары болды. 1913 ж. Ақмола уезд бастығының губернаторға жеткізген хатында Спасск зауытындағы жұмыскерлердің ауыр жағдайы туралы келесідегідей айтылады: «Спасск зауытында жұмыскерлер екі ауысымда еңбек етеді, яғни әр ауысым 12 сағаттан, жұмыстың осындай ұзақтығы қазақ жұмыскерлерінің бірнеше рет наразылығын тудырған, сонымен қатар зауытта күндіз ыстық болады және оған балқыту пештерінің температурасы қосылып жұмыскерлерді тіптен қажытады».

Зауыт және кеніш жұмыстары қол еңбегіне негізделді. Құрал-жабдық жеткілікті болмады, ал қолда бары ескі және тозған күйде еді, өндіріс процестерін механизациялау төмен жағдайда еді немесе мүлде болмады. Тек XX ғ. басында көтеру, шаю, бұрғылау жұмыстарында бу қозғалтқыштары пайда болды. Кеніштердегі негізгі бұрғылау қолмен жүргізілді.

Шетел капиталының кәсіпорындарында жұмыскерлер кен мен көмірді қайламен бөлді және қолмен тасыды. Жоғарыға көтеру ат-шанамен жүзеге асырылды. Алынған көмір, кен қолмен сұрыпталды және жүк тасушыларға тиелді. Тек бай кен балқытылды, ал жұтаңы қоқысқа тасталды.

Шетел капиталистері үнемдеу мақсатында қауіпсіздік техникасына көңіл бөлмеді, жұмыскерлерді нашар жабдықталған зауыт пен кеніштерде жұмыс жасауға мәжбүрледі. Қарағанды және Екібастұз шахталарында дымқыл, ыстық және қараңғы болды. Шахта керосин шамдарымен жарықтандырылды. Жұмыскерлер шахтаға жаяу немесе сатымен түсіп, мініп жүрді. Бұл оларды одан сайын шаршатты.

Көптеген кәсіпорындарда желдеткіштер болмады, бұл улану жағдайларына да алып келді. Кәсіпорындардағы құрал-саймандардың қарапайымдылығы, қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы жұмысшылар арасында өлім-жітімді ұлғайтты. Тұрғын-үй мәселесі шешілмеді, жұмысшылардың 40 пайыздайы жертөлелерде, барактарда тұруға мәжбүр болды. Медициналық көмектің көрсетілмеуі, санитарлық-гигиеналық мәселенің шешілмеуі, жұмысшылар мен олардың отбасылары арасында түрлі аурулардың таралуына себепші болды.

Ірі өнеркәсіп орындарының бірі — Спасск кәсіпорындары техникалық жағынан артта қалған еді. Тау-кен жұмыстары тым қарапайым әдістермен жүргізілді. Өнеркәсіптегі техникалық жабдықтар атымен болған жоқ және барлық кен, оның ішінде көмір де қол еңбегімен өндірілді. Егер кейбір бөліктерде механизмдер қолданылса да олар өте ескі еді. Оған мына бір жағдай мысал бола алады. Концессионерлер «Герберт» атты жаңа шахта құрылып жатқанда жаңа көтергіш машинаны алуға шығындалуды жөн санамады. Орнына жарамсыз болып қалған Успен кенішінің ескі бу көтергішін алды. Бұл көтергіш құрылғының ескі болғаны соншалық, жұмысшылар оны қолданған да жоқ. Олар шурфтар мен штректер арқылы өрмелеп, өздерінің забойларына өте көп уақыт шығындап әрең жететін.

Желдету, таза ауа беру де нашар жағдайда еді. Тау-кен инженері Тимме бұл туралы: «Соңғы уақытқа дейін кеніштің желдеткіші нашар жағдайда болды, тек бірнеше жылдық текетірістен кейін әкімшілікті желдеткіш орнатуға көндірдік, бірақ үнемдеу мақсатында бұл жұмыс та екі жылға созылды», — дейді. Үнемдеу мақсатында құрылғылардың ешқайсына жөндеу жүргізілмеді. Ал, бұл жыл сайын төтенше оқиғалардың орын алуына әкеліп соқты. Патша шенеуніктерінің өзі мына жағдайды мойындады: «...Жалпы Спасск және Атбасар қоғамдарының кәсіпорындарында кеніштердегі техникалық бөлік өте нашар жолға қойылған, себебі жұмыс жасап жатқан шетелдіктер техникалық білімі төмен қызметкерлер еді» [4; 23]. Әрине, Спасск және Атбасар кәсіпорындарының басшылығында жүрген бұрынғы ет сатушылар мен аудармашылар өте сауатсыз болды.

Жұмысшылардың ауыр азабы күнделікті еңбек барысындағы қиындықтар ғана емес еді. Төңкеріске дейін өлкедегі жұмысшылардың жалақысы кәсіпкерлердің жұмысын қадағалайтын органдардың болмауынан Ресейдің өнеркәсібі дамыған аудандарынан әлдеқайда 2–3 есе төмен болды. Мысал ретінде соғыс жылдарына тоқталсақ. 1914–1916 жж. Ресейде заңмен бекітілген жалақының ең төмен мөлшері 1 рубль болды. Ал, Спасск, Рязановтар, Поповтар, тағы басқа өнеркәсіптерінде әр уақытта жалақы шамамен күніне 8 тиын мен ең жоғарғы көрсеткіш 1 рубль 40 тиын аралығын құрады [3; 80]. Аталған көрсеткіш 1914 ж. Қарағанды өңіріндегі көптеген өнеркәсіп орындарына ортақ болып табылады.

Өнеркәсіп орындарының көпшілігінде жалақы үнемі кешіктіріліп отырылды және көп жағдайда ақшамен емес ордермен берілді. Ал ордер әр түрлі азық-түлік пен тауарға теңестірілді. Бұл ордерлер жұмысшыларға тек сол концессионерлердің сауда орындарынан ғана қажетті тауар алуға мүмкіндік берді. Округтік инженерге жазған шағымында сол кездегі жұмысшы былай деген: «Спасск зауытының басшысына бізге жалақы берілсін деген өтінішке қарамастан, үш ай бойы әлі де ақша орнына тек ордер алып келеміз. Ордерді көпестерге тегін беруге тура келеді, кеңсе ол ордерлерді кері алмайды. Бір рубльге сауда жасау керек болса, ордер екі рубльге жазылса, керек емес тауарды алуға тура келеді. Спасск зауытының кеңсесіне жету оңай емес. Ол ылғи да ішінен жабық. Кеңсеге кездейсоқ кіріп кеткенді Аткинсон деген біреу «ақша жоқ» деген айғаймен қуып шығады. Көбісі қарыз емес, жалақысын сұрап жүр, сондықтан төбелес немесе одан да қиын жағдайлар туындауы да мүмкін. Арбакештер Аткинсонды бірнеше рет алып шыққысы келді, бірақ сұлтанның арқасында ол құтылып кетеді. Аткинсонның нұсқауымен жіберілген ордерлер ақша ретінде рәсімделеді. Бұл алдау үшін жасалады. Сондықтан Карно кеңсесінен арбакештердің қаңтар, ақпан, наурыз айларының жалақысын төлеуін сұраймыз. Ақша орнына ордер беруге тосқауыл жасаңыз. Сонымен бірге Аткинсонның кім екенін анықтап беріңіз. Ешқандай келісімшарт қатынастарынсыз біз өзге елдің адамына ақшамыз үшін аяғына жығылуымыз керек пе» [4; 23].

Ағылшын кәсіпкерлері Қазақстанға өзінің отарлары, оның ішінде Африкадағыдай еңбекшілерді аяусыз қанау тәсілдерін ала келді. Африкада олар негр құлдарды ұстап алып, жұмысқа күштеп жегіп қоятын. Қазақ жеріндегі жұмысшылар да осыған ұқсас жағдайда еді. Жалақы мардымсыз болды. Сол жалақының өзін концессионерлер әр түрлі себептермен шегеріп, айыппұл салып отырды. Қарағандының құрметті шахтерлері Бекбосын Сахимбаев пен Түсіп Күзембаев былай деп еске алады: «Десятниктің көзіне дұрыс еңбек етпегендей көрінсең, жалақыдан шегеру немесе айыппұл жазылатын». Жалақының төмендеуімен қатар соғыс жылдарында күнделікті қажетті заттар қымбаттап кеткен болатын. Бұл еңбекшілерге ауыр соққы болды. 1916 ж. Спасск кәсіпорнындағы жалақы 8–11 тиынға дейін төмендеп кетті. Бұл қазақтарды тыл жұмысына тартумен байланысты болды. Шетел капиталистерінің кәсіпорындары әскери міндеткерліктен босатылған болатын [5; 133]. Концессионерлер осыны пайдаланып, жұмысшыларды әскери міндеткерліктен босатқанын сылтау етіп жалақыны тіпті төмендете берді. Жалпы еңбекшілер бұқарасының арасында қазақ жұмыскерлері кәсіпорын басшыларының тарапынан кемсітушілікке көп ұшырады. Зауыттар мен кеніштердегі

казактардың қатарын көбінесе маманданбаған қара жұмыскерлер құрады. Білікті мамандарды кәсіпкерлер Орал, Алтай және басқа да зауыттардан әкелді. Орыс және қазақ жұмыскерлерінің жалақысы да әр түрлі еді.

Кен орындары мен зауыт-фабрикалардағы көптеген өрескел қателіктер мен озбырлықтардың тағы бір үлкен себебі бар еді. Мысалы, Орталық Қазақстандағы Спасск акционерлік қоғамының өндіріс орындарындағы барлық билік басқарушы директор Вульмердің қолына шоғырланды. Ол осы қызметінен бұрын Австралияда және Вест-Индияда жұмыс жасаған болатын [5; 137]. Вульмер өз кезінде қожайындарын байыта түсуді және Англияда ерекше басқарушы мәртебесіне ие болуды ойластырып кен өндіруді бұрынғыдан да жыртқыштық сипатта жүргізді. Яғни, кәсіпорындарды басқарушылар шектен тыс сауатсыз болды. Мысалы, Қарағанды көмір кенішін басқарушы Гарботл деген адам осы қызметіне дейін қарапайым аудармашы болса, Успен кеніштерін басқарушы Фармер ет сатумен айналысқан еді.

Әкімшілік-шаруашылық бөлігі шетелдік азамат Руффельдің қолында болды. Патша шенеуніктері Руффельдің басқаруын жоғары бағалаған болатын. Шындығында Руффель шаруалардың титығын шығаруды жоғары деңгейге жеткізді. Жұмысшылардың жалақысы қысқартылған болатын. Тұрғын үй жағдайы аса ауыр болды, ал жұмысшылар Руффельден жағдайды сәл де болса жақсартуды сұрағанда ол бірден қарсылық білдірді. Сонымен қатар ол өзінің қарсылығын техникалық тұрғыдан негіздеуге тырысты. Руффельдің жандайшаптары да барлық жағынан үнемдеді. Кеншілер әр ауысымда 100 сажан тереңдікке кез келген сәтте үзіліп кетуі мүмкін шіріген қыл арқанмен түсті. Бұл шетелдік келімсектердің орнатқан тәртібі болды. Олар патша шенеуніктері атап өткендей, «керемет мамандар» еді.

Жұмыскерлердің ауыр жағдайын сипаттайтын деректер қоры көптеп кездеседі. Бірақ кейде жұмыскерлер үшін жақсы жағдайлар жасаған кәсіпкерлер де кездеседі. Бірақ бұл жерде еңбекшілерге қажетті жағдайды ойластырған, басшы кәсіпкер мен жұмысшылар арасындағы алтын көпір іспеттес тұлғалардың маңызы зор екенін атап өту керек. Еңбекшілердің тұрмыс және жұмыс жағдайын көбінесе көпес-капиталистер емес тікелей жұмыс барысына қатынасып жүрген инженер-техник мамандар жасаған болатын. Кәсіпорындардағы өндірістік үдерістердің кемшіліктерін және жұмысшылардың еңбек жағдайын ашып көрсету үшін өнеркәсіп орындарының әрқайсына тоқтала кеткен жөн. Ол үшін бізге жеткен деректер жеткілікті. Мысалы, Орталық Қазақстанда металлургия ісі алдыңғы қатарда болды және өнеркәсіптің бұл саласын аталған өңір бойынша кең көлемде алғашқы рет қолға алған сібірлік көпес С.И. Попов еді. Оның ісінің қаржылық жағы және коммерциялық ұйымдастырылуы Тобыл-Ақмола округтік инженері болған А. Сборовскийдің еңбегінде толық қамтылған. Ең бастысы, бұл еңбекте металлургия қызықтыратын техникалық жағы, материалдық мүмкіндігі сипатталған. Алғашқы уақытта бұл жердегі барлық өндірістік жұмысты басқарғандар Алтай зауыттарына арнайы іссапарға жіберіліп, зауыт жұмысын барынша игерген мамандардан тұрды. Қызметтері үшін оларға айына бір рубль және екі пұт ұн берілді. Кейінірек жағдайлары жақсарды. Красовский жазбаларынан біз Попов зауыттарындағы басқарушылар мен қызметкерлер, соның ішінде ең ірі деген Александровск зауытындағылары жылына 300 рубль жалақы және айына 3 пұт ұн, 0,5 пұт бидай, 7,5 фунт жарма, 2,5 пұт ет және екі рубль шайлық ақша алғаны жайлы сыйақы тізімдемесін кездестіреміз. Бұл XIX ғ. 70 жж. жататын деректер қатарына жатады [6; 167]. Дегенмен сол уақытта Поповтар бұл айлықпен тәжірибелі және білімді металлург мамандарды қызықтыра алуы неғайбыл еді. Бұл жағдайларда зауыт жұмысының металлургия талаптарына сай жүруін, толық есебін жасау, кен және зауыт өнімдерінің сараптамаларын беру, сонымен бірге зауыт жұмысын қадағалау өте қиын еді.

Поповтар әулеті Орталық Қазақстандағы өз ісін XIX ғасыр бойы жүргізген болатын. Степан Иванович Поповтың мұрагері Степан Александрович Степановск және Козьмо-Демьяновск зауыттарында бір пұт мыс өндіргені үшін әрбір жұмысшыға төлеген жалақысы 15 рубльды құрады. Аталған көлемдегі жалақы өнеркәсіп орны үшін кететін шығынды көбейтіп жіберді. Осындай жағдайларда кәсіпорынның өз жұмысын тоқтатуы таңғаларлық жағдай емес [7; 111]. Степановск және басқа да дала зауыттарындағы еңбектің қысқы үзілісі зауыт маңына өз киіз үйлерін тіккен казактардың өндірісте пайдаланылуымен, ал суық түскенде олардың өз қыстауларына көшуімен байланысты болған.

Қазақстандағы XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы ірі кәсіпорындардағы қазақ жұмысшыларының жағдайын Спасск зауытын мысалға келтіру арқылы да кеңінен қарастыруға болады. Тау-кен ісімен айналысқан ірі көпестердің бірі Рязановқа тиесілі болған Спасск зауыты бірнеше кезеңде жұмыс

жасады. Алғашқы кезеңі туралы мәліметтер өте аз болып келеді. Өнеркәсіп орны қарқынды жұмыс жасаған 1898–1904 жж. аралығындағы екінші кезеңінде зауыттың жағдайы төмендегідей болды. Тәулігіне 15 т (930 пұт) кенді балқытуға 54 т (3350 пұт) өндірістік қоспа мен отын шығындалды. Өнеркәсіптің әр бөлігінде, яғни көмір кенінде, кеніште және зауытта жалпы саны 500-ге жуық еркектермен бірге әйелдер және балалар жұмысқа жалданды. Сөйтіп, Рязанов кәметет жасқа толмағандар мен әйелдер еңбегін қанады, өндіріске технологиялық жаңалықтар енгізбеді. Оның иелігінде Оралдағы алтын кеніштері болғандықтан, бұл өнеркәсіп орындарына немқұрайлы қарады. Істі бұлайша ескі тәсілдермен басқару, жұмысты дұрыс жүргізе алмау нәтижесі кәсіпорынды дағдарысқа әкелді, көп ұзамай сатып жіберуге мәжбүр болды [8; 19].

1914–1916 жж. аралығындағы Спасск зауыты жұмысының үшінші кезеңінде өндірістің дамуы тікелей әскери жағдаймен байланысты еді. Қалай болғанда да Успеннен жеткізілген кеннің ерекше сапалы болғаны (кен құрамының байлығы) ғана өндіріс техникасының барлық кемшіліктерін жауып тұрды және өнеркәсіптің табысына әсер етті. 1914 ж. Спасск зауытында өндірілген мыстың 1 пұты Вогау фирмасына 13 рубль 68 тиынға тапсырылды, ал 1 пұт өнімді өндіруге кеткен өзіндік құн 5–6 рубльден асқан жоқ еді. Әдетте, 4 рубль 50 тиын шамасында болды. Басты шығын — жұмыскерлер жалақысы 1 пұт өнім өндіргені үшін 2 рубль 57 тиын еді [6; 181]. 1914 ж. зауыттағы жұмысқа шамамен 1000 жұмысшы жалданды, олардың орташа жалақысы 1 рубль 4 тиынды құрады. Шеберлер 1 рубльден 3 рубль 35 тиынға дейін; білікті мамандар 80 тиыннан 1 рубль 80 тиынға дейін; қара жұмысшылар 50–80 тиын аралығындағы жалақы алды. Жұмыстың үздіксіз жүруі барысында жұмысшылар 12 сағатқа дейін еңбек етті. Ал жұмыс күні екі ауысымға ауысқанда еңбек күнінің ұзақтығы 10 сағатқа созылды. Қожайындар өндіріске қажетті машинаны, жаңа технологияны енгізгенде жұмысты жеңілдетіп, жұмыс уақытын қысқарту үшін емес, қосымша құнды өсіру мақсатын ұстанды. Сондықтан олар өндіріс машинасына кеткен шығын жұмыс күшіне кеткен шығыннан аз болса ғана, жаңа технологияны қолданды. Тегін сый сияқты келіп тұрған жұмыс күшін пайдалану мүмкіндігі болғанда шетел кәсіпкерлері ешқандай техникалық жетілдірусіз-ақ өндірістің ең ескі, артта қалған әдістерімен жұмысты жалғастыра берді.

Өндіріс техникасының артта қалушылығына қарамастан, ағылшын-француз капиталистері жыл сайын жоғары табысқа ие болып отырды. Жоғарыда аталғандай, Спасск қоғамы 1914 жылдың өзінде мысты 4 сом 50 тиынға өндіріп, 13 сом 68 тиынға сатты. Осылайша 9 сом таза пайдаға кенелді. Капиталист Феллдің өзі серіктес акционерлерге Қазақстанға салған капиталынан таза пайда тауып отырғанын айтып масаттануының тегін емес екені көрініп-ақ тұр. Орыс және қазақ жұмысшыларын аяусыз жұмысқа жегу шетел капиталистері үшін жоғары табыстың кепілі болды. Шетелдік қанаушылар тек жер асты қазба байлығын аяусыз тонап қана қойған жоқ, арзан еңбек күшіне айналған жергілікті халық өкілдерін экономикалық және әкімшілік қысымдар арқылы аяусыз қанады. Жұмысшыларды қанау шектен тыс екендігін патша шенеуніктерінің өзі де мойындауға мәжбүр болды. Тау-кен инженері Сборовский шетелдік кәсіпкерлер жұмысшылардың бар күш-қуатын сорып алатыны жайлы «...олар негрлерді жануарларды пайдаланғандай қанаса, бұл жұмысшыларға да сондай көзқараспен қарады», дейді ол [9; 91].

Өнеркәсіп орындарындағы жағымсыз жағдайлар жайлы мәліметтерден бөлек мына бір қызықты жағдайды инженер В. Пазухиннің еңбегінен кезіктіруге болады. Ол Спасск зауытында 20 орындық тамаша емхананы және төменгі медициналық құрамның болғанын атап өткен. Сонымен қатар көмір кен орнында, кеніште және зауытта 3 мектеп (соңғысы 1903 ж. ашылған), онда 200 бала оқыған. Олардың арасында біршама қазақ балалары да кездеседі. Зауытта сонымен қатар Рязановтар негізін қалап, Спасск Компаниясы құрылысын аяқтаған шіркеуде жұмыс істеген [9; 92]. В. Пазухиннің пікірінше, жалпы зауыттағы кент жақсы әсер қалдыратын.

Спасск зауытының шикізаттық базасы ретінде болған Успен кеніші де сол кездегі аса бай кен орындарының бірі ретінде ерекше назар аудартады. Жалпы 1916 ж. кеніште 400 жұмысшы болған. Ауысымда 9-12 кен қазушы шахтада жұмыс жасағанда тәулігіне 2000 пұт кен алып отырған. Кен қазу жұмысы негізінен қол еңбегімен атқарылды. Жоғарыға көтерілген 1 және 2 сұрыптағы кенді жұмысшылар жалаң қолмен сұрыптады. Бірінші сұрып тікелей Спасск зауытына; екіншісі байыту фабрикасына жөнелтілді. 1914 ж. Успендегі орташа жалақы — 98 тиынды құрады, кен қазушылар үшін 2 сом 50 тиын, ал қара жұмысшылар үшін 85 тиын еді [9; 110]. Кәсіпорындағы жұмысшыларға ауыр еңбек үшін жалақы өте аз төленді, әлеуметтік жағынан олар қорғалмады және басқа да өрескел қателіктерге жол берілді.

Бүгінгі күнде ірі өндірістік аймаққа айналған Жезқазған қаласы мен өндіріс орнының тарихы Атбасар мыс өндіру ісімен тікелей байланысты. Жезқазғандағы кен орындарын пайдалану арқылы негізі қаланған Атбасар мыс ісіндегі жұмысшылар жағдайы да ерекше назар аударуға тұрарлық. Жезқазған кенішін игеру барысында бірнеше қосалқы ғимараттар салынды. Бұл болашақ ірі өндірістік қаланың іргетасының қалануына негіз болды. Істің зор болашағының барына сенген кәсіпкерлер қосалқы құрылыстарға ерекше көңіл бөлген [10; 98]. 1920 жж. кеніш маңында қосалқы құрылыстар көбейді. Тау-кен жұмыстары біршама электрлендірілді. Су резервуары және қуаттандыратын сусорғы зауыттың құрылыстарын толықтырып тұрды. Жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін механикалық шеберхана, ұстахана, ағаш кесетін орын мен ағаш шеберханасы жабдықталды. Кеніште сонымен қатар кен ісіне қажет материал мен құрал-жабдықтарды сақтайтын қоймалар, зертхана, кеңсе, атқора, емхана, мектеп және тағы басқа көптеген қосымша ғимараттар мен тұрғын үйлер салынды. Жезқазғанда жасалған жұмыстар кейіннен бұл жердің ірі өндірістік орталыққа айналуына алып келді. Бірақ қала мен кәсіпорынның жоғары деңгейге көтерілуіне негізінен шетелдік кәсіпкерлердің жұмысы емес, индустрияландыру кезеңіндегі Кеңес үкіметінің еңбегі көп нәтиже берді.

Көмір өнеркәсібі төңкеріске дейінгі Қазақстанда жеке сала ретінде қарқынды дамымаған еді. Шетелдік капиталистер Қарағанды, Байқоңыр, Екібастұз және басқа көмір кеніштерін иеленіп алып, бұл жерде көмір өнеркәсібін жолға қойды. Бірақ олар көмір кеніштерін тек басқа өнеркәсіп орындарын отынмен қамтамасыз ету үшін пайдаланды. Мысалы, Қарағанды көмірінің 63 % Спасск зауыты мен Успен кенішіне, ал 12 % ғана жергілікті халыққа сату үшін керек болды. Байқоңырда өндірілген көмір толығымен кәсіпорынның ішкі қажеттіліктеріне жұмсалды. Кен орындарын игеру барысында кен-тау жұмыстарын жүргізудің қарапайым ережелері сақталған жоқ. 1912 жылғы «Ақмола облысының шолуында» бұл туралы былай делінген: «Қарағанды көмір кеніші нашар жарақтандырылған және зауыт басшылығы ешқандай алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізбеген» [4; 92].

1911–1920 жж. аралығында Байқоңыр көмірін игеру қарқынды жүргізілді. Байқоңыр көмір өнеркәсібі Атбасар Қоғамына қарады және үнемі Жезқазған, Спасск зауыты секілді кәсіпорындарды отынмен қамтамасыз етті. Кен орнының қосалқы құрылыстары қарапайым болды. Олар: механикалық шеберхана, ұстахана, ағаш шеберханасы және керосин қозғалтқышымен іске қосылатын бірнеше станоктар. Өнеркәсіп орнына жақын маңайда аса үлкен атқора және дүкен салынды. Дүкендер тау-кен жұмыстары үшін барлық заттың қорымен жабдықталған еді. Жұмысшы кентінің құрылысы негізгі өндіріс орнынан солтүстікке және шығысқа қарай жоспарланды. Себебі басқа ірі кәсіпорындар осы бағыттағы жолдардың бойында орналасты. Емхана кәсіпорын орналасқан өзеннің жоғарғы жағында салынды. Байқоңырдағы барлық құрылыстар шикі кірпіштен салынған және темірмен жабылды. Сондықтан олардың сақталуы да әр түрлі деңгейде болды. Көмір кен орнын жабдықтауға кеткен шығын 0,5 млн рубльден асқан жоқ [9; 113]. 1920 жж. бұл жерде көп шығын кетірмей аздаған жөндеу жүргізгеннен кейін жер бетіндегі құрылыстарды қайта пайдалану жоспары болды. Сонымен қатар Жезқазғандағыдай қуат станциясын орнатып, өндірісті электрлендіру жоспарланған еді. Көмір өндіруде өндірістік шығындарды ақтаған, сапасы аса жоғары болған Қарағанды көмір өнеркәсібінің жаңа қарқынмен игерілуіне байланысты Байқоңыр кәсіпорнына 1920 жж. бастап көп көңіл бөлінбеді. Себебі қарағандылық көмір көп көлемде жылу бөлетін тас көмір болса, байқоңырлық өнім күлі көп және жылу бөлгіштігі аз қоңыр көмір еді.

Қарсақпайдағы зауыттың негізін салу 1912 жылдан бастап қолға алынды. 1913 ж. ұзаққа созылған көктемнің ауа райы жұмысты қиындата түсті, себебі кез келген жүкті тасымалдауға пайдаланылған түйелердің жем-шөбін табу оңайға соқпады. 1914 ж. да ұзаққа созылған көктем құрылыстың жүргізілуін кідіртті. Бірақ, осы жылы жаздың ортасынан бастап орыс жұмысшыларының әскерге жұмылдырылуына қарамастан, істің нәтижесі біршама жемісті болды [11; 119]. 1914 ж. соңында әр түрлі 19 ғимарат тұрғызылды және зауыт құрылысы біршама алға жылжыды. Алайда 1914–1918 жж. Бірінші Дүниежүзілік соғыс және 1918–1920 жж. азамат соғысының салдарынан жалпы экономикалық және еңбекшілер жағдайы қайта қиындады. Әсіресе соғыс уақытының зардабы кәсіпорынның құрылысының аяқталуына және тікелей іске қосылуына көп кедергі келтірді.

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске байланысты жұмыстың барлық жоспары бұзылды. Жергілікті халық бүкілхалықтық күреске белсене араласып, 26 шілдеден кейін тіпті ашық көтеріліске шықты. Кәсіпкерлер өнеркәсіп орнына әскер шақырды. Нәтижесінде бұл кәсіпорынның құрылысына бөгет

жасады, зауытқа қажетті құрал-жабдық салынған вагон керуені 58 верст жерде тоқтап қалды. Ол 1916 ж. өзінде тек 52 верст жылжыған күйде қалып қойды [8; 68]. Керуенді зауытқа жеткізу тек қана 1917 ж. 8 қазанында, үш жыл өткеннен кейін жүзеге асты (2 жыл 11 ай). Керуенге тонау үшін қазақтар екі рет шабуыл жасағанын атап өткен жөн.

Соғыс салдары көп әсерін тигізсе де, Қарсақпай зауытының сыртқы әлеммен байланысы және ондағы жұмысшылардың жағдайын жасау кәсіпорын басшылығының ерекше назарында болды. Сол бір аумалы-төкпелі заманда бұл зауытта аздаған жөндеуден кейін азық-түлік агенттігі қалыпқа келтірілді. Кәсіпорынға тиесілі жолда бір-бірінен 12–20 верст қашықтықта орналасқан құдық, еуропалықтар мен жергілікті халыққа арналған тұрғын үйлер, ат-көлік, киім-кешекпен азық-түліктің жеткілікті қоры бар 15 пикет бой көтерді [8; 116]. 1924 ж. бұл елді мекендер қараусыз қалып, қирады. Қарсақпай зауыты — Орталық Қазақстанның бүгінгі күнге дейінгі ірі кәсіпорны. Зауыт өзінің қалыптасу тарихында қилы оқиғаларды басынан кешірді. Соған қарамастан, өнеркәсіп орнындағы жұмысшылардың жағдайы біз қарастырып отырған уақыттағы басқа зауыттармен салыстырғанда біршама жоғары тұрды.

Атбасар өнеркәсібінде де азық-түлік дайындауға арналған агенттік болды. Агенттік азық-түлікті жан-жаққа тасымалдау үшін Акционерлік қоғам 1000 дана ат-арба ұстады. Барлық құрал-сайманнан 1920 ж. тек 300-дей ғана ат-арба қалды. Тасымалдауды жалданған қазақтар жүзеге асырды. Оларға бір пұт жүк тасығаны үшін, арба жөндеу шығынын қосқанда 60 тиынға жуық қаржы төленді [7; 115]. Алайда кейін кәсіпорын басшылары автомобиль көлігін пайдалануды жоспарлады, себебі жергілікті халыққа толық тәуелділік кейде өнеркәсіпті қиын жағдайға алып келіп отырды.

Маңызды мәселе тұрғын үйлерді жиһаз және шаруашылық заттарымен қамтамасыз ету болды. Атбасар қоғамына тиесілі әр тұрақ кентте емхана болды [12; 99]. Өндірістік қоғам шіркеу мен мешіт салуды жоспарлады. Қоғам өндіріске тартылған халықты қамтамасыз ету үшін тауар және азық-түлікке қажетті қоймалар салды, еркін бағамен сату үшін ет пен басқа да тауарларды жеткізуге шарт жасады. Бірақ барлық өнеркәсіп орындарында еңбекшілердің жағдайы оңала қоймады. Жұмысшыларға қамқорлық көрсеткісі келетін тау-кен инженерлері болғанымен, шетелдік зауыт иелері олардың талабын орындамады.

Ауыр еңбек жағдайы мен тұрғын үй мәселесі де өте нашар шешілді. Тау-кен кәсіпорындарының жұмыскерлері сыз тартқан, суық барақ пен жеркепелерде тұрды. Мысалы, Спасск зауытының кеніштер мен зауыттарындағы казармалар көбінесе саманнан салынды және төбесінен жиі су ағатын, санитарлық талаптарға сай емес жағдайда болды [4; 57]. Әсіресе киіз үйлер мен лас, суық тартқан жеркепелерде тұрған қазақтардың жағдайы өте ауыр еді. 1915 ж. Спасск зауытының маңында 125, Қарағандыда — 105, Успенде 81 қоныс салынды. Успен кенішіндегі казармаларда терезелер қынаптан жасалған материалдармен жабылды.

Қазақтармен жасалған келісімшартта міндетті түрде киіз үйі болуы тиіс екені көрсетілді. Осылайша кәсіпкерлер тұрғын үй салуға кететін қаржыны үнемдеп, баспанамен қамтамасыз ету жауапкершілігінен құтылып отырды [3; 85]. Мысалы, сібір алтын өндірісінде (Тобыл-Ақмола тау-кен округі) және Семей-Жетісу округында ешқандай барақ салынбады, себебі онда жұмысқа қабылданған қазақтар өз киіз үйлерімен келуге тиіс болды [5; 139]. Инженер В.Д. Коцовский XIX ғ. соңындағы қазақ жұмыскерлері туралы былай деп жазды: «...көптеген қазақ жұмыскерлерінің кедейленгені сонша олардың киіз үйі болмай, қарабайыр жеркепелерде тұрды. Бұл жеркепелерді олар жақсы жағдайға келтіре алмады, ал жұмыс беруші баспанамен қамтамасыз етуді өз мойнына алмады». Шетелдік капиталистер тау-кен инженерлері талап еткен тұрғын үй құрылысындағы қарапайым ережелерді де орындамады. Аталған мәселені тау-кен инженері бірнеше жыл бойы Спасск кәсіпорындары басшылығына берген нұсқаулары тіркелген кітаптағы үзінділерден байқаймыз.

«1906 жыл 25 маусым. Жұмыскерлерге арналған бөлме өте лас, қараңғы, жарықтандырылмаған және міндетті қаулы талаптарына сай келмейді.

1908 ж. 5 шілдесі. Жұмысшы бөлмелерін қарау барысында анықталғаны:

а) көп бөлмелерде бойдақ жұмыскерлер отбасылылармен бірге тұрып жатыр;

б) 28 шаршы метрге орналастырылуы керек болған 16 еркек, 4 әйел, 5 бала 12 шаршы метр жерге ғана қоныстанған.

1910 ж. 17 қазан. Отбасылы жұмысшылар бойдақтардан бөлек орынға ие болуы керек.

1912 ж. 5 қазан. Жалпы отбасылық орындарда жұмысшылардың тығыз орналасқаны сонша, кейбіреулері төсекте емес жерде ұйықтауға мәжбүр. Ауаның әр адамға қажетті көлемде болу талабы орындалмаған, қарапайым гигиеналық талаптар сақталмаған» т.б. Бірақ тау-кен инженерінің жүйелі



нұсқауына қарамастан, жұмыскерлердің тұрғын үй жағдайы жыл сайын жақсармай, керісінше, нашарлаған. Тау-кен инженері Тимме 1916 ж. былай деп жазады: «...жұмыскерлерді адамға қарағанда малға қолайлы орындарда ұстайды...» [6; 193].

Жалпы қазақ жұмысшыларын пайдалану кәсіпкерлер үшін тиімді болды. Біріншіден, оларға аз жалақы төленді, екіншіден, олар жақсы баспана сұрамай, қарапайым тұрғын үй мен киіз үйлерде де тұра берді, үшіншіден, мәдени-тұрмыстық жағдайларға көп мән бермеді. Ауыр еңбек, тұрғын үй және тұрмыстық жағдайлардың қолайсыздығы әсіресе қазақ жұмыскерлерінің арасындағы ауру-сырқау мен өлім-жітімнің жоғары болуына әкеліп соқтырған болатын.

Сонымен, қазақ даласындағы металлургияның дамуы және әр кездегі құлдырауының себептері әр түрлі болды. Сол кездегі осы өнеркәсіп саласындағы өндіріс орындарының қазақ жерінде пайда болуының кейбір оң әсерлерін де айтуға болады. Бұл саладағы өнеркәсіп орындарының пайда болуы қазақ жеріндегі капиталистік қатынастардың, кәсіпкерліктің пайда болып орнығуына және жұмысшы таптың қалыптасуына әсер еткен болатын. Бірақ кәсіпкерлер қазақ жерінің кен байлығын оңай, арзан жолдармен игеруге талпынды және өз бас пайдасы үшін ғана әрекет етті. Қарастырылып отырған кезеңдегі кәсіпкерлер әрекеттерін жан-жақты қарастыра отырып, олардың жыртықшытық, тонаушылық сипаттағы кәсіпкерлікпен айналысқанын атап өткен жөн.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Семевский В.И. Рабочие на сибирских золотых приисках / В.И. Семевский. — Т. 2. Положение рабочих после 1870 г. — СПб.: Типогр. Товарищества «Общественная польза», 1898. — 876 с.
- 2 Рушанов В.И. Положение рабочего класса и рабочее движение в горнозаводской промышленности Казахстана в период империализма / В.И. Рушанов // Изв. АН КазССР: Сер. экон. — Вып. 1. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. — С. 110–118.
- 3 Иевлев П.А. Риддер – Лениногорск (исторический очерк, 1786–1957) / П.А. Иевлев. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. — 236 с.
- 4 Обзор Акмолинской области за 1911 г.: приложение к Всеподданнейшему отчету. — Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1912. — 106 с.
- 5 Коцовский В.Д. Золотопромышленные районы в Киргизской степи / В.Д. Коцовский. — Томск: Тип.-лит. М.Н. Кононова, 1894. — 145 с.
- 6 Сборовский А. Краткий очерк положения горной и горнозаводской промышленности в Степном северном горном округе / А. Сборовский. — Омск: Сиб. электро-печ. и хромо-лит. Н.А. Иванова, 1911. — 215 с.
- 7 Бекмухаметов Е.Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана / Е.Б. Бекмухаметов. — Алма-Ата: АН КазССР, 1964. — 315 с.
- 8 Дильмухамедов Е.Д. Революционное движение горнорабочих Казахстана в начале XX века (1900–1917 гг.) / Е.Д. Дильмухамедов. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 128 с.
- 9 Пазухин В.А. Металлургия в Киргизской степи / В.А. Пазухин. — М.-Л.: Акционерное о-во «Промиздат», 1926. — 208 с.
- 10 Киреев Ф.Н. Революционное движение в Казахстане в 1905–1907 годах: сб. документов и материалов / Ф.Н. Киреев, Т.П. Губа, Ф.И. Колодин. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 364 с.
- 11 Вяткин М.П. Монополистический капитал в Средней Азии / М.П. Вяткин. — Фрунзе: Изд. АН Кирг. ССР, 1962. — 160 с.
- 12 Рахимбекова А.К. Социальное и имущественное расслоение казахского общества (XIX – нач. XX вв.) / А.К. Рахимбекова // Вестн. КазНУ. Сер. истор. — 2003. — № 4. — С. 98–101.

М.Ы. Ыбырайхан, К.С. Ускембаев

## Положение рабочих металлургической и горнодобывающей отрасли Центрального Казахстана конца XIX – начала XX вв.

В статье рассмотрены труд и жизнедеятельность металлургов и горняков Центрального Казахстана в указанный период. Используются материалы дореволюционных, советских и современных авторов независимого Казахстана. На основе статистических материалов предпринята попытка описать численный состав и материальное положение рабочих. В статье использованы воспоминания рабочих указанных периодов. Отмечено, что особенно важны для раскрытия темы исторические документы и сведения технических кадров, работавших в производственной сфере.

*Ключевые слова:* Центральный Казахстан, металлургия, горнодобывающий, рабочие, Спасск, Караганда, Жезказган, угольная промышленность, сплав меди, шахта, концессионер, зарплата, Успенка, Карсакапай, Тобыл-Акмолинский округ, Попов, Рязанов, Тимме, Нельсон, Фелль, капиталисты.

M.Y. Ybyrajhan, K.S. Uskembraev

## The situation of workers of the Central Kazakhstan mining and metallurgical industry late nineteenth and early twentieth centuries

This article discusses the situation of workers of the Central Kazakhstan metallurgical and mining industry late nineteenth and early twentieth centuries. In the work used materials of pre-revolutionary, Soviet and contemporary authors of independent Kazakhstan. By authors based on data was attempted to describe the strength and livelihoods of the workers. In article uses workers' memories of given periods. We attach great importance to the historical documents and information of technical stuff, who worked in the industrial sector.

*Keywords:* Central Kazakhstan, metallurgy, mining, workers, Spassk, Karaganda, Zhezkazgan, coal industry, copper alloy, mine, concessionaire, salary, Uспенка, Karsakpai, Tobyl-Akmola district, Popov, Ryazanov, Timme, Nelson, Fell, the capitalists.

### References

- 1 Semevskii, V.I. (1898). Rabochie na sibirskikh zolotykh priiskakh [Workers at the Siberian goldfields], 2. *Polozhenie rabochikh posle 1870 g. — The situation of workers after 1870*. Saint Petersburg: Tipografiia Tovarishchestva «Obshchestvennaia Polza» [in Russian].
- 2 Rushanov, V.I. (1949). Polozhenie rabocheho klassa i rabochee dvizhenie v hornozavodskoi promyshlennosti Kazakhstana v period imperializma [The position of the working class and the labor movement in the mining industry in Kazakhstan in the period of imperialism]. *Izv. AN KazSSR: Serii ekonomicheskaiia — Math. AN KazSSR: economic series*, 1. Almaty: Izdatelstvo AN Kaz SSR [in Russian].
- 3 Ievlev, P.A. (1957). *Ridder – Leninohorsk (istoricheskii ocherk, 1786–1957) [Ridder – Leninogorsk (historical overview, 1786–1957)]*. Alma-Ata: Kazhosizdat [in Russian].
- 4 *Obzor Akmolinskoi oblasti za 1911 h.: prilozhenie k Vsepoddanneishemu otchetu [Review of Akmola region in 1911: the application to humbly report]*. Omsk: Tipografiia Akmolinskoho oblastnogo pravleniia, 1912 [in Russian].
- 5 Kotsovsky, V.D. (1894). *Zolotopromyshlennye raiony v Kirghizskoi stepi [Gold mining areas in the Kirghiz steppe]*. Tomsk: M.N. Kononov Tip.-lit. [in Russian].
- 6 Sborovsky, A. (1911). *Kratkii ocherk polozheniia hornoi i hornozavodskoi promyshlennosti v stepnom severnom hornom okruhe [Brief sketch of the provisions of the mining and metallurgical industry in the northern steppe mining district]*. Omsk: N.A. Ivanova Sib. electric oven. and chrome-lit. [in Russian].
- 7 Bekmuhametov, E.B. (1964). *Tsvetnaia metallurhiia i hornoe delo dorevoliutsionnogo Kazakhstana [Non-ferrous metallurgy and mining pre-revolutionary Kazakhstan]*. Almaty: AN Kaz SSR [in Russian].
- 8 Dilmuhamedov, E.D. (1955). *Revoliutsionnoe dvizhenie hornorabochikh Kazakhstana v nachale XX veka (1900–1917 hh.) [The revolutionary movement of miners in Kazakhstan at the beginning of the XX century (1900–1917.)]*. Alma-Ata: Kazhosizdat [in Russian].
- 9 Pazukhin, V.A. (1926). *Metallurhiia v Kirghizskoi stepi [Metallurgy in the Kirghiz steppe]*. Moscow-Leningrad: Aktsionernoe obshchestvo «Promizdat» [in Russian].
- 10 Kireev, F.N., Guba, T.P., & Kolodin, F.I. (1955). *Revoliutsionnoe dvizhenie v Kazakhstane v 1905–1907 hodakh. [The revolutionary movement in Kazakhstan in 1905–1907]*. Alma-Ata: Kazhosizdat [in Russian].
- 11 *Vyatkin, M.P. (1962). Monopolisticheskii kapital v Srednei Azii [Monopoly capital in Central Asia]*. Frunze: Izdatelstvo AN Kirg. SSR [in Russian].
- 12 Rakhimbekova, A.K. (2003). *Sotsialnoe i imushchestvennoe rassloenie kazakhskogo obshchestva (KhIKh – nach. KhKh vv.) [Social and stratification of Kazakh society (XIX – The beginning of the XX century)]*. *Vestnik KazNU. Serii istoriia — Bulletin KazNU. Serii istoriia*, 4 [in Russian].

А.С. Ысқақ

«Нархоз Университеті» АҚ, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: sakmaral7@gmail.com)

## 1920 жылдары Қазақстан экономикасын мемлекеттік басқарудың кеңестік жүйесі

Мақала мемлекеттіліктің кеңестік үлгісін ендірумен Қазақстан экономикасын мемлекеттік басқарудың негізгі мәселелерін қарастырды. 1920 жж. Қазақстан экономикасын мемлекеттік басқарудың кеңестік жүйесі жан-жақты қарастырылып, талдау жасалды. Экономиканы басқарудың күрделі жүйесіне сипаттама берілді. Өнеркәсіпті басқарудың орталық және республикалық органдарының өзара қатынастарына айрықша мән берілді. Сонымен бірге маңызды стратегиялық мәнге ие Қазақстанда ықпал ету аймағын кеңейту міндетін қойған Ресейдің ел экономикасын тұтас басқаруды орталықтандыруға қолжеткізгені көрсетілді. Түрлі санаттағы кәсіпорындардың ерекшеліктерімен оларды жоспарлы түрде жабдықтаудың қалай жүзеге асырылуы бағаланды. Аталмыш жұмыс мұрағат құжаттарына негізделген дербес ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде көпшілік оқырмандарды қызықтыруы мүмкін.

*Кілт сөздер:* Қазақстан экономикасы, экономикалық жаңғырту, өнеркәсіпті мемлекеттік басқару, басқару органы, кеңестік үлгі.

Ресей империясы кезінде қалыптасқан «экономикалық аудандастыру» принципін Кеңес үкіметі жоя алған жоқ, жоюға ынталы да емес еді. Қазақстанда қызмет етіп отырған және келешекте іске қосылуы мүмкін өнеркәсіп орындарын басқару мәселесінде Орталық билік қазақ өнеркәсібін Ресейдің орталық аудандарының күрделі шикізат базасы ретінде ғана дамуын жоспарлады. Табиғи шикізат қоры бай Қазақстанның барлық мүмкіндіктерін тек өз пайдасына шешуді көздеген Орталық билік бұл маңызды мәселелерді республиканың дербес өз қарауына қалдыруды жөн көрмеді. Қазіргі қолжетімді мұрағат қорларының құжаттары бұл мәселелерді барынша айқындай түседі. «Экономикалық федерация» идеясымен республиканы шикізат көзіне айналдыруды мақсат тұтқан Орталық билік бұл саланы толығымен өз бақылауына алды. Саяси билікті орталықтандыруды іс жүзіне асыра бастаған ол экономикалық саланы да бір орталықтан басқарудың жолдарын айқындай түсті. Жалпы, осы мәселені жіті зерттеу барысында империялы Ресейдің және кеңестік Ресейдің ұстанған отарлау саясатының үйлесімділігі айқын бола тұрса да, оның қандай тарихи үрдістермен тығыз байланысы барын көрсету үшін тарихи жағдайларға талдау жасайық.

Ресейдің ішкі дамуы оның геосаяси жағдайымен және одан өрбитін сыртқы саясаттағы ұстанымдарымен тығыз байланыста жүрді. Бұл даму соңғы төрт жүз жыл көлемінде модернизациялаудың империялық үлгісінде жүзеге асып келеді. І Петр заманынан басталған Ресейдің модернизациясы бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. Осы тұста Ресейдің «классикалық отар держава» мәртебесін мойындамайтын зерттеушілер де бар [1; 44]. Ресейдің отарлау саясатының «отаршыл сипаттан» мүлдем алшақ болғанын, оның сыртқы саясатта шет аймақтардағы ұлттарды қанау мақсатымен өзіне тікелей бағындыруға бағытталмағанын, керісінше, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және геосаяси басымдықтары аясында бейбіт сүйгіштік, діни миссияларын орындауға бағытталғанын дәріптейді. Алайда өзінің Батысты қуып жету мақсатында әрі біртұтас қуатты империяны нығайтып сақтап қалу жолында отарлау саясатын шет аймақтарда тереңдете түскенін мұрағат құжаттары дәлелдейді. XX ғ. басында «Кеңестер Одағын» құру арқылы қоғамды трансформациялау үрдісіне, әсіресе, Қазақстан барынша тартылды. Бұл орайда саяси жүйенің тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік сақталмай, дөрекі бұзушылық орын алды. Осы тұрғыда Қазақстан экономикасын, нақтырақ айтсақ өнеркәсібін, мемлекеттік басқару жүйесі іс жүзіне қалай, қандай әдіс, тәсілдермен асырылды және оның барысы қалай жүрді деген мәселелерді қарастырып, талдау жасап көрелік.

Өнеркәсіпті басқару органдары Қазақстанның халық шаруашылығының құрылымы мен басты салаларының ерекшелігін ескере отырып құрылды. Атап айтқанда, өнеркәсіп (металл, көмір, мұнай, жүн, тұз өндіру салалары) 1920 жж. республиканың халық шаруашылығының басты айқындаушы саласы емес еді. Өнеркәсіп тек ауыл шаруашылығы өнімдерін алғашқы өңдеуден өткізіп, халықтың күнделікті тұтынудағы қажеттілігін ғана қамтамасыз етіп отырды. Дегенмен де, Орталық биліктің

Қазақстанды аграрлы-индустриалды елге айналдыруды мақсат етуі жалпы «индустриалды модернизациялаудың кеңестік үлгісінің» 1930 жж. тамаша жетістіктеріне қолжеткізгені де белгілі.

1928 ж. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетіне ұсынылған Қазақстанды аудандастыру жобасында «Қазақстанның империя тұсында өлкенің отарлануы салдарынан өндіргіш күштері өте баяу дамыды. Қазіргі Қазақстан экономикасының жайы оның шынайы болашағымен мүлдем сәйкес келмейтін жағдайда болып тұр. Ұлттық кеңестік республика ретінде Қазақстанда ұлттық жағдай өте маңызды және ұлттық экономиканың талаптарын уақытша болсын өзіне бағындыратын жайттары аз емес. Себебі кең байтақ Қазақстанда халықтың орналасуының шашыраңқылығы билікті ұйымдастыру жұмыстарында қиындық туғызып отыр...» [2; 1–4 пп.]. Сонымен бірге 1924–1925 жж. Қазақстанның өнеркәсіп өндірістерінде, атап айтқанда, тоқыма және металл өңдеу өндірістерінде көнерген ескі құрал-жабдықтарды пайдалану салдарынан еңбек өнімділігі соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда төмен болды [3; 52 п.]. Бұл, екінші жағынан, өндірістік қиындықтарды туындатса да, 1920 жж. екінші жартысынан бастап тауар-ақша айналымы дамуының есебінен қазақ шаруашылығының қуаттылығы күшейе түсіп, ол өз кезегінде нарықтық қатынастардың көлемінің өсуіне ықпал етті. Мәселен, осы кезеңде нарықтан түсетін ақша пайдасы натуралды тауар айналымынан түсетін пайдадан бес есеге артты, немесе сәйкесінше 82,6 мен 17,4 пайыздық көрсеткішті құрады [4; 41]. Ауыл шаруашылығында тауар-ақша айналымының өсуі өнеркәсіптің дамуына да оңды ықпал етіп отырды.

Мемлекеттің индустрияландыруға бет алуы тұтыну және жинақтау қорлары арасында экономикалық тиімділікке қолжеткізіп, ұлттық пайданы бөлуді көздеді. Сонымен бірге өндіріс құралдары мен тұтыну заттарын өндірудің тиімді арасалмағына қолжеткізілді. Бұл капитал қорларын экономиканың, халық шаруашылығының тиімді бөліктеріне жұмсау деген сөз. Мұның бәрі — мемлекеттің жылдамдатылған индустрияландыруды қолға алып, өнеркәсіп дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз етуіне жағдай жасады. Алғашқы бесжылдық жоспардың орындалу барысы Орталық биліктің жұмысына жаңа серпін бергендей болды. Ол жөнінде Ф.И. Голощекин 1931 ж. Алматы қаласында өткен партия белсенділері алдында сөйлеген сөзінде былай дейді: «...іс жүзінде біздің қарқынымыз, біздің жетістіктеріміз біздің бесжылдықта күткенімізден де асып түсті» [5; 3].

Республикада өнеркәсіпті бірыңғай басқару 1920 ж. РКФСР Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің Қазақ Өлкелік бюросын (бұдан әрі *Қазақ Өлкелік бюросы*. — Авт.) құрудан басталды. Ол өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметін реттеу, басқару және бақылау, олардың сметаларын, жоспарлары мен есептерін қарап бекіту, кооперативтік және жеке өнеркәсіптің дамуын реттеумен айналысты. Сонымен бірге өнімдерді өткізу және шикізатты дайындауды ұйымдастыру мәселелерін қарап, олар бойынша нақты шешімдер қабылдауды жүзеге асырды. Сондай-ақ оған жергілікті жерлерде губерниялық халық шаруашылығы кеңестерін ұйымдастырып, солардың көмегімен сауданы реттеу де міндеттелді. Қазақ Өлкелік бюросының жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру үшін оның құрамына Төралқа және мынадай бөлімдер кірді: секретариат, бухгалтерия, сауда орталығы, экономикалық басқарма, қаржы-коммерциялық, өндірістік [6; 19 п.]. Төралқаның 1922 ж. 14 тамызда бекітілген құрамына төраға болып Нестеров, оның орынбасары Каулин, мүшелері Батраков, Қазбеков [7; 132 п.], кейінірек мүше болып Бек сайланады [8; 95 п.].

Өнеркәсіпті орталықтанған түрде басқаруды қолға алған Орталық билік бүтін аумақты өндіріс орындары бойынша бөліп, оны басқарудың жаңа салалық принциптері негізінде игеруді көздеді әрі оны жүзеге асырды. Осы мақсатта 1921 ж. ақпанда Қазақ Өлкелік бюросының құрамында өнеркәсіптегі ғылыми-техникалық жетістіктерді дамыту және енгізу мәселелерін қарайтын *Ғылыми-техникалық бөлім* құрылды. Ол республикалық өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық қуаттылығын айқындау мақсатында Орталық биліктің пайдасына жұмыс жасады. Ертеректе игеруі басталған Риддер, Қарсақпай тәрізді ірі кәсіпорындар шынында да негізгі байлық көзі еді. Кейінгі жылдары осы өндіріс орындарының қуаттылығын зерттеу Ғылыми-техникалық бөлімнің құзыретінде болады.

Халық шаруашылығының күрделі саласын игеру Орталық билік тарапынан үлкен қырағылықты талап етті. Республикада Қазақ Өлкелік бюросымен қатар, шаруашылық істермен айналысатын әрі барлық шаруашылық мекемелердің қызметіне басшылық жасау, яғни бір орталықтан басқару мен бақылаудың қолайлығы үшін Қазақ Халық комиссариаты қарамағында 1921 ж. Еңбек және Қорғаныс кеңесі (бұдан әрі *ЕҚК*. — Авт.) құрылды. Тұрақты комиссия құқында құрылған бұл Кеңес алдымен қорғаныс пен шаруашылық құрылысты қамтамасыз етуде ұйымдардың қызметін келісу, бірыңғай шаруашылық жоспарын жасау, оның орындалуын қадағалаумен айналысты. Барлық салалық

шаруашылық мекемелер Еңбек және қорғаныс Кеңесіне бағынып, оларға оның қаулыларын орындау міндеттелді. Мұның өзі, алдымен, көп салалы өнеркәсіпті басқару күрделілігімен байланысты еді. ЕҚК өз қызметінде Қазақ Атқару комитеті мен Қазақ Халық комиссариатының, РКФСР Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесінің (бұдан әрі *ХШЖК*. — Авт.) заңдарын басшылыққа алды. Алайда халық шаруашылығының ортақ ісін басқарумен тікелей РКФСР ХШЖК-нің өзі айналысып, іс жүзінде ЕҚК-нің құзыреті шектетілді. ЕҚК-н Қазхалкомның төрағасы басқарып, оның жұмысын жүйелі түрде жүргізу үшін құрамына Қазақ Өлкелік бюросының төрағасы, Әскери, Еңбек, қатынас жолдары, Жер шаруашылығы, Азық-түлік, Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарлары және Кәсіподақ бюросынан өкіл, кеңесші дауыспен Статистикалық бюро меңгерушісі кірді [9; 25–25 арт.п.]. Жергілікті жерлерде экономикалық кеңестер құрылды.

Сонымен, халық шаруашылығын дамытудың жаңа үлгісін қалыптастыруда Орталық билік қандай табыстарға қолжеткізді. Алғаш жаңа экономикалық саясаттың мақсатына сәйкес жеке шаруашылық салаларын өркендету шаралары қолға алынды. Өндірістің тиімділігін арттыру, кәсіпорын шаруашылығын ұқыпты жүргізу мақсатымен өнеркәсіп орындары шаруашылық есепке көшіріліп, трестерге біріктірілді. Трест жүйесі біріктіруге қолайлы бір саладағы аса ірі өнеркәсіптерді қамтып, оларға техникалық басшылық жасау, жетілдіру және қайта құру мәселелерін шешті. Алдымен тұз өндіру, балық, мұнай, кен өнеркәсібі салаларының біраз ірі кәсіпорындары трестелді. Трест деп операцияларын дербес орындай алатын шаруашылық есептегі мемлекеттік өнеркәсіптік кәсіпорынды түсіну қажет. Трест басшылығын басқарма жүзеге асырып, ол осы жүйедегі барлық кәсіпорындардың бүкіл мәселесін шешті. Демек, олармен өндірілетін өнімдерді тек басқарма ғана сата алды. Мұндай орталықтанған жүйе кәсіпорындардың мұқтажын анықтап, жабдықтау қызметін қажетті деңгейде жүргізуге мүмкіндік бермеді. Оның үстіне трестеу ісінде тәжірибенің болмауы және сауда аппаратының әлсіздігі айналымның жоғары тежелуіне әкеліп соқтырды. Өндірістің тиімділігін арттыру үшін Орталық билік трестермен қатар, синдикаттар құруды қолға алуға мәжбүр болды.

Синдикаттың трестен өзгешелігі өндіріспен қана емес, саудамен, яғни дайын өнімді өткізу, кәсіпорындарды жабдықтау және олардың арасында тапсырыстарды бөлумен айналысты. Синдикатты құрудағы мақсат не еді? Ол да кәсіпорындарды біріктірді, бірақ өндіріспен айналыспады. Оның көмегімен шашыраңқы тауар айналымымен жоспарлы күресуді, ең бастысы, жеке капиталды рыноктан, көтерме саудадан ығыстыруды және өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуді жүзеге асырды. Трестен айырмашылығы синдикат заңды тұлға болып есептелді. Ол басқарма немесе дара басшылық негіздегі меңгерушінің басқаруында тікелей РКФСР мен КСРО Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесіне бағынды. Мәліметтерге жүгінсек, республикада дербес синдикаттар болған жоқ, тек металлургия, мұнай, былғары синдикатының кеңселері ұйымдастырылды. Мысалы, Орынбор және Петропавл тері-елтірі; Павлодар, Елек және Қоғалы тұз; Ембі мұнай сияқты ірі трестері; Қазақ мемлекеттік «Сексеуіл» тресті жұмыс істеді [10; 38, 64 pp.]. Өнеркәсіпте трестеу мен синдикаттаудың өз тиімді жақтары да болды. Өндіріске басшылық жасаудың трестерге берілуі Қазақ Өлкелік бюросын оларды басқарудан босатты. Бұл өнеркәсіптің қайта қалпына келтірілуіне, ал ол өз кезегінде мемлекеттік өнеркәсіптің жандануына септігін тигізді.

Республикалық өнеркәсіп салалары әуел бастан-ақ салалық принцип бойынша басқарылып, негізінен тек Ресейдің халық шаруашылығына қажетті шикізаттарын дайындады. Айталық, тоқыма өндірісі саласын басқаратын Тоқыма өнеркәсібі РКФСР өнеркәсібі үшін шикізат дайындаумен шұғылданса [11; 1 п.], Бүкілресейлік «Шерсть» серіктестігімен келісім бойынша республика аумағында жүн дайындау мақсатында 1921 ж. желтоқсанда Жүн басқармасы ұйымдастырылды. Жүн дайындауды жүйелі түрде ұйымдастыру және оны іске асыру үшін жергілікті жерлерде 5 аудандық кеңсе ұйымдастырылады: Орынбор кеңсесі Орынбордан Шалқарға дейінгі темір жол торабы бойымен Ойыл, Ырғыз, Орск аудандарын; Қостанай кеңсесі Қостанай губерниясын, Торғай облысының бір бөлігін, Троицк ауданын; Петропавл кеңсесі Ақмола губерниясы аудандарын, Семей кеңсесі Семей губерниясы аудандарын, Орал кеңсесі Орал және Бөкей облыстарының аудандарын қамтыды (сур. кара).



Сурет. Жүн басқармасының аудандық кеңселері

Жүн басқармасына бағынған аудандық кеңселер жүнді сатып алуды контрагенттердің, делдалдар мен тікелей агенттік аппарат көмегімен жүргізіп отырды. Жұмысты шаруашылық есепте атқарып, оның қиындықтарына қарамастан, 1922 жылдың 1 қыркүйегінен 1923 жылдың 1 қаңтарына дейін барлығы 34 075 пұт 5 фунт жүн сатып алынады. Аудандық кеңселер бойынша мәліметтер төмендегі кестеде берілді [12; 46 п.].

К е с т е

**1922 жылдың 1 қыркүйегінен 1923 жылдың  
1 қаңтарына дейін сатып алынған жүн бойынша мәліметтер**

Р/с №	Кеңсе атауы	Көрсеткіш (пұт, фунт есебінен)
1	Орынбор	5 667 пұт 71 фунт
2	Семей	13 659 пұт 72 фунт
3	Петропавл	6 683 пұт 30 фунт
4	Қостанай	5 961 пұт 32 фунт
5	Орал	2 100 пұт
<b>Барлығы</b>		<b>34 075 пұт 5 фунт</b>

Шикізат дайындау барысында орын алған қиыншылықтарға қарамастан, оны өндіру жалғасын тауып жатты. Атап айтқанда, 1921 ж. басында білікті жұмысшы күшінің жетіспеуіне байланысты тоқыма өнеркәсібінің барлық саласында өндірістер біраз уақытқа тоқтап қалған. Жүннен түрлі бұйым жасайтын өндірістің барлық өнеркәсіптерінде жеткілікті өндірмеу де байқалды. Мысалы, Орал шұға-жүн, Орынбор механикаландырылған тоқыма иіру, Қостанай жүн фабрикаларында осындай жайттар орын алды [11; 12 п.]. Мұндай жағдай қарыздың көбеюіне әкеліп, қаражаттың жетіспеуі салдарынан біраз ішкі салалық өндіріс кәсіпорындары қысқартылған. Мәселен, Қазақ Өлкелік бюросының Төралқасы тері және тері шикізатын дайындау басқармаларының қарызын арнайы құрылған комиссиямен анықтап, басқарманы 1922 жылдың 1 маусымынан, ал жергілікті мекемелерін 15 маусымға қысқарту туралы шешім қабылдайды. Тері шикізатын дайындау «Кожсиндикаттың» Қазақстан бойынша уәкіліне жүктеледі. Бірақ саланың маңыздылығы 1923 ж. оны өз алдына дербес шығаруды қажет етіп, ол үшін арнайы «Казшерсть» ұйымдастырылады [7; 117]. Әрине, бұл мәселелердің бәрі Орталық биліктің пайдасына шешіліп отырғаны жасырын емес. Себебі шикізат өнімдерін халықтан арзан бағамен сатып алу үшін губерниялық халық шаруашылығы кеңестері қарамағында сауда бөлімдерінің құрылуы осы мақсатты көздеген. Олар тікелей РКФСР-дің Орталық сауда басқармасының нұсқауымен жұмыс жасады. Республикалық деңгейде Орталық сауда басқармасы губерниялық сауда бөлімдерімен және өнеркәсіптік кәсіпорындармен тұрақты өзара қарым-қатынастарын бекіту үшін Қазақ Өлкелік бюросының Сауда бөлімі ұйымдастырылды [13; 8].

Шикізат дайындаумен бірге өнеркәсіпке қатысты барлық ұйымдастыру (дайындау, айырбастау, сауда т.б.) шараларын жүргізуді де Орталық билік өз қолына алды. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылық өнімдерін өнеркәсіпке қажетті фабрикат, тағамдарға айырбастаумен Қазақ Өлкелік Бюросының уәкілі қарамағындағы Сауда кеңсесі айналысты [7; 50]. Сауда кеңсесі Қазақстанның сауда-айырбас бойынша мүддесін білдіруде кең өкілеттіктерді пайдалана отырып, Мәскеу және Ресей базарларында

өнеркәсіптік бұйымдарды, шикізаттарды сату, шетте заңмен рұқсат етілген губерниялық мекемелердің барлық сауда-дайындау, айырбас әрекеттерін реттеу, ерекше тапсырмалар бойынша Қазақ Өлкелік бюросының атынан мемлекеттік мекемелерде, кооперативтік, жеке ұйымдарда сауда, қаржы келісімшарттарын жасауды іске асырды [14; 2–2 арт.п.].

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін кең тұтынуды ұйымдастыруда жәрмеңкелердің маңызы ерекше еді. Өйткені онан түсетін жеке капиталдың пайдасы есебінен мемлекеттік қор еселеніп отырды. Алғаш 1922 ж. 4 қыркүйекте Ойыл жәрмеңкесін ашу туралы Қазақ Өлкелік Бюросының кеңесі өтіп, Еңбек және қорғаныс Кеңесінің қаулысына сәйкес оның ашылуы 25 қыркүйек пен 1 қараша арасы белгіленеді. Ұйымдастыру мәселесімен арнайы құрылған Жәрмеңкелік комитет айналысты. Оның құрамына Еңбек және қорғаныс Кеңесінің төрағасы, Қазақ Өлкелік Бюросы, Сыртқы сауда, Мемлекеттік банк, «Центросоюз», Азық-түлік халкоматы, Адай революциялық комитеті, Ақтөбе губерниялық атқару комитетінен өкілдер, саудагерлердің таңдауымен үш мүше, барлығы он бір адам кірді. Жәрмеңке Ақтөбеде өткізілетін болып шешім қабылданады [7; 166].

Ресейдің империялық модернизациясы Қазақстанды кең көлемде мемлекеттік деңгейде кеңестік басқару жүйесін ендіру жолымен отарлауы бейбіт түрде тереңдей берді. Орталық билік пайдалы қазбаларды кеңінен игеруде «бөліп ал да, билей бер» принципімен республика аумағын үш аймаққа — Семей, Орск, Каспий жағалауы тау-кен аймақтарына бөлді [10; 33–33 арт.п.]. Атап айтқанда, округінде Іле тұз өндіру кәсібі мен Бузбин, Жетіғара, Қолшы алтын кен орындары Орск тау-кен аймағына, Екібастұз тас көмір кені мен зауыттары, Риддер тау-кен өнеркәсіптік кәсіпорны, «Сокольный» кенті, «Опыт электролит» зауыты, «Опыт» цианды зауыты, Орталық электр су стансасы Семей тау-кен аймағына қарайды. Тау-кен ісін басқару алғаш тау-кен секциясына, кейін Тау-кен қадағалау басқармасына жүктеліп, оның Семейде (1922 жылы 1 шілде), Орынборда (1921 жылы 11 желтоқсан), Гурьевте (1923 ж. 11 мамыр) үш аймақтық мекемесі ашылады [7; 106 п.]. Басқарма тау-кен пайдалы қазбаларды игеруде барлық жауапкершілікті өз мойнына алды.

Өнеркәсіптің жоспарлы дамуы барысында кәсіпорындарды жалға беру, яғни жеке капиталды реттеу мәселесі маңызды мәселенің біріне айналды. 1922 ж. БОАК негізгі жеке мүліктік құқықтар туралы декретінде азаматтарға фабрика-зауыт кәсіпорындарын, өндіріс құралдары мен жабдықтарын, өнеркәсіп өнімдерін меншіктену, тұтас алғанда, кәсіпшілікпен айналысу құқын беруді заңдастырады [9; 25–25 арт.п.]. Бірақ оның іс жүзіне асуы қалай жылдам болса, сондай жылдамдықпен көп ұзамай-ақ тоқтатылады. Себебі Орталық билік мемлекеттік қорды еселеу мақсатымен бар күшті жеке капиталды нарықтан және көтерме саудадан ығыстыруға жұмылдырды. Мұндай бетбұрыс кезеңде ЕҚК-нің алдына өнеркәсіпті трестеу, синдикаттау арқылы аудандастыру, оны жетілдіру, жалпы халық шаруашылығының жеке салалары дамуын айқындау, республиканың қаржылық және шаруашылық жоспарларын қарау, ұйымдар арасында дауларды шешу тәрізді күрделі міндеттер қойылады. Осыған орай 1923 ж. Еңбек және Қорғаныс кеңесі Экономикалық Кеңес болып қайта құрылды. Негізгі мәселелермен қатар, шаруашылық есепке көшетін, қысқаратын, жалға берілетін кәсіпорындардың тізімдерін, концессия және жалға беруге қатысты мәселелерді қарап, олардың өзара қарым-қатынастарын бекітті. Экономикалық кеңеске Қазақ Өлкелік бюросымен салыстырғанда жауапты міндеттер жүктелді. Ол шикізат дайындау, тауар алмасу әрекеттерін жүргізу, экспорттық тапсырыстар бойынша өнеркәсіптің тұтыну шикізаттарына, құрал-жабдықтарына қорытынды беруді жүзеге асырды [15; 30].

1924 жылдан бастап жеке өндірісті тоқтату бойынша нақты шаралар қолға алына бастады. Жаңа кәсіпорындарды жалға беру мүлдем тоқтады. Орташа алғанда 1924–1925 жж. алдыңғы жылмен салыстырғанда жеке кәсіпорындар саны 9,9 %, ондағы жұмысшылар саны 2,8, ай өнім деңгейі 0,4 пайызға төмендеді. Өртүрлі қиыншылықтардың, соның ішінде ең бастысы білікті жұмысшы күшінің жетіспеуінен кәсіпорындардың біразы ғана жұмыс істеп тұрды. Айталық, тұз өндіру кәсібінде Іле, Павлодар, Қоғалы трестері мен Қарабас тұз өндіру кәсібі; мұнай өнеркәсібінде Ембі мұнай тресті; күміс қорғасын өнеркәсібінде Екібастұз қорғасын зауыты; алтын руда өнеркәсібінде Жетіғара кені, Оңтүстік Орал алтын, Екібастұз зауыты, Риддер кені жатқызылды [10; 38, 64 арт.п.]. Білікті жұмысшыларды даярлау мәселесі 1928 ж. қарай үлкен жастағы жұмысшыларға, қазақ және орыс жасөспірімдеріне бөлек арналған курстарды ұйымдастыру жолымен шешіле бастады [16; 13, 14].

Қаржы-несие жүйесін қайта жасауды көздеген Орталық билік оны халық шаруашылық өнімділігін көтеру міндетіне барынша бағындыруға ұмтылды. Осы бағытта, алдымен, салық салу жүйесіне өзгерістер енгізіліп, салық мөлшері бірден көтерілді. Мәселен, кәсіпшілік салық мөлшері

1,9 есе, ал кіріс салығы бес есеге өсті [15; 31 п.]. Әрине, мұндай жағдайда жеке қорлану мөлшері азаятыны анық. Сондықтан кейбір өнеркәсіп салаларына жеңілдік берілді. Алтын өндіру өнеркәсібін жалға алушылар салықтан босатылды. Қолөнершілер мен қолөнермен айналысатындар жоспарлы түрде көптеген шикізаттармен жабдықтала бастады. Мұның бәрі басқару органдары құрылымының өзгеруін қажет етті. Республикалық басқару органы, яғни Қазақ Өлкелік бюросы 1924 жылы 1 қаңтарда Халық шаруашылығының Орталық Кеңесі болып қайта құрылды [17]. Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесімен толық үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін оған біріккен халық комиссариаты мәртебесі берілді. Халық шаруашылығының Орталық кеңесі Қазақ Атқару комитетіне және Қазақ халық комиссариатына, КСРО мен РКФСР Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесіне бағынды. Осылайша, өнеркәсіпті мемлекеттік орталықтандыру толығымен іске асты. «Біртұтас өнеркәсіп ошақтарын» құру идеясына сәйкес өнеркәсіптің барлық саласы жалпы одақтық, республикалық және жергілікті болып үшке бөлінді. Республикалық, жергілікті кәсіпорындар Халық шаруашылығының Орталық Кеңесіне, ал одақтық дәрежедегі өндіріс орындары КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің қарамағына берілді.

Жалпы экономикалық сипаттағы мәселелер Қазақ Халық комиссариатының қарауына беріліп, онымен осы уақытқа дейін айналысып келген Экономикалық Кеңес қысқарады. Халық шаруашылығының Орталық Кеңесі өнеркәсіпті басқару, сауда қызметін реттеу, басшылық жасау, кооперативтік, жеке өнеркәсіптерді және жергілікті мекемелердің қызметін бақылауды жүзеге асырды. Оның Қазақ Өлкелік бюросымен салыстырғанда міндеті шектеулі болды. Өнеркәсіп, трестердің өндірістік бағдарламаларын, қаржылық жоспарларын қарау іс жүзінде РКФСР Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесінде шоғырланып, барлық ірі, ұсақ кәсіпорындар соның қарауына берілді. РКФСР Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесінің бекітуімен Қазақ Атқару комитеті тағайындаған төраға басқаруындағы Халық шаруашылығы Орталық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру үшін қарамағында құрылған Төралқа және Жоспарлау комиссиясына бақылауды Орталық билік жүргізді. Губерниялық атқару комитеттері құрамында жергілікті халық шаруашылығы бөлімдері құрылды.

Жеке капиталдың ығыстырылуы нәтижесінде Кеңестер Одағы бойынша 1924–1925 жж. барлық өнеркәсіп өнімдерінің 79,3 пайызын құраған социалистік сектордың көрсеткіші кейінгі жылдары төмендей берді. Сондықтан негізгі күш индустрияландыруды дамыту, әсіресе ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта жөндеуден өткізу, жаңа фабрика, зауыт салуға жұмсалды. Мұның бәрі мемлекеттік қаражаттың жұмсалуды, бақылауды, шаруашылықты жүргізудің жоспарлы бастамасын қолға алуды талап етті. Соның салдарынан 1928 ж. жалға беру саясаты толығымен тоқтатылды. 1930 ж. тіпті тұтыну заттарын сату үшін ұйымдастырылатын жәрмеңкелер де қысқарды. Өнеркәсіпті ары қарай қайта құру салалық өндірісті күшейту бағытында жүрді. Нақтырақ айтқанда, ауыр өнеркәсіптің маңызды салаларының дамуына қаражатты шоғырландыру, кәсіпорындарға кеңірек ерік беріп, олардың белсенділігін арттыру қажеттігі туды. Бұл мәселе 1918 ж. В.И. Лениннің социализмді «кеңестік билікті және басқаруды кеңестік ұйымдастыруды капитализмнің жаңаша прогресімен үйлесімдікте» орнату туралы бастамасынан басталғаны белгілі. Осыған сәйкес Кеңестік Ресей барлық жағынан, экономикасынан бастап киноөндірісіне дейін Америкамен теңесуге дайын тұрды. Индустрияландыруды қолға алғаннан кейін Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастық арта түседі. Мәселен, машина жасау құрылысын дамыту ісінде 1928 ж. Кеңес үкіметімен «ең алдымен, американдық фирмалардан үйрену қажет» деген шешім қабылданады. Американдық машиналардың ресей жолдарына бейімділігі, олардың арзан болуы, өндірістің қарапайымдылығы шын мәнісінде дұрыс шешім болатын. Тіпті 1920 жж. Кеңес Одағы 24 мыңнан аса «Форд» тракторын сатып алып, ең ірі тұтынушы атанған [18]. Алайда кеңестік биліктің экономиканы американдық үлгіде ұйымдастыру шаралары, дәлірек айтқанда, артқа қалған аграрлы мемлекетті алдыңғы қатарлы индустриалды мемлекетке айналдыру арман-ниеті жүзеге аспады. Түптеп келгенде, өнеркәсіпті ұйымдастыру технологиясы мен принциптері шаруашылықтың кеңестік орталықтанған, бюрократиялы жүйесімен үйлесін таппады.

Іс жүзінде өнеркәсіпті ұйымдастырудың негізіне жоспарлы басшылықты орталықтандыру және жедел атқарылатын жұмыстарды кәсіпорынның өзінде шоғырландыру принципі алынуы тиіс болған. Мұның бәрі салалық өнеркәсіпті басқаруды күшейтуді қажет етті. Елде өнеркәсіпті басқарудың негізгі буыны трест орнына кәсіпорын, бұрынғы салалық өнеркәсіптік басқармалар орнына салалық өнеркәсіптік бірлестіктер құрылды. Кәсіпорын мен салалық өнеркәсіптік бірлестіктер дербес шаруашылық бірлігі ретінде шаруашылық есепте жұмыс істей бастады. Әр салалық кәсіпорын дербес



өндіріс орны болып есептелді. 1929 ж. «Өнеркәсіпті басқаруды қайта ұйымдастыру туралы» Қаулы бойынша өнеркәсіпті басқаруда кәсіпорын негізгі буын деп танылады.

Кәсіпорындардың құрылуы өнеркәсіпті жоспарлы түрде басқаруға, жабдықтауға мүмкіндік берді. Орталық билік бұл міндетті кәсіпорындарды үш топқа бөлу арқылы жүзеге асырды [19; 72].

«А» тобындағы «одақтық» дәрежедегі кәсіпорын, трестерді бірлестік басқарды. Мысалы, «Сталь» бірлестігінде қара металлургия, ал «Всехимпромда» химия саласының барлық кәсіпорындары шоғырланды. Барлығы жалпыодақтық 33 бірлестік құрылды. Сонымен бірге Қарағанды көмір бассейні де жеке трест ретінде РКФСР Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесіне бағынды [5; 6].

«Б» тобына «одақтық», «республикалық» және «жергілікті» трестер кірді. Оларды басқарған бірлестіктер ортақ техникалық, жоспарлау басшылығын жүргізді. Былайша айтқанда синдикаттық қызмет атқарды. Әр топтағы кәсіпорынға жеке шаруашылық бірлестігі ретінде жедел жоспарлау міндеті жүктелді. «В» тобына кірген «республикалық» және «жергілікті» кәсіпорындар, трестер бірлестікке әкімшілік жағынан ғана бағынды.

Сонымен, республикалық кәсіпорындарды басқару бірлестікке жүктелді. Әрине, бұл Орталық билікке тиімді бола қойды деу қиын. Себебі кәсіпорындардың үлкен санын біріктірген бірлестіктің «алыптығы» оларды жедел басқаруды қиындата түсті. Бірлестіктер белгілі саланың барлық кәсіпорындарын біріктіруге ұмтылса, халық шаруашылығын көтеру кәсіпорын санының өсуіне әкелді. Мұндай жағдайда өнеркәсіпті басқару оның талаптарын қанағаттандыра алмады. 1930 ж. бірлестіктер кішігірім ұсақ аумақтық бірлестіктерге бөлінеді. Бұл шара да Орталық билікті қанағаттандырмады. Аумақтық бірлестікті құру республикалық кәсіпорындарды соның қарамағына беру деген сөз. Онда оларды тікелей басқаруды республикалық мекемеге жүктеу қажет. Оның үстіне КСРО Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі құрамында салалық басқару орталығы ретінде басқармаларды қайта қалпына келтіру де керек еді. Орталық билік бұл мәселені республиканың пайдасына шешкісі келмеді. Өнеркәсіпті көп сатылы басқару 1931 ж. жоспардың орындалмауына әкелді. БКП(б) XVII конференциясының Қарарында өнеркәсіптік жоспардың орындалмауының басты себептері «...басқарушы шаруашылық ұйымдардың қолайсыз үлкендігі мен олардың кәсіпорындардан алшақтығы, бірлестіктердің кәсіпорындарды басқаруды дұрыс жүргізбеуінде», — деп атап өтіледі [19; 72, 73]. Осыған орай кәсіпорындардың бағыныштылығы өнеркәсіптегі салалық бірлестіктерді құру мәселесімен бірге қайта қаралады. Маңызды ірі кәсіпорындар, әсіресе ауыр өнеркәсіптер жалпы одақтыққа жатқызылып, сәйкесінше, одақтық мекемелердің қарауына берілді. Мәселен, республикадағы Ембі мұнай, Қарсақпай, Риддер, Түркістан-Сібір темір жолы сияқты ірі кәсіпорындар одақтық басқару органына қарады. Өнеркәсіп саласын басқаруда қалыптасқан мұндай жағдай Халық шаруашылығының Орталық Кеңесінің ауыр өнеркәсіпті басқарудағы рөлінің төмендеуіне әкелді.

Екінші жағынан, осы мәселеде Қазақстанның үлесі қандай еді? Сол 1931 ж. қаңтарда өткен партия белсенділері алдында жасаған баяндамасында Ф.И. Голощекин «Об этом свидетельствует огромный, необычный рост продукции нашей государственной промышленности. В этом году (1930 г. — Авт.) мы произвели продукции по нашей промышленности на 25 процентов больше, чем в прошлом году, а за последние два года мы произвели продукции на 30 с половиной миллиардов рублей вместо предположенных по пятилетке 29,3 миллиардов рублей...»\* [5; 3].

The first National Security Concept of Mongolia, adopted in 1994, defined one of the ways and means to ensure the security of the existence of Mongolia is «*to ensure the nuclear-weapons-free status of Mongolia at the international level and make it an important element of strengthening the country's security by political means*».

As noted Mongolian scholar Enkhsaikhan Jargalsaikhan: «When Mongolia's single-State NWFZ status is internationally recognized and legally guaranteed, it would in fact be its internationally accepted regime with all the benefits that come with NWFZ status, including security assurances, more rigid than NPT verification regime, support in peaceful uses of the achievements of nuclear energy and science. As such, it could also serve as an example for some other states that due to their geographical or geopolitical location cannot form part of traditional NWFZs [19]. Moreover, Mongolia's NWFZ status can be an important element of Northeast Asia security» [20].

In 2000, the State Great Hural (parliament) of Mongolia adopted the Law of Mongolia on its Nuclear-weapon-free Status as well as Resolution 19 on measures to be taken in connection with the adoption of the law [21]. The law reinforces commitments of Mongolia, undertaken by the NPT. Moreover, it also committed Mongolia to prohibit stationing or transporting nuclear weapon and its components, transiting it or dumping nuclear weapons grade radioactive material or their dangerous wastes on the territory or in the vicinity of Mongolia.

In 1998, thanks to Mongolia's tireless diplomatic efforts, the UN General Assembly adopted the Resolution 53/77D, entitled «Mongolia's International Security and Nuclear-Weapon-Free Status», which welcomed Mongolia's initiative and invited member states, including the five nuclear-weapon states, to work with Mongolia in taking the necessary measures to consolidate and strengthen its status. This was followed by the General Assembly adopting successive resolutions that recognized Mongolia's NWFS and aimed at consolidating this status in every two years. In addition, the UN Secretary General submitted a biannual report to the General Assembly on the implementation of these resolutions.

Another important milestone towards institutionalizing Mongolia's nuclear-weapon-free status (NWFS) took place in October 2000, when five nuclear-weapon states (P5) issued a joint statement providing nuclear security assurances to Mongolia in connection with its NWFS [22]. In this statement the P5 pledged to refrain from using or threatening to use nuclear weapons against Mongolia, and to come to Mongolia's assistance in case such use or threat occurred [23]. Mongolia welcomed the statement as a manifestation of political will on the part of the P5 to implement the provisions of resolution 53/77D and as a first important step in institutionalizing its nuclear-weapon-free status.

On 17 September 2012, the Permanent Representatives to the United Nations of the five nuclear-weapon states — the United States, Russia, China, United Kingdom and France — and the Permanent Representative of Mongolia to the United Nations signed parallel political declarations regarding Mongolia's NWFS. As a part of the declaration, the P5 reaffirmed the joint statement on security assurances they made in connection with Mongolia's NWFS at the UNGA on 5 October 2000. In addition, the P5 also affirmed their intent to respect Mongolia's NWFS and not to contribute to any act that would violate it. As a part of the parallel political declaration, Mongolia confirmed that it has and will continue to fully comply with its commitments as a non-nuclear-weapon state (NNWS) party to the Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons (NPT) and pursuant to its own domestic law of 3 February 2000, has the domestic legal status of being nuclear weapon free. Mongolia welcomed the 2012 P5 joint declaration as a valuable commitment tailored to its geopolitical location and relevant to its actual security needs. When providing the assurances, however the P5 have pointed out that they would have difficulties in providing legally based assurances, since that would set a precedent [17].

Though the P5 recognized Mongolia as a 'unique case', they were and still are hesitant to acknowledge it as a single-State NWFZ since, in their view, that might set a precedent that could discourage others from establishing traditional NWFZs [23]. On the other hand, all NWFZs have not only fully recognized Mongolia as a nuclear-weapon-free state but also have welcomed it into their ranks.

#### *Abolition of nuclear weapons*

Though the human race has not used nuclear weapons directly against each other since the devastating atomic bombings of Hiroshima and Nagasaki, a danger of nuclear war will continue to exist unless nuclear weapons are not completely prohibited and abolished by international law.

The first step towards abolition of nuclear weapons was taken in 1961, when the United Nations General Assembly passed a resolution declaring that the use of nuclear weapons was illegal. 55 states (consisting mainly of communist and Third World countries) voted in favour of the resolution, 20 states (mainly Western countries) voted against and 26 states (mainly Latin American countries) abstained [24; 346]. A General Assembly resolution of this type is an evidence of customary law and the voting figures for this resolution showed the absence of generally accepted custom.

The issue of the legality of the use of nuclear weapons was brought before the International Court of Justice on the basis of two requests for an advisory opinion, one filed by the World Health Organization (WHO) in 1993, the other filed by the UN General Assembly in 1996. On 8 July 1996, the Court delivered its advisory opinion on both requests. The request made by the WHO was dismissed (by 11 votes to 3) with the reasoning that under the 'principle of specialty' which governs international organizations and limits their powers, the WHO had no competence to deal with the legality of the use of nuclear weapons, even in view of their health and environmental effects. With regard to the request made by the General Assembly, the Court found that there is neither a customary or conventional law 'any specific authorization of the threat or use of nuclear weapons' (unanimously), but also no comprehensive and universal prohibition (by 11 votes to 3).

The court further replied (unanimously) that 'a threat or use of force by means of nuclear weapons that is contrary to Article 2, paragraph 4 of the United Nations Charter and that fails to meet all the requirements of Article 51, is unlawful'. The most controversial finding (by seven votes to seven, by the President's casting vote) is rather mysterious:

*«It follows from the above mentioned requirements that the threat or use of nuclear weapons would generally be contrary to the rules of international law, applicable in armed conflict, and in particular the principles and rules of humanitarian law. However, in view of the current state of international law and of the elements of facts at its disposal, the Court cannot conclude definitely whether the threat or use of nuclear weapons would be lawful or unlawful in an extreme circumstance of self-defense, in which the very survival of a State would be at stake» [24; 349].*

If at that time, the ICJ would have been able to rule that the threat or use of nuclear weapons were unlawful, it could have been a turning point in the history, making tremendous contribution to protecting international peace and security, as well as promoting wellbeing and prosperity of the humanity. Because all 15 judges of the ICJ are appointed for nine years mandate, another composition of judges may rule a different decision regarding the legality of nuclear weapon [25].

Some people argue that although the use of nuclear weapons can bring catastrophic consequences, they can also give an enormous military advantage. For instance, Dr. Peter Malanczuk from the Erasmus University wrote: «If nuclear weapons had not been used against Japan, the war against Japan in 1945 might have lasted at least another year» [24, 347]. But like many other people, I think it is immoral and inhumane to justify the use of nuclear weapons in any circumstance.

In recent years, international civil society has become a powerful force in the fight against nuclear weapons. One such example is the *International Campaign to Abolish Nuclear Weapons (ICAN)*, a coalition of non-government organizations in 100 countries advocating for a strong and effective *nuclear weapon ban treaty*. ICAN originated in Melbourne, Australia, in 2007. Thanks to their relentless efforts and strong advocacy, the UN General Assembly finally adopted a landmark resolution on 27 October 2016, to launch negotiations in March 2017 on a treaty outlawing nuclear weapons. Despite arm-twisting by a number of nuclear-armed states, the resolution was adopted in a landslide. A total of 57 nations were co-sponsors, with Austria, Brazil, Ireland, Mexico, Nigeria and South Africa taking the lead in drafting the resolution. 123 nations voted in favour of the resolution, with 38 against and 16 abstaining.

The UN vote came just hours after the European Parliament adopted its own resolution on this subject — 415 in favour and 124 against, with 74 abstentions — inviting European Union member states to «participate constructively» in next year's negotiations. Monday, 15 Nobel Peace Prize winners urged nations to support the negotiations and to bring them «to a timely and successful conclusion so that we can proceed rapidly toward the final elimination of this existential threat to humanity» [26].

### Conclusion

Unless nuclear weapons are not prohibited by international law, unless they are not totally abolished, the threat and danger of nuclear weapons cannot be eliminated. Though the size of nuclear inventory has

drastically decreased compared to the Cold War period, the remaining 15000 nuclear weapons can destroy our planet several times over.

The NPT of 1968 played an important role to limit vertical and horizontal proliferation. Without this treaty, the world could have been a more dangerous place with 30 or more nuclear-weapon states. Thanks to this treaty, five NWFZs have been established that cover the territories of more than 100 countries. In addition, possibilities of setting up a non-traditional single-state NWFZ have opened thanks to Mongolia's efforts to institutionalize its single-state NWFZ since 1992.

In the past, the WHO and UN General Assembly brought the issue of the legality of the use of nuclear weapons before the International Court of Justice in 1993 and 1996 respectively. Though both attempts were unsuccessful, it gave hope to many people that the world can one day prohibit nuclear weapons by international law.

The last big achievement on the abolitionist front was the fact that UN General Assembly finally adopted a landmark resolution on 27 October 2016, to launch negotiations in March 2017 on a treaty outlawing nuclear weapons. Despite arm-twisting by a number of nuclear-armed states, the resolution was adopted in a landslide. 123 nations voted in favour of the resolution, with 38 against and 16 abstaining.

It is my great hope that the negotiation of the treaty banning nuclear weapons will be successful and the world will be free of nuclear-weapons, the deadliest weapon ever created.

## References

- 1 Ed. by Maj Gen R.S. Mehta (Retd.), *Encyclopaedia of Nuclear Arms Control and Non-proliferation*. Vol. I, Pentagon Press, 2007. — P. 29.
- 2 Sverre Lodgaard, *Nuclear Arms Disarmament and Non-proliferation: Towards a Nuclear-weapon-free world?*, Routledge, 2011. — P. 47.
- 3 Washington Post, *Obama: How We Can Make Our Vision Of A World Without Nuclear Weapons A Reality*, 2016-03-30. Retrieved from [https://www.washingtonpost.com/opinions/obama-how-we-can-make-our-vision-of-a-world-without-nuclear-weapons-a-reality/2016/03/30/3e156e2c-f693-11e5-9804-537defcc3cf6\\_story.html?utm\\_term=.9bf2b1e2196e](https://www.washingtonpost.com/opinions/obama-how-we-can-make-our-vision-of-a-world-without-nuclear-weapons-a-reality/2016/03/30/3e156e2c-f693-11e5-9804-537defcc3cf6_story.html?utm_term=.9bf2b1e2196e)
- 4 SIPRI Yearbook 2016 Summary. Retrieved from <https://www.sipri.org/sites/default/files/YB16-Summary-ENG.pdf>
- 5 Von Gero von Randow, *Countdown für die Hölle: Wie entscheidet ein Präsident über den Atomkrieg?* DIE ZEIT Nr. 47/2016, 10. November 2016. Retrieved from <http://www.zeit.de/2016/47/atomkrieg-us-praesident-entscheidung-lua>
- 6 US Vice President Joe Biden announced on January 11, 2017 that the U.S. has cut an additional 553 nuclear weapons from its stockpile, bringing the Pentagon's nuclear weapons total to 4,018 warheads. Retrieved from <http://www.ploughshares.org/issues-analysis/early-warning/biden-announces-independent-reduction-us-nuclear-arsenal>
- 7 Greenpeace International, *Abolish nuclear weapons*, 18 April, 2006. Retrieved from <http://www.greenpeace.org/international/en/campaigns/peace/abolish-nuclear-weapons/>
- 8 NTI Paper, *Rising Nuclear Dangers: Steps to Reduce Risks in the Euro-Atlantic Region*, December 2016. Retrieved from [http://www.nti.org/media/documents/NTI\\_Rising\\_Nuclear\\_Dangers\\_Paper\\_FINAL\\_12-5-16.pdf](http://www.nti.org/media/documents/NTI_Rising_Nuclear_Dangers_Paper_FINAL_12-5-16.pdf)
- 9 *Broken Arrows: Nuclear Weapons Accidents*. Retrieved from [http://www.atomicarchive.com/Almanac/Brokenarrows\\_static.shtml](http://www.atomicarchive.com/Almanac/Brokenarrows_static.shtml)
- 10 See IPPNW North Asian Regional Meeting: Documents and Proceedings, 21–22 June, 2007, Ulaanbaatar, Mongolia, 15.
- 11 Arms Control Association, *Timeline of the NPT*. Retrieved from [https://www.armscontrol.org/system/files/NPT\\_Timeline.pdf](https://www.armscontrol.org/system/files/NPT_Timeline.pdf)
- 12 *Treaty on the Non-Proliferation of Nuclear Weapons (NPT)*. Retrieved from <https://www.un.org/disarmament/wmd/nuclear/npt/>
- 13 United Nations Office for Disarmament Affairs (UNODA), *Nuclear-Weapon-Free Zones*. Retrieved from <https://www.un.org/disarmament/wmd/nuclear/nwzf/>
- 14 *Treaty of Rarotonga (South Pacific Nuclear Free Zone Treaty)*. Retrieved from <http://www.nti.org/learn/treaties-and-regimes/south-pacific-nuclear-free-zone-spnfz-treaty-rarotonga/>
- 15 *Southeast Asian Nuclear-Weapon-Free-Zone (SEANWFZ) Treaty (Bangkok Treaty)*. Retrieved from <http://www.nti.org/learn/treaties-and-regimes/southeast-asian-nuclear-weapon-free-zone-seanwzf-treaty-bangkok-treaty/>
- 16 Altantsetseg, N., Enkhsaihan, J., Bayasagalan, S., & Oyunsuren, D. (2008). *The role of nuclear-weapon-free zone to ensure Mongolian national security*. UB. 64.
- 17 Statement by Dr. J. Enkhsaikhan, Chairman of Blue Banner on «Mongolia's nuclear-weapon-free status: a regional dimension» September 15, 2014 Tokyo, Japan. Retrieved from <http://www.recna.nagasaki-u.ac.jp/recna/bd/files/Ambassador-EnkhsaikhanNWFS-and-regional-dimension.pdf>
- 18 Morris Rossabi. (2005). *Modern Mongolia: From Khans to Commissars to Capitalists*. *University of California Press*. — P. 8.
- 19 Blue Banner NGO, *Single State NWFZ: Progress and Prospects*. Ulaanbaatar. 2007. 67.
- 20 Enkhsaikhan, J. (2006). *Mongolia's non-nuclear-status-an important element of Northeast Asia security*. UB. 15 Februar. — P. 10.

21 Parliament's report on the progress of the implementation of its resolution Mongolian Law on nuclear weapons. UB. 2008.

22 United Nations A/55/530-S/2000/1052.

23 Jargalsaikhany Enkhsaikhan, Mongolia's Status: The Case for a Unique Approach, *Asian Affairs: an American Review*, 27, 4, 2001.

24 Peter Malanczuk, Akehurst's Modern Introduction to International Law, 7<sup>th</sup> revised edition, Routledge 1997. — P. 346–365.

25 Edited by Kim Euikon and Oyunsuren Damdinsuren, *Beyond the Horizon of Turbulent Asia: Issues and Studies, Compilation of Selected Papers of Inha-NUM Joint Conferences. Ulaanbaatar 2016.* — P. 115.

26 UN votes to outlaw nuclear weapons in 2017 October 27, 2016. Retrieved from <http://www.icanw.org/campaign-news/un-votes-to-outlaw-nuclear-weapons-in-2017>

Оюунсүрэн Дамдинсүрэн

## Ядролық қарусыз әлем: таратпаудан жоюға дейін

Мақалада ядролық қару халықаралық құқықпен тыйым салынбаған жағдайда толық күшін жойған жоқ болса, ядролық қарудың қауіпі жойылды деу мүмкін еместігі айтылған. Ядролық арсеналдардың мөлшері қырғи-қабақ соғыс кезеңімен салыстырғанда күрт төмендегеніне қарамастан, қалған 15000 ядролық қару ғаламшарды бірнеше рет жоюы мүмкін. 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы келісім оның таралуына шектеу қоюда маңызды роль атқарды. Оның арқасында 100-ден астам елдің территорияларын қамтыған бес ядролық қарусыз аймақ қалыптасты. Сонымен қатар 1992 жылдан бастап ядролық қарусыз мемлекет құру мүмкіндігі жөніндегі өз мәртебесін институцияландыруда Монғолияның күш-жігерінің арқасында іске асырғандығы жайлы сөз қозғалған. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1993 тиісінше және 1996 жж. Халықаралық сотқа ядролық қаруды пайдалану заңдылығы мәселесін көтерді. Екі реткі әрекеттері де сәтсіз болса да, ол әлемде ядролық қаруды халықаралық құқыққа сәйкес шектеу қою мүмкіндігі туралы көптеген адамдарға үміт берді. Жаппай қырып жоятын қару-жарақты жою мәселесінде БҰҰ Бас Ассамблеясының соңғы ірі жетістігі, — 2016 ж. 27 қазанда ядролық қаруға тыйым салу туралы шарт бойынша келіссөздерді 2017 ж. наурызда бастау үшін айтулы қарарын қабылдады.

*Кілт сөздер:* халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, ядролық қару, қару-жарақсыз әлем, бейбітшілік, қырғи-қабақ соғыс, халықаралық сот, халықаралық шарт, келіссөздер, шектеу, жаппай қырып-жоятын қару, ядролық қарудан азат аймақ.

Оюунсүрэн Дамдинсүрэн

## Мир без ядерного оружия: от нераспространения к уничтожению

В статье подчеркнута, что если ядерное оружие не будет запрещено международным правом, угроза и опасность не могут быть устранены. Отмечено, что хотя размер ядерных запасов резко снизился по сравнению с периодом холодной войны, оставшиеся запасы могут уничтожить нашу планету несколько раз. Договор 1968 г. (ДНЯО) сыграл важную роль в ограничении вертикального и горизонтального распространения. Благодаря этому договору было создано пять безъядерных зон, охватывающих территории более 100 стран. Кроме того, возможности создания безъядерного государства открылись благодаря усилиям Монголии, направленным на институционализацию статуса безъядерного государства (с 1992 г.). Показано, что Генеральная Ассамблея ООН поставила вопрос о законности применения ядерного оружия в Международном суде в 1993 и 1996 гг. соответственно. Хотя обе попытки оказались безуспешными, это дало надежду многим людям, что мир может однажды запретить ядерное оружие по международному праву. Выделено, что последнее крупное достижение на аболиционистском фронте — 27 октября 2016 г. Генеральная Ассамблея ООН окончательно приняла знаменательную резолюцию, чтобы начать переговоры (в 2017 г.) по договору о запрещении ядерного оружия.

*Ключевые слова:* международные отношения, международное право, ядерное оружие, мир без оружия, мир, холодная война, международный суд, международное соглашение, переговоры, ограничение, оружие массового поражения, безъядерная зона.

**Р.С. Каренов**

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

### **Мұрат Мөңкеұлы — «зар заман» ақындарының ірі өкілі**

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысының жырауы, көрнекті ақын Мұрат Мөңкеұлының өмірі мен қызметі суреттелген. Оның жас кезінде өз заманының көптеген ақындармен айтысқа түсіп, әдеби шеберлік мектебінен өткендігі көрсетілген. Ақынның туған жерге деген махаббатты жырлап, көптеген өлеңдер, толғаулар, арнаулар шығарғандығы туралы айтылған. Өзінің өлең-толғауларында Мұрат жырау бай және батыл жігітті, бойжеткен қалыңдықты, қаршыға қосып аңға шыққанды, өмірдің қысқалығын, күйбең тіршіліктің өзгергіштігін жырлағандығы баяндалған. Халықтың ауыр жағдайын, өз күдігін, арман мен үмітін суреттеген ақынның маңызды шығармаларының бірі «Үш қиян» дастанына айрықша көңіл бөлінген. Қазақтарды рулық жікшілдіктен аулақ болуға шақырған «Сарыарқа» толғауына, сондай-ақ қазақ батырларына арналған «Қарасай-Қази» және «Қазтуған» поэмаларына сипаттама берілген. Мұрат өз шығармаларында көптеп қолданылып жүрген өлең пішіндерін шеберлікпен қолданғандығы, психологиялық сипаттамаларда шыншылдық пен нақтылыққа ұмтылғандығы, әдеби тілдің дамуына үлес қосқандығы туралы қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* қоғам, ел, зар заман, өкілі, отарлау, ақын, айтыс, толғау, халық, арман, үміт, жер, саясат, әдебиеттану тарихы.

#### *Кіріспе*

Қазақ әдебиетіндегі байырлық рух XVIII ғ. жоңғарлармен қарсы күресте, XIX ғ. ұлт-азаттық күресте қайта көтерілгенімен, Қазақстанның Ресей құрамына өтуі нәтижесінде «зар заман» кезеңі басталды.

Қазақ жеріне қол салған Патша үкіметі енгізген жаңа әкімшілік шаралар қазақ болмысына тән емес-ті. Ұрлық, талас-тартыс, алауыздық, арызқойлық — қазақ қоғамының осы кезеңдегі жемісі болды.

1737 ж. бодан болу құжатына қол қойылғаннан араға ғасыр салған уақытта қазақ жері толған орыс бекіністері болды. 1868 ж. «Қазақ жерін отарлау жоспары» жайлы құпия жарғыдағы «қазақтың ру басылары мен сұлтандарын бірімен-бірін иттей таластырып, бірінің етін бірі жейтіндей араз қылу керек» деген шарттары межесінен аса орындалды. Болыстыққа, старшындыққа талас елді алауыз қылды. Бодандыққа кірдік деген түсініктің өзі ұлысын да, кішісін де бейшара кейіпке түсірді.

Кез келген ұрыста қылыштың жүзінде, найзаның ұшында батылдық пен қайсарлық таныта алатын ержүрек халық мылтық пен зеңбіректің алдында шарасыз, дәрменсіз қалды [1; 3]. Сондықтан да бұл кезең зар заманға айналды.

Осы кезде өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының бір тобы қоғамда болып жатқан келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынға алды. Олар Қазақ елінің Ресейге қосылуымен капиталистік көзқарастардың енуін кері кеткендік деп есептеді. Өткен өмірді аңсады, болашақ туралы өз болжамдары мен пікірлерін білдірді.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзіндік көзқараста болған және сол бағытта жырлаған ақындарды М. Әуезов «зар заман жыршылары» деп атаған болатын және әдебиеттану тарихында да олар осылай айтылды [2; 11].

Зар заман кезеңінде ғұмыр кешкен орталық езігіге түскен қазақ халқының тағдырын мұн-зармен жырлаған ақындар шоғыры, оның белгілі өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, тағы басқалар. Олар XIX ғасырдағы қазақ өміріне тән барлық құбылыстарды аяусыз сынады. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін алып, аздырып, діннен аулақтату сияқты империялық пиғылдардың жүзеге асуына қарсылық қозғалысы зар заман ақындарының қайраткерлік поэзиясын өмірге әкелді.

1870 жж. жаңа низам заңы қолданылып, әрі ел аштыққа ұрынып, оязной, болыс, ауылнайлар билей бастағанда Шортанбай: «Зар, зар заман, зар заман, Зарлап өткен бір заман» деп күңіренсе, Мұрат Мөңкеұлы [3; 148, 149]:

*Замана қайтіп түзелсін:  
Қоңсыдан туған би болды,  
Бұ сықылды күй болды,  
Көрген жұртқа таң болды.  
Азамат ердің баласы,  
Айдарына малы жоқ,  
Топ көрерге зар болды.  
Қара кісі хан болды,  
Қоспақтан туған қортықша  
Қатарға шығып, нар болды.  
Асылзада баласы,  
Дәулеті кетіп қолынан,  
Қоңсысына құл болды.  
Асылсыздың баласы,  
Ақшасына сүйеніп,  
Айтқан сөзі пұл болды.  
Шыркөбелек айналып,  
Замананың адамы,  
Заманың мұндай сұм болды! —*

деп толғанды. Осы кездегі Ресей империясы тарапынан көрген қысым әдебиетте осылай қалды.

*Зар заман мектебінің аса ірі өкілдерінің бірі — Мұрат Мөңкеұлы*

Ол патша өкіметінің отарлау саясатының қазақ халқының болмыс-тіршілігіне кері әсер еткенін, көптеген қайшылықтарды алып келгенін, заманның азғанын, әдет-ғұрыптың тозғанын, ел-жұртта береке қалмағанын шығармаларының басты тақырыбы етіп алды. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмыс-салтына едәуір ықпал еткен капиталистік қатынастарды қабылдамаған ақын халық өмірінде болып жатқан өзгерістерге сын көзбен қарады.

Мұрат Ноғайлы заманында және одан кейінгі кезеңдерде өмір сүрген Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Шалғез, Доспамбет, Жиенбет жыраулардың шығармаларын біздің заманымызға бірден-бір жеткізуші болды. Оның қазақ тарихы үшін зор маңызы бар.

Мөңкеұлы Мұрат 1843 ж. Қазақстанның Батыс өлкесіне қарасты Қызылқоға жерінде, Қарабау жайлаған Беріш елінде дүниеге келген. Пайғамбар жасына келгенде (1906 ж.) Индер ауданының Өрлік ауылының Қараағаш деген жерінде өмірден озып, Жарсуат ауылы маңына жерленгені белгілі болып отыр.

Соңғы кездердегі басылымдарда Мұраттың әкесі Мөңкенің атақты би болғаны айтылып қалып жүр. Ол Тайсойған, Қарабау жерлерін мекендеген Қаратоқай ұлыстарының белді биі болған.

Мұрат жыраудың текті тұқымнан шыққаны шындыққа келеді. Ол Кіші жүздің он екі ата Байұлының Беріш руынан тарайды. М. Неталиевтің «Кіші жүз шежіресі» атты тарихи-этнографиялық зерттеуінде Беріш – Байбақты, Байсейіт болып екіге бөлінеді. Беріштің Байсейіт баласынан Тілес, Қимас туса, Тілестен Бөкен, Қаратоқай шығады. Қаратоқай қарттың Аңдағұл, Сасыған, Айтқожа деген үш баласы болады.

Қаратоқайдың ортаншы баласы Сасығаннан Аққұлы деген азамат дүниеге келеді, одан — бес бала: Қарабие, Жиенбай, Өтеғұл, Мамаш, Құлсары. Жиенбайдан – Рақпан, одан – Аман. Аманнан – Мөңке, одан – Матай, Мұрат ақын [4; 48–52].

Мұрат Мөңкенің екінші ұлы, үлкені Матай да күшті ақын болған. Біреулер оның руын неге айтып отыр деуі мүмкін. Ешкім де аспаннан түскен жоқ. Бұл танымдық үшін өте керек деректер.

Ақындық өнері Мұратқа нағашыларынан тараған. Ақынның анасының аты — Қырықжылқы. Адай руынан екен. Шежіреші Б. Қорқытов анасы туралы мынадай дерек жазған: «Мұраттың бала күнінен ақындықты аңсауына бір жөннен себеп болған, оны алғаш ақындыққа баулыған сол шешесі болса керек» [5; 6].

Мұраттың әкесі ерте өліп, ата дәулетінен өз басы ешнәрсе көрмей, ағасының қамқорлығында өмір кешіп, ер жеткен. Кейінірек Мұрат елі жұтқа ұшырап, өзі Адай ағайындарына барып жан сақтаған. Халел Досмұхамедұлының жазбаларына сүйенсек, Мұраттың нағашылары Адай руынан шыққан Азамат, Саламат, Сәмет дегендер заманында айтқыш адамдар екен. Болашақ ақынның қысылған шақта Маңғыстауға барып, нағашыларына паналауы да осыдан болса керек. Осы пікірлер Мұраттың өткен өмірін еске алған өз сөздерінде айқын жырланған [3; 158]:

*Бай Мөңке (Баймөңке) — Жер сауырысы, Тілеу, Құлан,  
Қайран жұрт көшуші еді толықсыған.  
Шай ішіп самаурыннан сәске түсте,  
Көп еді тәкәппарсып мырзасынған.  
Алланың құлы болсаң, бізге күлме,  
Тап болар тасқан жұртқа мұндай ылаң.  
Дүйсе мен Тоқпақ жайлап Жездібайды,  
Төрт түлік айналасы малға жайлы.  
Тай сойған екі кісіге біздің елді —  
Кетуші едік сараң десіп Мәтеш байды.  
Адайды сегіз арыс араладым,  
Көрмедім әлі күнге осындайды!*

Бұл жолдар, негізінен, қайғылы шақтың, кейбір ауыртпалығы көбірек кездердің сарыны.

Мұрат ауыл молдасынан білім алған. Зеректігі арқасында тез арада мұсылманша хат таныған. Оның көп үлгі алған адамы Есет би болған. Атақты Абыл ақыннан өнеге алып, өзі Мұрын жырау Сенгірбайұлына ұстаздық еткен. Мұрын өзінің Мұрат ақынмен кездескені жайында былай деген: «Мен Мұраттан өлеңді қалай айтып кеттіңіз» деп сұрағанымда, ол кісі: «Бір күні түсімде үлкен жиын той болып, отырған жұрт маған: «Өлең айт» деп даурығысты, білмеймін дегеніме құлақ аспады. Сол жерде телпегімді қолыма алып өлеңге бастым. Ояңсам түсім екен. Ертеңіне тұра сала өлең айтып едім, аузыма сөз түйдектей түсе берді. Содан былай өлең айтатын болып кеттім» [6; 65].

Әрине, бұл сөз де суырып салма, ақпа ақындар жөнінде көп айтылатын аңыздардың бірі екенінде күмән жоқ. Қайткен күнде де Мұраттың ерен жүйрік ақын болуын ел аузында осылайша баян етеді.

Мұрат жас шағынан жиын-тойға үнемі араласып, өлең айтуға машықтана бастайды. Бойындағы өнерін сыртқа шығарғысы келеді. Қалай болғанда да оның бозбала шағы өте көңілді өткен сияқты [3; 156, 157]:

*Тайсойған, Орал бойы өскен жерім,  
Кіндігім, кірім жуып, кескен жерім.  
Құрбымен жағаласып, бірге жатып,  
Жарты құрт тату күнде жескен жерім.  
Тайсойған, Орал бойы жүрген жерім,  
Қызығын дәулетінің білген жерім.  
Ат мініп, мырзалардан нар жетелеп,  
Қызылын әуестікке киген жерім.  
Қиғаш қас, оймақ ауыз, бал тамақты  
Күнінде асаулықтың сүйген жерім.  
Қой сойып, үй басына ойын қылып,  
Жиылып жүруші еді қыз бен келін.  
Шалқыған тасқын судай көңілін басып,  
Біреуге пенде болды кербездерім!*

Ақынның балалық шағы дәулетті ағайындарының ортасында, адал ниетті аға тәрбиесінің қалтықсыз қамқорлығында өткендіктен тез жетіліп, бойындағы табиғи талантының көзі дер кезінде ашылған.

Мұраттың 11–12 жастағы кезі болса керек. Жақын ағайынның бірі жоғалып кеткен бір үйір қысырағын айдап әкелуге жұмсапты-мыс. «Тауып келсең, бір тай мінгіземін» депті. Бірнеше күннен кейін «жылқыны таба алмадым» деп Мұрат қайтіп келеді. Жылқысы табылмаған жақын ағасы оған ренжіп, шаруаға қыры жоқтығын бетіне басады. Сонда бала Мұрат [7; 6]:

*Аға-әке, бұл баладан күдер үзбе,  
Онан да мінгізетін тайыңды ізде,  
Иншалла риздықтан кенде болман  
Келіпін дүниеге қоңыр күзде.  
Кесірін қысырақтың айғырдан гөр.  
Үйірін қайырмаған сылбырдан көр.  
Баланы қуантқаннан кемімесің  
Құдайым қабыл етсін ақымды бер.*

Он-он бес жасар Мұратқа «Ділмар», «Тақылдақ», «Өнері судай тасқан» деген асқақ атақтар таңылған. Талантының бұлақ көзін ашып, оның білімді, саналы боп қалыптасып кетуіне алғашқы тәрбиенің жөні бөлек болған. Есеттей көнекөз тірі шежіре шешен мен Матайдай ақын жанды мәдениетті азаматтардан өнеге алуы шешуші рөл атқарған.

Бірақ «ақын» деген қадірлі атақты алу үшін сол кездегі қазақ дәстүрі бойынша белгілі деген бірнеше ақынмен айтысып сыннан өту, жүлде алу, шарт, ал бұған көп дайындық керек бойға біткен дарын үнемі жеткілікті бола бермейді. Өзі бір кезде қойын баққан Есет би жас Мұраттың өнерге талпынған талабын көріп, оған: «Ақын боламын, басқамен айтысамын десең, өз елің мен бөтен елдің шежіресін, өткен-кеткен даңқты адамдарын, ел қамын жеген ерлерінің ерлік істерін жақсы біл, тек сонда ғана басқаларды жеңе аласың, онсыз құр ақындық данқ әпере алмайды» деп ақыл үйретеді. Сөйтіп, бала ақын өз елінің өткен тарихына үңіле қарап, ертеде қол бастаған батырлардың қанды жорықтар мен ерлік істері жөніндегі аңыздарды зор ықыласпен құштарлана тыңдайтын болады. Аржағы – Қобланды, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазы, Телағыс, Қазтуған сияқты ерлер турасындағы ескі жырлар болса, бержағы — Беріш руынан шыққан батырлар: Ағатай, Көктаубай, Құлбарақ, Таймандардың қалмаққа қарсы жорықтарының көріністері. Тіпті беріге келсек, ақынның өз руынан шыққан, қазақ халқының ардагер ұлдары: Исатай мен Махамбет те оған тікелей әсерін тигізеді. Халық ерлігінің жалынды бейнесіндей көрінеді.

Қай мәліметтерде болсын, ақындық жолын қуған Мұраттың өзі туып-өскен жерді көп аралағаны келтіріледі. Мәселен, ол Нарын, Құлын, Жайық бойын түгел кезеді. Сондай-ақ Тайсойған, Бүйрек құмын, Жем, Сағыз өзендерінің бойларын да тынымсыз шарлайды. Осы жол сапарларында көрген-білгені, ұққан-түйгені кейін ақынның сарқылмас азығы, көптеген шығармаларының қазығы ретінде үлкен рөл атқарады. Демек, Мұраттың ақындық өнеріне мұқият дайындалғанын көреміз.

Сөйтіп, Мұрат отыз жастан асқанша ел аралаумен болып, ақыры, отыз екі жасында Беріш Есен деген кісінің Науша атты қызына үйленген. Ақынның Сары, Дәулетқали атты екі баласы болған. Сарысы тым ерте қайтыс болған. Айтушылар алты жасар Сары іші кеуіп ауырып жатса, домбыра тартқанда тәуірленіп, іші басылады екен дейді. Бірақ ақынның мұрагері болуға тәңір жазбады. Ал Дәулетқали танылған ақын болды. Оның өлеңдері газеттерде жария болғанымен, кітапқа шыққан жоқ. Әкесін кері тартпа ақын деген соң, оның шығармаларына да тосқауыл жасалды [8; 28].

Мұрат Мөңкеұлы есейген шағында да ел кезіп, айтысқа түсуін, өлең шығаруын доғармайды. Өлең толғаулары мен поэмаларында ол әлеуметтік маңызы зор мәселелерді қозғайды. Қысқасын айтсақ, Мұрат шығармашылығының идеялық нысанасы — XIX ғасырдағы қазақ өлкесінің тарихи шындығы (осы тұстағы ел-жұрттың жан-жақты күйзелістері, ішкі, сыртқы қайшылықтары, қазақ елінің басына түскен қиындықтары).

Мұрат Мөңкеұлының шығармаларын үш салаға бөліп талдаған дұрыс. Біріншісі — ақынның айтыстары; екіншісі — оның бізге келіп жеткен азды-көпті өлең-толғаулары; үшіншісі — «Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған», «Қарасай-Қазы» атты белгілі толғау поэмалары.

#### *Мұраттың ақындық өнерін айтыс арқылы шындап жетілдіруі*

Қазақтың басқа әйгілі ақындары секілді Мұрат та айтысқа үлкен мән берген. Өзі сан рет бәйгіге түсіп, талай саңлақ жүйрікпін дегендерді күдіретті сөзбен тоқтатқан.

Мұрат айтысқа тым ерте, әлі жас, 15–16 жастар шамасында, түседі. Алғашқы айтыстары және де басқа көптеген тіл қағыстары бізге түгел жеткен жоқ. Жеткендерінің көбі ересек кезде, ақын атағына ие болып, ел кезген шағында өнеріне елдің құмартқан кезеңдегі көпшіліктің көңіліне ұялағандары ғана. Олар көп емес. Баспа бетін көріп жүргені тек бес-ақ айтыс:

1. Мұрат 1860 ж. тұңғыш рет айтысқа түсіп, кексе боп қалған, кезінде даңқы шыққан Жылқышы деген ақынмен шайқасады. Айтысушылардың түпкі руы бір болған себепті біраз қиындық та туады. Алайда Жылқышы өзі Сиық руынан екенін ескеріп, жеті аталы үш Сиықтың балаларын мақтайды да,



Мұрат: Адай, Беріш, Жаппас, Таз, Есентемір деген бес рудың адамдарын дәріптейді (Кіші жүздің рулары).

17 жасында айтысқан сөзінде Мұрат: «Жігіттің халыққа тиген пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып неге керек» [9; 102], — дейді. Бұл сөздер оны жас та болса кәрі ақыннан анағұрлым жоғары қояды. Ақырында, Мұраттың ағын сөзіне төтеп бере алмай Жылқышы жеңіледі.

Өмір бойы өлгенінше Мұрат ақын осы ұранды ұстап кетті десе болады. «Жігіттің халыққа тиген пайдасын айту» Мұраттың екі сөзінің бірінде ұшырайды.

2. 1863 ж. Мұрат өзінің келесі айтысын Бала Ораз Өтебайұлы сияқты жүйрік ақынмен өткізеді.

Таз деген елдің (Кіші жүз тайпасына жататын ру) Бала Ораз ақынын Мұрат Үйшіктегі жәрмеңкеде кезіктіріп айтысқа тартады. Сөз басталған шақта Байұлының екі ақыны тартысып жатқаны ұят деп, жиын басылары бұларды тоқтатып тастапты. Айтыстан бір үлгі [10; 616, 617]:

Бала Ораз:

*Жемнің бойын алдырмай,  
Жемге қала салдырмай,  
Дін қылышын сермедім.  
Қарабау мен Қаракөл,  
Тайсойған бүйрек ішінде,  
Бұқпақтап көшкен Берішке,  
Тола ма менің шеңгелім?!*

Мұрат:

*Ондай қашқын, ұрыны,  
Мақтауда етіп келгенің,  
Топ ішінде өлгенің.  
Заманға қарай сөз керек...  
Және айтасыз Берішті,  
Беріштің ісі тегісті,  
Бұл Беріштің ерлері,  
Губернатор жандарал,  
Офицер шенді орысқа  
Қылышын шешпей көрісті.  
Әнекей сондай ерлікті,  
Мақтау да етсең келісті.*

Келтірілген екі ақын сөздері де елінің басты батыр ерлерін тілдеріне тиек етіп, әрқайсысы өзі шыққан ұлыстарының арын арлап, сойылын соққан. Екеуі де талантты жүйріктер деуге куә боларлық жолдар. Ел аңызында осы айтыста Мұрат ақын жеңіске ие болыпты.

3. Мұрат кезінде Жантолы, Тыныштық, Шолпан деген әйел ақындармен де айтысқан. Солардың ішінде ел Жантолымен айтысын көбірек айтады. Бұл айтыс құрбылас адамдардың әзіл-қалжыңға құрылған ойнақы айтыс [8; 28].

Мұрат пен Жантолы жас күндерінен әзілдесіп айтысып жүрген, бірақ жеңісе алмаған. Мұрат жолаушылап кеткенде, Жантолы ұзатылыпты. Мұрат іздеп барып айтысады.

Жантолы:

*Болганда сары жұлдыз қаз келеді,  
Қыз өтсе, оған жалғас жаз келеді.  
Асығып ат ұстамады деп айып етпе,  
Көңіл ояу, көзіміз ұйқыда еді, —*

дейді.

Бір нәрсе тағы бірінде себеп болады емес пе, Мұрат осы сөзді қағып алып:

*Болганда сары жұлдыз қаз келеді,  
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді.  
Болганда тапа-тап түс ұйқың қанбай,  
Деппе едің қаса әулие неменені —*

деп Жантолыны тұқырып тастайды.

4. Мұраттың Тыныштықпен айтысы Қызылқоға ауданында болады. Бірде Мұрат Шеркеш руының қыз ұзату тойына шақырылады. Мұнда ол Тыныштықпен айтысады. Сөзді Мұрат бастап, сөзінің соңында былай дейді:

*Кемпірмен елудегі айтыс деген  
Шеркештер, қорлық көрдім осыныңды-ай.*

Тыныштық Мұратты «тентіреп жалғыз жүресің» деп мін таққысы келеді. Мұрат халқым аман болса, мен жалғыз болмаймын, мен келгенде сый-құрметтерің маған дайын дегенге келтіріп сөз айтады. Екі ақын да бір-бірінің руларының кейбір адамдарының жасаған іс-әрекеттерін айтып, бір-бірінің бетіне басады. Тыныштықтың тілі тигеннен кемшіліктерін тізбектеп кеттім деп, Мұрат Шеркештерден кешірім сұрайды. Бұған Тыныштықтың жауабы болмайды. Айтыстың аяғында Мұрат ұзатылмақшы болып отырған қызға өзінің арнауын айтады.

*Бұраңдап ақ моншақтай керілген, қыз,  
Оздырдың салтанатты еліңнен, қыз.  
Сәулесі ақ жүзіңнің жерге түссе,  
Реңкің сары алтындай көрінген, қыз.  
Шай ішіп самаурыннан сәске түсте  
Керіліп әрең тұрасың төріңнен, қыз.  
Қосшы ертіп, үкі қадап, жорға мініп,  
Көшкенде салтанатың көрінген, қыз.  
Дәулеттің қалың қара арқасында  
Асқан жоқ қатар құрбың өзіңнен, қыз.  
Бұлаңда дәурен өтпей басыңнан, қыз,  
Сүйегің жаратылған асылдан, қыз.  
Лебізің, сөзің шырын, маржан тісің,  
Кеткісіз келген адам қасыңнан, қыз.  
Адамның жалғанышыда арманы не,  
Өзіңмен дүниеде қосылған, қыз.*

Тойдың шапанын өзім алам деп отырған Тыныштықтан Мұрат осылайша озып, өрнекті жырымен ұтып кетеді. Қыздың шешесі Мұратқа шапан жабады [5; 6].

5. Мұраттың Кете Жаскелең ақынмен қағысқанын шын мәніндегі айтыс деуге болмайды. Оны екеуінің кездесу оқиғасынан да анық көреміз. Бұл жөнінде мынадай мәлімет бар: «1864 жыл мен 1865 жылдың бірінде Мұрат жолаушы жүріп үлкен тойға кездеседі. Кете Бекберген жыршының баласы Жаскелең жұрт тілегін орындап, өлең айтып, қызып отырады. Тойдың басқа ырымдарын жасап болған соң (балуан, күрес, ат жарыс, көкпар тарту т. б.) қыз-келіншектерді қырдың басына алып шығады. Той бастарға жолдық ретінде бір ат, бір шапан бөліп, «енді тойды кім бастайды» деп жар салады. Сонда біреу тұрып: «Тойды кім бастайды деп несін сұрайсың? Оны Әлім бастайтұғын, Байұлы қостайтұғын, Жетіру олжа алатұғын, Қазақтан Жаскелеңдей бала туды деймісің, Жаскелең бастайдыдағы» деп тұжырады. Сонда жұртқа бейтаныс Мұрат ортаға шығып: «Руым Беріш, ұраным Ағатай, той Әлімбайдыкі болса, жол Байұлынікі, Берсең, Байұлының жолығынан бастаймын, бермесең, Жаскелеңмен айтысып жеңіп тастаймын» [6; 81], — дейді.

Айтыста бірінші болып Жаскелең сөйлейді. Мұрат оған жауап береді. Ақындар дағдылы салт бойынша руларының «артықшылықтарын» айтқанда тар көлемде қалмай, біраз тарихқа барып, әріден қозғайды. Бұл жолы да Мұрат басым шығады:

*...Алшын елі бабасы,  
Шолпан елі анасы.  
Сұрап келсем әр жұрттан  
Әлім дейді ағасы.  
Әлімге қоспа Кетені  
Әлім де емес, Бай да емес  
Сен бір асыранды баласы.  
Қыстауыңа мақтанба,  
Жер тимеген Кетеге,  
Барып қонған қонысың  
Таман сордың арасы.  
Жайлауыңа мақтанба,  
Жазыла көшер жерің жоқ,  
Жетірудың арасы,  
Күзеуіңе мақтанба,*

*Адай, Таз көшіп қайтқанда  
Сары жұрт қылып тастаған  
Қояндының даласы... —*

дей келе, Кетенің түбі қайдан шыққанына кеңінен тоқталады. Бір мәліметтерге қарағанда, Мұрат Жаскеленді жеңіп, сол тойды өзі бастаған екен деседі.

Сонымен, ел арасында әңгімелерге қанығып, шежіренің қыр-сырын бір кісідей білетін Мұрат Мөңкеұлы айтыскерлерді басындыруды білмеген. Жыр жампозы жеңіліс дәмін татпапты. Жеңістің ғана жетегінде жүріпті. Сөзсайыста көркемдікке тарихи дәйекті өре жырлайтын ақынға ғана тән тағдыр осындай болса керек-ті.

Айтыс жанрындағы Мұраттың шығармалары — оның ақындық өнерге дағдылану жолын танытарлық және суырыпсалма ақпа жырау болғандығына куә боларлық туындылар.

*Ақынның жекелеген өлең-жырлары, арнаулары*

Мұрат Мөңкеұлының айтыстары ғана емес, жекелеген өлеңдері де өміршең. Зерттеушілердің пайымдауынша [10; 629], оның ақындық мұраларының құнды бір саласы — осы лирикалары (арнау, хат, сын-сұхбат, ақыл-нақыл сарындас туындылары). Бұл салаға жататындар ақын өмір сүрген кезеңнің шындығын, дәуір адамдарын, олардың мінез-құлық, іс-әрекеттерін бейнелейді. Дүние, әлем өзгерістері туралы өзінің ойларын түйіндейді. Ойлы-сырлы нақылдар термелейді. Дүниенің жалғандығын, тұрақсыздығын еске салады. Бақ-дәулет, дәреже, билік — бәрі өткінші. Оған адам алданады, бой алдырады. Дүниеге келген адам өсіп, жетіліп, дүние-мүлік жиып, қызық көріп, әр түрлі әрекеттер жасап жүреді. Ақыры өледі. Талай асыл армандар орындалмай қалады. Пенденің көзі еш нәрсеге тоймайды. Малдылар малына, билер билігіне, сұлулар көркіне, серілер сән-салтанатына, құлқынқұмарлар барына разы болмай сергелденмен қайран өмірді мәнсіз талас-күрестермен, баққұмарлықпен өткізіп алады. Біріне-бірі адамшылық, қайырымдылық жасаудың орнына, барын көре алмай, жоғына жәрдем бере алмай тайталас, бәсекемен жүреді.

Мұрат жырау мұрасының бір шоғыры — би-болыстарға айтқан арнау өлеңдері. Оның «Айжарыққа», «Есенғали болысқа», «Есентемір Тұрабай болысқа», «Қарақожа болысқа», тағы басқа өлеңдері — қазақ еліндегі болыстық билікке, патшалық сайлауға наразылық ниетіндегі туындылар. «Би болам деп таласып, Дүние малын шашады», — деп, Айжарықты сынайды. Ал кейбір болыссымақтар билікпен тапқаны аз болғандай, оған қоса, сауда жасап, елді алдап, мал табуға әбден беріліп жүр, — деп мінейді. Ондай болыс — Қарақожа. Ол бірде Мұратпен Көкжар базарында кездесіп қалып, ақынға мені мақташы дейді. Сонда Мұрат:

— Сені не деп мақтаймын, мақтауға сиятын жерің жоқ қой, — депті.

Сонда Қарақожа:

— Олай болса жамандай ғой, — депті.

Мұрат домбырасын алып жіберіп былай деген екен:

*Әкеңіз бізге мағлұм Құлбас еді,  
Тыпырлап қолды-аяққа тұрмас еді.  
Шілдеде қой жұмырқұрт болады деп  
Көк дәрі, күкіртпенен қоймас еді.  
Тарттың да нағашыңа адам болдың,  
Сондай ұл қашқынышыдан тумас еді.  
Тартамын домбыраны қызыл күйлеп,  
Қарақожа хакім болдың елді билеп.  
Қашқынышы бес Қойыстың азығы едің,  
Қайрекем бір шығарды қырға сүйреп.*

Қайранбай деген кісі бай адам, Қарақожаның нағашысы екен. Қарақожаны сол нағашының арқасында әкім болдың деп сынаған Мұратқа жалынып-жалпайып, «Мұңынды халық естіп қоймасын» деп, айып төлепті. Бірақ «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарап кетіпті» [5; 6].

Ақын Тұрабай болыстың кәсібі де елді әділдікпен билеп, халық мұнын көздеу емес, жеке басының қамы деп батыл әшкерелейді [10; 630]:

*Талабы Тұрабайдың келіспеген,  
Халық тату болар ма, керіспенен...  
Ел бұзу Тұрабайға ұят болды,  
Секілді қара төбет жер иіскеген.*

Бұлар сияқты өзіне тұтас әкімдерді өлтіре сынай отырып, ақын елге тұтқа болар, халық қамын жер ер азаматты аңсайды. Мысалы, Бегалы туралы әңгімеге қанық ақын батырға мынадай мақтау өлең шығарады [5; 6]:

*Сөйледің он жасыңнан бұлбұл сайрап,  
Тәуекел іс қылмайсың артын ойлап.  
Қиянда халықтың ары деген жерге  
Шанышылдың айдаһардай найзағайлап.  
Таласқан жер шетіне шенді орысты  
Сабадың тайөгіздей күнде байлап.  
Тар жерде өнебойы қол жұмсайсың  
Қазақтың кімінде бар осы қайрат?*

Осы жолдардан Бегалының қазаққа қиянат жасаған озбырларды, қазақ жерін тонаушыларды, тартып алушы басқыншылардың әрекетіне шыдай алмай, қарсылық қылған ердің бейнесін көреміз.

*Аз еді қылмағаның қылғаныңнан,  
Сыймадың тұлғыбыңа туғаныңнан.  
Қол жұмсап дұшпаныңа он бесінде  
Тұлпардай дүбір салдың туғаныңнан...  
Ақырсаң үйде отырып арыстандай  
Дұшпаның шыға алмайды шеңгеліңнен...  
Алдыңда дұшпан шыдап тұра алмайды  
Секілді нар бурадай айбатыңнан.*

Ақын батырдың бейнесін беру үшін шағын жырында теңдеудің неше түрін осылай қолданған. Мұраттың арнау жырларынан сатиралық жолдарды да, мадақ жолдарды да мол кездестіреміз. Әйгілі жыраудың хат үлгісінде жазылған үш туындысы сақталған: «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Мұраттың үлкен қоянның соңынан, 1880 ж. еліне жазған хаты», «Бір досқа».

Білімді игермейінше елінің өркендемейтінін ақын «Оқудан қайтқан жігітке хат» [9; 143, 144] атты өлеңінде былай аңғартады:

*Жас күннен талибдықты жолықтырдың,  
Законын қабат оқып толықтырдың.  
Законын екі жұрттың бірдей біліп,  
Кеудеңді әрбір жолға молықтырдың.  
Құрбыңның көбі білмейді шаруасын,  
Қатардан он бесіңде озып тұрдың.  
Құдайым дәрежеңді қайырлы еткей,  
Бақытқа жас күніңнен қонып тұрдың.  
Көп білік кеудең толы, аузыңда – иман,  
Ата-ағаң ақ талаптан нәсіп жиган,  
Қызығын дүниенің бермек үшін  
Құдайым дәреженің бәрін қизан.  
Бар Құдай өміріңді ұзақ еткей,  
Бала деп үмітті едім баққа туған,  
Ата-ағаң адам еді билік айтқан.  
Законын екі жұрттың тегіс білсең,  
Ойлады, бір көзім деп іште жатқан.  
Адасар көзсіз адам жүрген жолдан,  
Адасам жетелерсің алып қолдан.  
Халқымның адасқанын бастамасаң,  
Біліктен не пайда бар кеудең толған?*

Кемеңгер жырау тек қана оқыған саналы, адал азамат қараңғылықта қамалған халқын бастап, жарық дүниеге, өнер өріне алып шығуға тиіс деп, оған сенім артады.

Сөз болып отырған Мұраттың арнаулары мен хаттары — жазба мүліктер, елге, достарға, оқудан қайтқан жігітке хаттары ретінде құнды шығармалары.

Мұрат Мөңкеұлы майталмен термеші ретінде де танылған. «Үлгілі сөзді сөйлейін», «Өлім», «Әттең, бір қапы дүние-ай», «Не деп айтсам, жарасар», «Топтағы толғау», «Қыз», «Арғымақ сайлап не керек», «Аттан сұлу болар ма?», атты термелерінде заман сырына үңіліп, өмір, тіршілік туралы

толғанады. Адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы, ел қорғау, елдегі батырлардың атажұрт үшін жау қолында қалатындығы, қай аталы жұрттың қай өңірді мекендейтіні, өмірдің қысқалығы, тірлік дүниеде адамдардың бір-бірімен татулығы, сол сияқты философиялық ойларға толы. Сонымен қатар бұл термелер тындаушыны елең еткізетін көркемдігімен құнды. Сөздер мен ойлы орамдар қиындаса, құйылып, табиғи орын тапқандай.

Мысал ретінде ақынның бірде өткендігі даналарды еске түсіріп [6; 71, 72]:

*Дүниенің төрт бұрышын  
Қорқыт атаң шайқады.  
Ажалға айла таба алмай,  
Қайта айналып келді деп,  
Бұрынғылар айтады.  
Заманның болар тәрізін  
Асан қайғы әулие,  
Көзі көрмей байқады.  
Қаниша дәулет бітсе де,  
Басыңнан аумас бақытың,  
Алты күн асқан дария  
Алты күнде қайтады... —*

деп толғанғанын келтіруге болады.

Көшу, қашу сарыны орын алған өлеңдердегі ортақ үрдіс — «Бұл жерден мына кісілер көшті, бұл соның қонысы еді», — деп, көз көрген адамдардың аттарын атап жырлау. Сол арқылы ақын атақоныстың өткенін көз алдына келтіреді, сағынышын оятады. Әрі елдің қадірменді кісілерін тізбелеп, игі жақсыларды есіне түсіреді. Бұл көбіне-көп Мұрат Мөңкеұлының «Әттең, бір қапы дүние-ай!» атты термесіне тән [3; 168, 169]:

*Әттең, бір қапы дүние-ай!  
Мынау Нарын деген қонысың  
Нарынбай байдың қонысы еді.  
Сарыкөл, Самар сынды су,  
Мынау Самар деген суыңыз  
Самарбай байдың қонысы еді.  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Мынау Жайық деген суыңыз  
Жайықбай байдың қонысы еді.  
Жанарыстан үш Қомыс  
Алиағыр ханның қонысы еді.  
Боқсақтың бойы боз қамыс,  
Жаңбыршының ұлы Телағыс,  
Телағыс байдың қонысы еді.  
Арғы Еділден оқ атқан,  
Бергі Еділге жоғалтқан,  
Мынау Еділ деген суыңыз  
Еділбай байдың қонысы еді.  
Қабыршақты, Қарасу —  
Ол Қазтуғанның қонысы еді.  
Алтыатаның ар жағы,  
Талөкпенің бер жағы,  
Мынау Сақмар деген суыңыз —  
Ол Едіге бидің қонысы еді.  
Бесешкі Еділ бетінде,  
Бұлғыртаудың шетінде  
Бадашы деген кең тоғай —  
Ол ер Сидақтың қонысы еді.  
Адырмақты Алатау —  
Ол ер Орақтың қонысы еді,*

*Мұса бидің баласы  
Орақ та Мамай жері екен...*

Әйгілі жырау осы туындысында қазақ жеріне ертедегі бір кезде Нарынбай, Самарбай, Жайықбай, Еділбайлар ие болып келгенін, елін қорғайтын ерлер бар шағында жаудың бата алмай сырт беретінін айта келе, ендігі халдың мүшкіл екенін мойындайды. Кейін бұл сарынды Мұрат ақын өзінің кесек туындыларында күшейте түседі.

Мұрат (Дулат пен Шортанбай жыраулар сияқты) жердің өзгенің иелігіне өтуінің себебін ел ішіндегі қамсыздықтан, алауыздықтан іздейді:

*Қоныстың бәрін жоғалтқан  
Ноғайлы, қазақ – надан жұрт,  
Бірлігіңнің де кемісі!  
Ақыр түпке келгенде  
Бәрін де алды түп-түгел,  
Көк ала шекпен, жез түйме  
Аузы түкті орысы.*

Ақын өзі күнде көріп жүрген бар тіршіліктен керемет сәнділік пен үйлесімділікті сөз кестесімен өрнектейді.

«Үлгілі сөзді сөйлейін» деген белгілі термесінде ақын [5; 67]:

*Жерді көркем көрсеткен  
Төбесі мен обасы.  
Көлді көркем көрсеткен  
Қамысы мен қоғасы.  
Жайықты көркем көрсеткен  
Жағалай біткен ағашы.  
Жігітті көркем көрсеткен  
Жеделдес өскен ағасы.  
Ағаны көркем көрсеткен  
Тәрде отырған бабасы.  
Бабаны көркем көрсеткен  
Түлкі ішіктің жағасы.  
Қызды көркем көрсеткен  
Әлдилеп алған баласы.  
Баланы көркем көрсеткен,  
Ата-анасы үйреткен  
Мінез-құлық санасы, —*

деп ізгілікті жырлайды.

Ақынның әсемдік әлеміндегі құйындата құйқылжытқан сөз нөсерлері аспаннан төгілген меруерттей жарқын. Сұлудың сымбатын ол [10; 633]:

*Тал бойына қарасаң,  
Сырдың біткен талындай,  
Ауыздан аққан лебізі  
Базардың алуан балындай,  
Жаурынына қарасаң,  
Тастан салған дередей.  
Кештіқұрым ақ үйден.  
Ырғай басып көрінсе,  
Қамзол бешпет делбегей.  
Шекей басқан аяғын  
Қызыл сафиян, ақ балтыр  
Қыз балаға жарасар, —*

деп суреттейді.

Сұлу қыз келбетін, оның тұрпат тұлғасын осылай сомдап, ақын қыран құс-қаршыға сипатына ауысады. Оның да тамаша суреті көз тартады [10; 633]:

*Қырқадан қырға қараса,  
Қырық шалғысын күніне  
Он екі сілкіп тараса.*

*Қу төңкерсе аспаннан.  
Үш түнеген баппенен,  
Дауылпаз соқса астынан  
Желбегей күрең атпенен.  
Бауыры шұбар, сырты көк,  
Қаршыға құсқа жарасар.*

Жоғарыда келтірілген өлең жолдары көзге ұрып тұрған айқын теңеу, эпитет, метафораларға құрылған шешендік пен шеберліктің айқын куәсі болғандай. Мұраттың көркемдік әлеміндегі туындылары — бірінен-бірі асып түсіп жататын сурет галереясы сияқты талғамды танытушысын таңдандырғандай тамаша туындылар. Сондықтан да ол термелерінде өзінің ақындық қуатын ерекше бағалайды. Өйткені оның ақындық құдіреті мақтануға лайықты. Ал мақтана білген ақын ерекше шабытпен шалқиды [5; 7]:

*Жылы қылып сөйлейін,  
Жазғы желдің лебіндей.  
Анық қылып сөйлейін  
Ақ теңгенің мөріндей.  
Шалықтатып сөйлейін  
Айдынның шалқар көліндей.  
Асыл қылып сөйлейін  
Базардың алтын зеріндей.  
Жабыстырып сөйлейін  
Тұтқыр сары желімдей.  
Сұлу қылып сөйлейін  
Қос жорғаны мініп ап,  
Жаңа түскен келіндей.*

Мұрат термелері өте көркем, тағылымы мол дүниелер. Өзінің мән-мағынасын күні-бүгін де жоймаған туындылар.

Қысқаша шолғанда, Мұраттан қалған термелердің, өлең-жырлардың жайы осындай. Соның өзінде оның кейбір ақындық қырларын осы аз ғана үлгілердің өзінен де анық абайлауға болатындай.

*Ақынның толғау-дастандарына қатысты қысқаша жалпы түсініктер*

Мұрат Мөңкеұлы XIX ғасыр ауыз әдебиетінің шырқау биігіне шығарған — ғасырлар бойы бабаларымыздың ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген қасиетті қонысының талапайға түсуін, Қазақ мемлекетінің құлдырауын деп басып көріп, жалынды жырмен тебірене толғауы, қасіретке толы қазақ қоғамының айнасы болған шығармалары — «Қазтуған», «Қарасай-Қази» жырлары, «Сарыарқа», «Үш қиян» толғаулары. Бұлар өзара байланысты, әуендес, мазмұндас, сарындас шығармалар.

Мұраттың ақындық зор дарыны жан-жақты көрінген осы кесек шығармаларына талдау бергенде бұлардың қандай жағдайда туғанын және сол кездегі заман шындығын естен шығармауыз қажет. Тек сонда ғана жыраудың қайсыбір тым күйзеле, күңірене толғайтын жолдары мен шумақтарының байыбына дұрыс бара аламыз.

«Қазтуған» атты туындысында ақын отаршылар қысымынан босқан ел жайын баяндаса, «Қарасай-Қази» дастанында жырау ел қорғау мен бірлікті, ерлік пен батырлықты дәріптейді.

Мұраттың «Сарыарқа» атты толғауы қоян жұты кезіндегі қайғылы көріністерді суреттейді. Жұтта адам малынан айырылып жұтаса, отаршылар халықты жерден, тәуелсіздіктен айыратын апаттар екенін ақын түсінеді. Табиғат апатынан патшалықтың зобалаңы кем түспеуі, екеуі де панасыз халықты күйзелтіп жатыр дегенді айтады.

Зерттеушілер толғаулар деп атап жүрген ақынның екі үлкен шығармасы — «Үш қиян» және «Сарыарқа». Толғау деп айдар таққанмен, бұл туындылар лирикалық дастанның жүгін көтеріп тұрған шығармалар. Сондықтан бұларды лирикалық дастандар деген жанрға жатқызса, артық емес.

Мұрат жырларында әбден шегіне шыққан қорлықты аяусыз көрген халықтың зары жан-жүрегіңді тебірентеді. Ата-бабаларымыздың сол ғасырда көрген қорлығына шыдай алмай жаның жылайды. Сонымен, «Үш қиян», «Сарыарқа» атты лирикалық дастандар — «зар заман» туындылары. Олар отаршылдыққа, озбырлыққа қарсы туған жырлар.

*Мөңкеұлы Мұраттың «Қазтуған» деген қоштасу-жоқтау жыры*

Қазтуған Сүйінішұлы халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. Қазақтың XV ғ. айтулы жорық жырауы. Әскербасы, батыр болған. Еділдің Ақтұма, Бозан бойларында туып-өскен. XV ғ. орта шенінде іргесі жаңадан қаланған Қазақ хандығына қоныс аударған.

Қазтуған жырау жорық жыршысы және халық эпосын жасаушылардың бірі саналады. Артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Олардың көпшілігі сақталмаған. Дегенмен, бізге жеткен жекелеген туындылары оның әдебиет тарихы төрінен орын алуға лайықты екенін айғақтайды. Оның поэзиясы жауынгерлердің көшпелі өмірін, көзқарасын суреттейді. Және олардың тұрмысын, айналадағы құлан таза табиғат туралы ойларын бейнелейді [11; 150].

Мұрат өз туындысында [3; 159–166] осы Қазтуған атынан өз ойларын баяндап шығады. Оқиға Қазтуғанның монологі ретінде кезіндегі ел билеріне қарата толғанады:

*Әрайна, билер, әрайна,  
Әрайна десем болғай ма?!  
Әрайнасыз әрқайда  
Ердің ісі оңғай ма?!  
Әрайна болған Қазтуған  
Қайғыланып сонда толғай ма?! —*

деп Қазтуғанның аузымен ақын өзінің «Үш қиян», «Сарыарқаларындағы» идеяны өзгеше нәр беріп әсерлі суреттеп шығады. Шығарма — тыңдауға да, оқуға да жеңіл төгілген жыр.

Мұраттың ұғымына салсақ, Еділ – ел, Жайық – жан, Ойыл – ой түсініктеріне орайлас қасиетті нышандар. Осы үшеуі тұтастық құрап, бір-бірін толықтырып тұрады. Ақын өз жырында сол қастерлі үштіктен біртіндеп айырылудың қайғысын баян етеді:

*Еділді алса – елді алар,  
Енді алмаған не қалар?  
Жайықты алса – жанды алар,  
Жанды алған соң не қалар?  
Ойылды алса – ойды алар,  
Ойлашы, сонда не қалар?  
Қара мауыт мұшақат,  
Бүтін тоғай жерді алар.  
Жаз кіреге жақсы деп,  
Дулығалы нарды алар.  
Қыс кіреге жақсы деп,  
Шудасы қалың айырды алар.  
Сусынына шай алар,  
Шайнауына май алар,  
Шайып ішер құрт алар.  
Оныменен қоймас-ты,  
Құлағына сырға салдырған,  
Сусынын сары қымызға қандырған,  
Арусынған мырзаны  
Өзімдікі болды деп,  
Алуға тағы ойланар.*

Жырау елге жайсыз кезең келе жатқанын аңғартады. Мұны отарлаушылардың халықты өз ыңғайына бейімдегенін, көшпенділіктің салтына жат құбылыстардың өмірге дендеп ене бастағанын көрген соң туындаған ой-тұжырымдары арқылы байқатады. Толғауында келеңсіз келешектің кесел-кесапатына қарсылығын былайша білдіреді:

*Ей, жақсылар, жақсылар!  
Бұ қоныстан кетпесең,  
Бұны талақ етпесең,  
Қынама бешбет киерсің,  
Арбаға мәштек жегерсің.*



*Жасауылды жасақ деп,  
Одаманды одақ деп,  
Қасына соның ерерсің!  
Ақылы кетіп сасқан жұрт  
Құлдан туған төрені  
Ақсүйектің ұлы деп,  
Оған да тізгін берерсің.  
Кәпірден болар хәкімің,  
Ықтиярсыз көнерсің.  
Үй басына мал санап,  
Адамға ақша төлерсің.  
Амалың бар ма, қайран жұрт,  
Күндердің күні болғанда  
Қайғыға шіріп өлерсің.*

«Қазтуған» жырының бас кейіпкері — Жайық. Өз толғауында Мұрат Жайық өзенін тастап кетуге өзін-өзі қарадай жұбату арқылы, өткен күннің сағымды елесін — бақ таймаған қызығын термелеумен психологиялық жол ашуға мәжбүр:

*Жайық, сені қайтейін?!  
Ағашың абат көрінген,  
Жапырағы жерге төгілген,  
Жапырағы жасыл ала қамқадай,  
Бұтағы бұрама күміс алқадай,  
Баттауығы білектей,  
Ботташығы жүректей,  
Балдырғаны соққыдай,  
Боз сазаны тоқтыдай.  
Балығының көптігі —  
Суына жылқы жаптырмас.  
Бақасының көптігі —  
Адамға ұйқы таптырмас,  
Шырмауығының көптігі —  
Шөккен түйе таптырмас.  
Бұланы жырақ қараған,  
Бұғысы қойдан тараған,  
Барлығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Жеті жұртты жалмаған,  
Жұрт қойдың ба алмаған?!  
Мұсылманның баласын  
Сен кіріптар қыларсың, Жайық-ай,  
Сенің суың тәтті-ау салмаған.*

Үдеру, шұбап кету, бағдарсыз, жан-жаққа мардымсыз көшу, алыс сапар азабын шегу:

*Мен неткенмін, неткенмін,  
Қурайлы жүріп кеткенмін.  
Тайсойған менен Дендерден,  
Сағыз бенен Жемдерден  
Құралайдай шұбырып,  
Гулеп те желіп өткенмін.  
Ойылдың Тамды көліне  
Бір түстеніп кеткенмін.  
Маңқыстаудың ойына  
Етек-жеңім жыртылып.  
Ақ қырауда жеткенмін.*

Адам баласы туған жерін қызғыш құстай, көзінің қарашығындай сақтауға лайық. Қапелімде адам ғапыл ата-бабасының ізі қалған елі мен жерінен сор айдап айырылып жатса, онда жарық

дүниеде одан өткен ауыр қайғы табылмайды. Жермен қоштасу — Мұрат ақынды әлемдік ұлы ақындармен бір қояды.

«Қазтуған» дастаны — Мұрат Мөңкеұлының шешендігіне куә боларлық көркем туынды. Поэтикалық тілі көңілге қонымды, нәрлі, сәнді:

*Белгілі биік көк сеңгір  
Басынан қарға ұшырмас,  
Ер қарауыл қарар деп,  
Алыстан қара шалар деп;  
Балдағы алтын, құрыш болат  
Ашылып шапса дем тартар,  
Сусыным қанға қанар деп.  
Арғымақтың баласы  
Арыған сайын тың жортар,  
Арқа мен қосым қалар деп.  
Ақ дария толқын күшейтер,  
Құйрығын күн шалмаған балығым  
Ортамнан ойран салар деп.  
Азамат ердің баласы  
Жабыққанын білдірмес,  
Жамандар мазақ қылар деп!  
Байтақтың басы патшалар  
Батуға жалғыз аса алмас,  
Көкжалдар көзін салар деп.  
Мен заманнан қорқып барамын,  
Кейінгі өскен жас бала,  
Кіріптарда қалар деп,  
Күндердің күні болғанда  
Обалы маған болар деп.*

Шешендік пен шеберлік үлгісі, образды сөздер қоймасы сияқты ақын толғаныстары бірінен-бірі өткен, төгіліп тұрған нұрлы сөздер:

*Ақ сұңқар едім, мен ұштым  
Қауырсыным түлеген  
Қалың да қалың көлімнен.  
Дұлығалы қара нар едім,  
Қатарланып асып барамын  
Қарсыланып жатқан жерімнен.  
Мен секілді ерлерді  
Жаратты ма екен Құдайым  
Кейінгі туған бала үшін  
Қайғыға шіріп өлуге?!*

Отаршылдықпен бірге келген жат құбылыстарды санамалап жырға қосқан Мұрат Мөңкеұлының Қазтуғанның атынан баяндалатын жырында келешекке көріпкелдік айтқан мынадай болжамдар бар:

*Еділді қоныс етпеңіз,  
Жағалай қалмақ алады.  
Жайықты қоныс етпеңіз,  
Сыдыра біткен көкжасик  
Кәпірлер қала салады.  
Аштарханды қоныс етпеңіз,  
Шәһәрін оның алады.*

Мұраттың идеалы туған жерден ел іргесі ажырамаса дейді. Халықтар туған жерінен кетпеуі тиіс. Кейін қалып бара жатқан туған жерді аңсау арқылы ол биік мұратты көксейді:

*Айдаса қойдың көсемі,  
Сөйлесе тілдің шешені,  
Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,  
Күз жіберіп, жаз мінген,*

*Жазаласа екі жылда бір мінген,  
Жолдасын жолай іздеген,  
Өзіне тиген дұспанын  
Қарт бірадай тіздеген —  
Мен қарға бойлы Қазтуған,  
Қайғыланып асып барамын  
Ноғайлы қазақ елімнен!*

Сөйтіп, Мұрат Мөңкеұлы «Қазтуған» атты қоштасу-жоқтау жырында өзін ізашары Қазтуған жырауға теңеу арқылы эпостық бағзы қалыбына тартады. Ұлы рухты шақырып, бақсыдай сарнайды.

*«Қарасай–Қази» жыры — Мұрат ақынның толғау дастандарының ішіндегі ең көлемдісі*

Бұл шығарма — нағыз эпостық поэма [9; 127–141]. Жыр сюжеті шағын желіге құрылған. Ата жолын қуған ұлдардың перзенттік парыздарын өтей білулері, нағыз ел қорғандары мен арам ниет ездердің екі жүзділіктерін әшкерелейтін ұтымды оқиғалар, көркем көріністер жинақталған.

«Қарасай–Қази» жыры былай басталады: «Өткен заманда Мұса деген би болыпты. Мұса биден отыз ұл қалады. Отыз ұлдың ішінде Мамай би болып, ел билейді. Орақ батыр болып, ел қорғайды. Мамай мен Орақ билік пен батырлықты қатар жүргізіп, елінде өте қадірлі болады. Мұса бидің қалған балалары, басы Қарабатыр, Тілеке, Алшы, Смайыл, Тобаяқ дегендер болып, бұларды күндейді. Бұлар Орақтың алмас қылышын жасырын алып, түнде Орақ жатқан үйдің есігіне көлденең құрып қойып, ауылды айнала дүрліктіріп жылқы қуып, «Жау келді! Аттан, Орақ!» — деп айқай салады.

Төсекте жатқан Орақ үйден сыртқа атып шығамын деп ұмтыла бергенде есіктегі құрулы алмасқа түсіп жараланады. Осы жарадан Орақ өледі.

Орақтың артында Қараулек деген шешесі, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр әйелі, Қарасай, Қази деген екі баласы және Қибат деген бір қызы қалады.

Қарасай мен Қази жасынан батыр болып, атасының дұшпандарымен көп жауласып, Орақтың елін қайта меңгеріп алады [6; 77].

Шығарманың схемалық желісі осындай.

«Қарасай - Қази» жырындағы ең тартымды көрініс — Қараулек кәрияның азалы жоқтауы. Ол тек өлген баласын жоқтаған ананың сөзін айтып қоймайды. Соған қоса, өзі ел-жұртының анасы ретінде толғап, ел қамын жер азаматтың қазасы түгел елге ауыр тиген, жалпыға ортақ аза болды деп қайғылы Қараулектің бейнесі — ел әжесінің кейпінде тұлғалы көрініс табады:

*Айдынды Орақ, ай да, Орақ,  
Айбалтасы қанды, Орақ,  
Аштарханда даңқты, Орақ,  
Арғымақ атың азды, Орақ,  
Байтақ жұртың тозды, Орақ,  
Келер болсаң, жылдам кел,  
Сексенге келген қарт анаң  
Жылай-жылай жазды, Орақ!  
Қарауыл қарап болар ма,  
Қара өлең деген атпенен?  
Қарусыз жүріп болар ма,  
Қалудай атасы басқа жатпенен?  
Қоңқалаған көп жаман,  
Орағымды өлтірдің,  
Долай да долай матпенен!  
Қоғалы көлді жағалап,  
Қалмақпенен қон енді,  
Алшайып атқа мінген соң  
Орағымдай бол енді!  
Хан Мұсадан жүлде алған,  
Ағасы би Мамайдан үлгі алған,  
Аждаһаның тынысын  
Қолын салып барлаған,  
Сөйткен менің Орағым,  
Аюдай арқыраған Орағым,*

*Күндей күркіреген шырағым,  
Кетіпті алыс сапарға!*

Орақты өлтірген екі жүзді қарабеттер тобына арнаған әжет сөздері де халық анасы ретінде айтылған қарғысқа толы сөздер:

*Орағымды өлтірген  
Алшы, Исмайыл, Тобаяқ  
Есімнен менің кетер ме?  
Лашын, сұңқар — екі құс,  
Екеуі бір ұяның құсы екен.  
Құладың құстың құлы екен,  
Күндердің күні болғанда,  
Құладыңның көрдің бе,  
Аспаннан қу төңкеріп ілгенін!  
Аңдаймысың, жігіттер,  
Ноғайлының мынау үстімнен,  
Ауыр әскер ертіп жүргенін,  
Үстімнен жүрген дұшпанның  
Езуін тартып күлгенін.  
Қаршыға менен қарлығаш  
Екеуі бір ұяның құсы екен.  
Күндердің күні болғанда,  
Көрдің бе екі басқа қонғанын!  
Қарауыл басы қолбасым,  
Жортуыл басы жолбарысым,  
Ежелден сырлас мұңдасым,  
Жау дегенде тынбасым!  
Орағымды өлтірген  
Қалу мен Сары оңбасын,  
Ергізде екі болмасын!*

Қарасай он жеті жасар жігіт боп қалған кезінде Орақтың өлгенін пайдаланып, оның жаулары — калмақтар елге қауіп төндіреді. Жауға қарсы қол бастап, Қарабатыр, Тілеке, Алшы, Смайыл, Тобаяқтар аттанады. Жас Қарасай оларға ермей, үйде қалады. Сонда шешесі намыстанып, баласына былай дейді:

*Атаңа тартып тумадың,  
Беліңе садақ бумадың,  
Не болды саған, балаларым?  
Тумағыр, балам, тумадың,  
Беліңе садақ бумадың,  
Бес қатын кетіп, сен қалдың,  
Атаңның жолын қумадың!  
Жауыңды жауға алдырдың,  
Дауыңды дауға алдырдың,  
Жүзіңе қара салдырдың.  
Әкеңнің жауын жаулаған  
Бес қатынға алдырдың.  
Кешегі әкең барында  
Мынау қабан құлақ қара атты  
Мінуші еді салдыртып,  
Жүруші еді жардыртып,  
Бетіме неге қарайсың,  
Жүзіңе қара шалдыртып.  
Әкеңнің жауын жаулаған  
Бес қатынға алдыртып.  
Айналайын Қарасай,*

*Мен саған жерік болғанда  
 Аюдың етін жегіздің,  
 Жолбарыстың сүтін ішкіздің.  
 Екпініңнің қаттысы-ай,  
 Белден қарға аунаттың,  
 Онда да қоңыр күздей болмады,  
 Онда да мейірім қанбады.  
 Сөйтіп туған сен едің,  
 Сенің анаң мен едім.  
 Мен саған жерік болғанда  
 Сегіз жылан жеп едім,  
 Сөйтіп туған сен едің,  
 Кешегі әкең Орақ өлгенде,  
 Орнын басар ма екен деп едім.*

Бұл сөздерден кейін Қарасай шеше тілін алып, жауға аттану қамын жасайды. Жолға шығу үшін өзіне лайық ат іздейді. Өз жылқысынан мінер ат шықпайды. Көкше дегеннің Көкбұйра айғыры ұнайды. Ол атты Көкше жай бермейді. Жалғыз қарындасы Қибатты сұрайды. Қатты қиналады. Қибат та ағасына өкпе айтады. Ақырында анасы: «Қибат түгіл мені сат», — деп біржола кесіп айтады. Осыдан кейін бәрі келісіледі. Ел қамын, жеке бастарының қамынан жоғары қояды. Қарасай Көкбұйраға мініп, әкесінің қару-жарақтарын асынып жауға аттанады. Жау шебіне жетпей, кері қашқан Смайыл, Тобаяқтар тобын көреді. Оларға кері қайт, менімен бірге жауға шап дейді. Оның сөзін ешкім елемейді. Жауға қарсы жалғыз қамданады. Сол тұста жанына қараса, елде қалған інісі Қазі келе жатады. Жауға бірге шабады. Екеуі жауын жеңеді. Қастарында қарт батыр Ер Тарғын ғана жүреді. Жыр сюжеті аяқталады [10; 626, 627].

«Қарасай – Қазі» жыры Мұраттың жыраулық өнерге жетік ақын екенін жақсы танытады. Ол бұрыннан елге кең тараған қазақтың ерлік жырларын орындай жүріп, өзі Қарасай, Қазі оқиғасын (бұрын аңыз боп жүрген) үлкен эпосқа айналдырған сияқты. Сондықтан да зерттеушілердің оны аталмыш жырдың авторы санауы тегін емес.

*Жыраудың «Сарыарқа» дастанында өткен заманды еске алуы*

Бұл жырда [3; 150–158] ақын жалпы қазақ халқының жайына, өткендегі кезеңді күндерге тоқтай келе өзінің көкейкесті армандарын ортаға салады.

Мұраттың осы толғауының жарыққа шығуы жайлы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Қ. Жүсіп мынадай мәліметтер ұсынады: «Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда, «Сарыарқаның» жырлану тарихы былай айтылады: 1878–1879 жылдың жұтында Мұрат жалғыз түйесін жетелеп, үй-ішін алып Маңғыстауға кетіп, нағашы жұртын паналайды. Мұраттың айтулы ақын екенін ел біледі. Адайдың қызба жігіттері: «Мұрат айтқыш дейді, сонысын байқап көрелік, өзіміздің Аралбаймен, Қашағанмен айтыстыралық. Мұрат өз ауылында жүргенде елін, жерін, Берішін мақтап дес бермейді дейді. Енді несін мақтайды, жұтаған елін мақтай ма? Қаңғып келіп біздің елден күн көріп жүр, енді айтыстырсақ, ол жеңіледі, дандайсуын қояды» деп ел арасына сөз жүгіртеді. Мұрат мұны естіп бір кезеңі келер деп іштей ширығып жүреді. Осыны сезген үлкендер: «Мұндай әңгімені қойындар, Адай-Беріш әрі ағайын, әрі мұңдас елміз. Мұрат әрі қонақ, әрі жиен. Нағашы мен жиеннің арасындағы айтыс насырға шауып, арты жақсылыққа апармауы мүмкін, тек жүріндер» деп қойғызады.

Сөйтіп жүргенде Адай елінің үлкен жиыны болады. Айтушылардың әңгімесіне қарағанда, тоғыз болыс ел жиналады. Жиын басталарда үлкендер: «Алдымен ақындарды сөйлетейік» дейді. Сонда елдің Матжан деген атақты ақсақалы: «Олардың дұрыс болар. Алдымен сөзді әрі жиен, әрі қонақ Мұратқа берелік. Елін, жерін сағынып жүрген болар немесе біздің елдің жігіттерінің сөзі тиіп жүрген болар, өз ақындарымызды кейін көрерміз», — дейді. Ел мұны мақұлдайды. Сонда іштен тынып ширығып жүрген Мұрат осы «Сарыарқасын» жырлайды. Мұраттан кейін ешкім сөйлемей, жиын жалғасып кетеді. Бұл толғау осылайша туады. Сонда бұл дастан 1880 ж. жырланған екен. Х. Досмұхамедов осыны қуаттайды» [5; 7].

Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген кез — XIX ғасырдың екінші жартысы. Осы уақыттағы патша үкіметінің отаршылдық саясатының түпкі мақсатын ақын терең түсінді. Оның көз алдында Еділ мен Жайықты тел емген есіл елді орыс помещиктері мен графтары ығыстырып, жер-суынан айырып

жатты. Қаналған жұрттың өз мекенін, өз құқын қорғауына еш дәрежесі болмады. Мұрат секілді ақындар жүрегінен улы жыр еріксіз ақтарылды.

«Сарыарқа» жыры өткен заманды еске алып, сонау Асан қайғыдан бастап ата қонысты тастап, озбыр елдің басқыншылық әрекетінен ауа көшіп, жылы орындарынан қозғалғандығын ашына айтады:

*Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс,  
Ноғайдың көшіп, талақ салған қоныс.  
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай  
Біз түгіл солардан да қалған қоныс.  
Бұл қоныс – жеті жұрттың кеткен қоныс.  
Ноғайдың көшіп, талақ еткен қоныс.  
Кемелсіз қонған елін көп тоздырған,  
Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?!  
Әуелде құтты болса, неге кетті,  
Еңіреп Қазтуғанның көшкен қоныс.*

«Зар заман» поэзиясында «Еділді алу» — ел мен жерден айырылу ұғымын танытады. Мұраттың толғауындағы «Еділді алу» — қазақ жерінің қақпасына кіру, отарлау жорығының басталуы дегенді білдіреді:

*Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,  
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.  
Артынан Еділден соң Нарынды алды,  
Торғайдың ағаш, қамыс, талын да алды.  
Ар жақтан Қайыпалды, Науша қашып,  
Тарлықтың содан бері қабынғаны.  
Тәмәмін сумен, нудың орыс ұстап,  
Қазақтың мұнан жұтап, шалынғаны.  
Орта жүз Арғын, Найман – мұны да алды,  
Үш жүздің енді бар ма қалынғаны?!  
Қуалап Исатайды өлтірген соң,  
Заманның содан бері тарылғаны.*

Елдіктің символы — Еділдің басқаның қолына көшуі — халықтың басты қасіреті, трагедиялық ахуалдың түйінді тұсы. Және де осы жолдардан Ресейдің жылжып-жылжып қазақтың ішкі қоныстарына енгендігі, соған қарсылық жасаған Исатай сияқты батырларды өлтіргендігі айқын да нақты көрінеді.

Дастанның Махамбеттің ерлігіне арналған жолдарында:

*Ойды алды үш Оймауыт, тоғыз Торғай,  
Кең қоныс мұсылманға қалынбады.  
Үш қиян – жеті жұртты тоздырған жер,  
Жер үшін қайғы жоқ, тарылмалы.  
Шекшекей, Құтым қашып, Әбенді ұстап,  
Ерлерге ерегескен не қылмады?!  
Бір қазақ еркек болса Махамбеттей,  
Оны да аңсыз жерде жазымдады, —*

деп, ерлерді қыруды қарудың күшімен жалғастырғаны айтылады.

Ақын осы жырының былайғы тармақтарында қазақ елінің озбырлардан көрген қорлықтарын жалғастыра береді.

Өзінің елінен көшкендігінің салдары да сол қиянаттан және оған қосымша «Жұт қоянның» әсері екендігін жыр етеді. Елін сағынған ақын көкірегінен мынадай әсем поэтикалық жырлар төгіледі:

*Біздің ел қайтушы еді Сағыз жайлап,  
Тепсеңге суы шыққан бие байлап.  
Қызыл шай, жез самаурын, саздың суы  
Сәскеде пісуші еді әзер қайнап.  
Ақсақал тарқаушы еді кеңес ойлап,  
Ат мініп алма мойын, жібек жауып,  
Мырзалар жүруші еді одағайлап.  
Сыйласқан төре-хандай бір-бірімен,  
Айырды ағайыннан күліп-ойнап.*

*Халқымның салтанаты еске түссе,  
Жүрегім өртенеді оттай жайнап.*

Жампоз жырау елдің жайбарақат тұрмысын еселеп айта келіп, қысқа да болса бейбіт, тыныш тіршілікті орыс пен «қоянның» жұтатқанын былайша суреттейді:

*Ел едік біз осындай шалықтаған,  
Мал бітіп қалың қара қалыптаған.  
Ақты қой, қылаң жылқы, қып-қызыл нар,  
Тең ауды төрт түлік мал шауыттаған.  
Наришөккен, Топырақшаиты жылқыға жай,  
Саралжын, Маңғытпенен бәрі де сай.  
Сыймаған маң далаға сонша малдан  
Құдайым тастамады бір торы тай!  
Алланың құлы болсаң, бізге күлме,  
Біреу бай, біреу жарлы қылған Құдай,  
Бар еді тәуір қоныс Тайсойғандай,  
Ақ шөпті – семіртуге әрі малды-ай.  
Шақырып, бір-біріне бие сойып,  
Ақсақал тарқаушы еді жандаралдай.  
Күз болса қонушы еді Қаракөлге,  
Ащылы, екі жағы жайлы жерге.  
Көкпегін іргесінен сүйреп жағып,  
Мол дәулет бітуші еді біздің елге.  
Шалқыған шалқар көлдей қайран жұртым  
Бытырап, қоңсы болды әркімдерге.  
Нарқозы құдығы еді Есболайдың,  
Отырған күнін көріп жарлы-байдың,  
Жылқыны Тазбұлаққа айдап тастап,  
Су еді жалдандырған құлын-тайды.  
Су ішіп Нарқозыдан шыққан жылқы  
Байгел мен басушы еді Жездібайды.  
Симаған ен далаға сонша малдан  
Құдайым тастамады жалғыз тайды.  
Алланың құлы болсаң, бізге күлме,  
Ісіне кім көнбейді бір Құдайдың.*

Бұл жолдардан елдің ауыр тұрмысы, Жайық бойы мен Нарын құмының халсіз күйі көз алдымызға елестейді.

Жырдың терең мәнді бейнелеулерінде халықтың ауыр тұрмысы, өзге жұрттан келген зардап, елдің зары естіледі.

«Сарыарқа», «Үш қиян» — шоқтығы биік туындылар. Бұл – тарих, берісі — Алшын, әрісі — Алаш тарихы, сонау Ноғайлы заманынан бергі халқымыздың шерлі шежіресі.

*Қазақ қоғамының бір қиын сәтінің тарихи энциклопедиясы болған  
Мұраттың «Үш қиян» толғауы*

«Үш қиян» қайтып оралмас өткен шақ, құбылмалы «сұм» заман, қайырсыз қоныс жөнінде егіле толғаған көркем поэма. Сол кезде қазақ даласында енді-енді нышан бере бастаған құбылыстарға ақын өз тарапынан баға ұсынбақ болған. Замана туралы, халықтың тұрмыс-тіршілігі жайында көкейкесті ойларын, өкініші мен күдігін, арманы мен үмітін Мұрат жырау өз дастанында былайша тебірене толғап, төгіле жырлаған:

*Заманнан заман оралған,  
Дүние шіркін соны алған.  
Адыра қалғыр бұл қоныс,  
Қайырсыз екен озалдан.  
Қайырсыз неге десеңіз,  
Асан қайғы, Қазтуған,  
Орақ, Мамай, Телағыс —  
Қалған екен солардан.*

*Біз де бір сондай болармыз,  
Артық па едік олардан?!*

Көшпелілер жерді кие тұтқан. Көшпелі ұғымында жер жансыз табиғи құбылыс жай ғана аумақ емес. Ол — жанды бейне. Жанды болғанда қасиетті бейне — «Жер-Ана» келбетінде көрініс табады.

Мұраттың толғауында туған жер ұғымы ұштағандық тұтастық арқылы аңғартылады:

*Еділдің бойы — қанды қиян,  
Жайықтың бойы — майлы қиян,  
Маңғыстау бойы — шаңды қиян,  
Адыра қалғыр үш қиян!  
Үш қиянның ара бойынан  
Жеті жұрт кетіп, жол салған.  
Жеті жұрттың кеткен жер,  
Қайырсыз болған неткен жер?  
Адыра қалғыр көк Жайық,  
Көпір салып өткен жер,  
Асан қайғы, Қазтуған,  
Орақ, Мамай, Телағыс,  
Шораның шұбап кеткен жер.*

Сырт елден қауіп-қатер төнбесе, ел дәулеті өркендейді. Жер-Ана бар байлығын жайып салып, жайлаған ел барлық қызығын көреді. Сондай құнарлы, жайлы қоныс Еділ мен Жайық, Маңғыстау өлкесі болған-ды:

*Тұлпар мініп, ту алған,  
Дұспанын көріп қуанған,  
Алмасын қанға суарған,  
Аруақты ерлердің  
Абыройын төккен жер,  
Керегесін кескен жер,  
Кесіп, бұршақ еткен жер.  
Ердің соңы Исатай  
Бармағын тістеп өткен жер.  
Жеті жұрт көшіп кеткен соң,  
Атамыз қазақ баласы  
Қонып, мекен еткен жер.  
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,  
Жүзден-жүзден нар байлап,  
Дәулеті қалың біткен жер.  
Аузы түкті кәуірдің,  
Басы шоқты қалмақтың  
Қанын судай төккен жер.  
Алма мойын аруын  
Ерлерім олжа еткен жер...*

Жер құнарлығына қызыққан қазақ елі бейқам жатып, тез байып, дәулеті асып кетіп еді. Жер құнарлығы ел байлығы болып, ырысын молайтқан сайын, оның бейқамдығы да арта түсті. Сырт жауын қызықтырды:

*Адыра қалғыр көк Жайық!  
Садағын сала байланып,  
Астана жұртын айналып,  
Ерлерім енсеп желген жер.  
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,  
Ақтылы қойдың өрген жер.  
Шалқыған дәулет мол бітіп,  
Қызығын жұртым көрген жер.  
Емендей белін бүгілтіп,  
Жібектей жалын төгілтіп,  
Еріні төмен салынған,*



*Құйрығы гүлдей малынған,  
Күдері бел, күпшек сан,  
Бедеу атқа мінген жер.  
Аузы түкті кәуірді  
Ерлерім айдап келген жер,  
Қысырақтай бөлген жер.  
Күндердің күні болғанда,  
Таршылыққа іліндің,  
Жеті жұрт кетіп, бұлген жер!*

Толғауда қазақ халқының кең далада, көлде қонған қаздай жайқала көшіп, үй-жайын қомдап, қонған тұстары былайша суреттелген:

*Шаңдаттырып даласын,  
Талқан етіп қаласын,  
Атамыз қазақ болғанда  
Әлденеше шапқан жер.  
Қоралап айдап дұшпанды,  
Үргеніш пенен Бұхарға  
Әлденеше сатқан жер,  
Алтын ала, ақ күміс  
Қарық олжаға батқан жер,  
Алтыннан тұрман таққан жер.  
Қырғауылдай қызыл нар,  
Қыз-келіншек жиылып,  
Қызықпенен артқан жер.  
Айыр өркеш, сары інген,  
Кілем жауып үстіне,  
Қыл арқанмен тартқан жер.  
Мыңнан жылқы айдаған,  
Жүзден нарды байлаған,  
Салтанат түзеп мырзалар,  
Тамашаға батқан жер.  
Қайырсыз болып барады-ау!  
Атамыз өткен Асан би  
Мұны да құтсыз деп айтқан жер!*

Бабаларының басқан ізіне қарап, тұлғаларды жоқтайтын «Үш қиян» толғауында қазақ жұртының өткен өмірінен мәлімет беретін сан алуан атаулар мен есімдер көптеп кездеседі. Мұраттың жырында «Атамыз өткен Асан би, Мұны да құтсыз деп айтқан жер» делінгендей, қоныстан қоныс таңдап, жер үстін шарлаған ойшылдың аз-кем тұрақтаған мекені болыпты-мыс:

*Ақтөбе менен Қорғаниша,  
Асан қайғы бабаның  
Қызыл тастан үй салдырып,  
Он жыл тұтас отырып,  
Әңгіме құрып кеткен жер.*

Мұның бәрі ақынның Асанның шығармаларының сарынын толғауларына арқау еткенін, оның өзіне қатысты ауыздан ауызға жеткен әңгімелерді санаға сіңіріп өскенін дәлелдейді.

Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығында «үш» санымен өрнектелген тіркестер жеткілікті. Ақын айтар ойын үштіктің бірлігіне орайластыруға бейім тұрады. Ол отарлаушылардың алдында кесе-көлденең жатқан үш өзенді жайлаған үш мекенді жауды жақындатпайтын қалқан көреді. Бұл үштіктің іргесі сөгілсе, елдің күйі қашқаны деп санайды:

*Еділді тартып алғаны —  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны —  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны —  
Ойдағысы болғаны.*

*Маңқыстаудың үш түбек  
Оны дағы алғаны.  
Үргеніш пен Бұхарға  
Арбасын сүйреп барғаны,  
Қонысың бар ма қалғаны?!  
Мал мен басты есептеп,  
Баланың санын алғаны —  
Аңғарсаңыз, жігіттер,  
Замананы тағы да  
Бір қырсықтың шалғаны!*

«Үш қиянның» азалы түйін-тұжырымы осы.

Мұрат өлеңінен ел бірлігінің берекесі қашқанын, бітімгерлік бәтуаның бұзылғанын көреміз. Екіге жарылуды ақын екі адамның ұстасуы түрінде бейнелейді:

*Адамның азған белгісі:  
Екі кісі дауласса,  
Тату бол деп айтпайды.  
Екі айырып арасын,  
Арасынан пара алған.  
Мұсылманның баласы  
Қашуды қойды арамнан.*

Заманның бұзылуына байланысты ендігі адамдарда қайыр, шапағат, салауат деген қалмай барады. Ар, ұят, иман, адамгершілік жоғалып, жабайыланып барамыз деген пікірлерін жырлайды ақын:

*Шапағат, қайыр қалмады  
Жақын-жуық, жараннан.  
Атқа мінген жігітте  
Қалмады нәрсе қарардан,  
Қайыр кетіп қазаннан,  
Қуат кетіп азаннан.*

Ақынның тұжырымы бойынша, адамның азуы заманға емес, керісінше, заманның азуы адамға байланысты. Адамның азған белгісін сипаттаған жырау «заман азды» ұғымына басқаша көзқарас танытады:

*Бәйіт еттім бұ сөзді  
Қайғы шегіп заманнан.  
Заман азып не қылсын —  
Ай орнынан туады,  
Күн орнынан шығады,  
Мұның бәрі адамнан.*

Кемеңгер жырау дастанның соңында сұмпайы заманның бейнесін өте дәл береді. Ақын өзге жұрттың әдепсіз ғұрпы бірден-бірге дендеп еніп, қазақты бүлдіріп жатқанын айтып, зорлықпен келген заманға жиіркене қарайды және болашақтан түңіледі:

*Мен хауіп еткеннен айтамын:  
Ақ борықтай иілген,  
Кейінгі туған баланың  
Ұстай ма деп білегін,  
Шая ма деп жүрегін,  
Шашын, мұртын қойдырып,  
Ащы суға тойдырып,  
Бұза ма деп реңін.  
Адыра қалғыр заманның  
Мен жаратпаймын сүреңін!*

«Үш қиян» дастаны — Мұрат ақынның жүрегін жарып шыққан ең мұңды, ең зарлы жыр. Ол жырау тілімен айтқан халық үні, халық мұңы болды.

## Түйін

Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығының бүгінгі және келер ұрпақ үшін қажеттілігі неде? Біздің пікірімізше, ең алдымен, ақынның өлең-жырларын зейін қойып оқи отырып, ел мен жер тарихынан мол мағлұмат алуға болатындығында.

Мұрат шығармашылығының біз үшін тағы бір құндылығы ақынның көркем тілі, оның тілі әдебиетімізге негіз болған ел әдебиетінің тілі.

Өткен тарихтан білетініміз, «Тіл, әдебиет институтының қызметіндегі өрескел қателіктер туралы» дейтін 1947 ж. атышулы Қаулыдан кейін бір шоғыр саңлақтар қатарында Мұрат ақынның шығармаларын да ауызға алу қылмыс саналғаны белгілі. Өмір шындығын бұлтартпай айтып, отаршылдық озбырлығына ашық қарсы шығып, бұрынғы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» қазақы бейбіт, аңғал да албырт өмірді көбірек дәріптегені үшін Кенес кезеңі оған «зар заманның кертартпа ақыны» деп айдар тағып, атын тұмшалап келді. Бірақ та түн-түнектің артынан жарқыраған күн шықпайтын ба еді?! Тарих қойнауында көміліп жатқан «таза, мінсіз, асыл сөздерді» егемендік лебі «толқытып шығарды». Қ. Сыдықов, Б. Қорқытов, Ғ. Әнес, А. Мектеп, Ш. Керім, М. Құлкенов сынды еңбектерінің нәтижесінде Мұрат ақынның жыр жинағы бірнеше дүркін баспа бетін көрді. Халық дән риза боп, сусаған рухын суарды. Әйтсе де, бабалар аманаттаған асыл дүниелерді іздеп тауып, туған халқына табыстау дейтін абыройлы міндет-борыш қазақ барда алдағы уақытта да тоқтамақ емес.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Иманқұл Ж. Көршінің «көзірі» / Ж. Иманқұл // Жалын. — 2015. — № 1. — 2–5-б.
- 2 Қожабекова Қ. Зар заман ақындары / Қ. Қожабекова // Қазақ — № 47. (613). — 2012. — 23 қараша. — 11-б.
- 3 Зар заман: жыр-толғаулар / Құраст. С. Дәуітов. — Алматы: Жалын, 1993. — 176 б.
- 4 Неталиев М. Кіші жүз шежіресі (Тарихи-этнографиялық зерттеу) / М. Неталиев. — Алматы: Арыс, 2014. — 296 б.
- 5 Жүсіп Қ. «Екі жақты, бір тілді, сөйлейтін сөзге шешенмін...» / Қ. Жүсіп // Ана тілі. — № 28 (1182). — 2013. — 11–17 шілде. — 6, 7-б.
- 6 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. (Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер) / Ы. Дүйсенбаев. — Алматы: Жазушы, 1970. — 192 б.
- 7 Көшекұлы Е. «Таудағы тарлан бөрі едім...» / Е. Көшекұлы // Егемен Қазақстан. — 10 сәуір. — 1993. — 6 б.
- 8 Базарбаев С. Мұрат Мөңкеұлы Атыраудың ғана ақыны ма еді? / С. Базарбаев // Алтын Орда. — № 27 (389). — 2007. — 5–11 шілде. — 28 б.
- 9 Досмұхамедұлы Х. Аламан / Х. Досмұхамедұлы // Құраст., алғы сөзін және түсінікт. жазғ. Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 176 б.
- 10 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық / Х. Сүйіншәлиев. — Алматы: Санат, 1997. — 928 б.
- 11 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / Құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. — Алматы: Алматы кітап, 2006. — 376 б.

Р.С. Каренов

**Мурат Монкеулы — видный поэт «смутного времени»**

В статье описаны жизнь и деятельность видного акына, жырау второй половины XIX столетия Мурата Монкеулы. Отмечено, что в молодости он участвовал в многочисленных айтысах с поэтами своего времени и прошел хорошую школу поэтического мастерства. Указано, что поэт создал множество песен, толгау и посвящений, в которых воспевал любовь к родной земле. В своих песнях-толгау Мурат воспевает бая и храброго джигита, девушку-невесту и охоту с ястребом, говорит о скоротечности жизни, об изменчивости бренного мира. Особое внимание уделено дастану «Уш киян» — одному из значительных произведений акына, в котором он описывает тяжелое положение народа, свои сомнения, мечты и надежды. Дана характеристика толгау «Сарыарка», в котором поэт призывает казахов преодолеть родовую отчужденность, а также поэмам «Карасай-Казы» и «Казтуган», посвященным казахским батырам. Сделан вывод о том, что Мурат в своем творчестве мастерски использовал издавна бытовавшие формы стиха, стремился к реалистичности и конкретности в психологических характеристиках, внес вклад в развитие литературного языка.

*Ключевые слова:* общество, страна, «смутное время», представитель, колонизация, поэт, айтыс, толгау, народ, мечта, надежда, земля, политика, история, литературоведение.

R.S. Karenov

**Murat Monkeuly is a prominent poet of the «time of troubles»**

It describes the life and work of prominent akyn, zhyrau of the second half of the XIX century Murat Monkeuly. It is emphasized that in his youth he participated in numerous aitys with the poets of his time, and was a good school of poetic craftsmanship. It is stated that the poet has created a lot of songs, tolgau and initiations, which extolled the love of his native land. It is noted that in their songs-tolgau Murat sings about rich and brave horseman, girl-bride and hunting with a hawk, speaks about the brevity of life, the variability mortal world. Special attention is paid dastan «Ush Kiyan» — one of the most significant works of akyn, in which he describes the plight of the people, their concerns, hopes and dreams. The characteristic tolgau «Saryarka» in which the poet urges Kazakhs overcome generic exclusion, as well as the poems «Karasai-Kazi» and «Kaztugan» devoted to the Kazakh batyrs. It is concluded that Murat in his work has long skillfully used was common verse forms, sought to realism and concreteness in psychological characteristics, contributed to the development of literary language.

*Keywords:* society, country, «time of troubles», representative, colonization, poet, aitys, chanting, people, dream, hope, land, politics, history, literature of reference.

## References

- 1 Imankul, Zh. (2015). Korshinin «koziri» [Neighbor's «Trump»]. *Zhalyn*, 1 [in Kazakh].
- 2 Kozhabekova, K. (2012). Zar zaman akynyndary [Poets of troubled times]. *Kazakh*, 47 (613), November, 23 [in Kazakh].
- 3 Comp. by S. Dauytov (1993). *Zar zaman: zhyr-tolhauar [Time of troubles: Lyrics and reflections]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 4 Netaliev, M. (2014). *Kishi zhuz shezhiresi. (Tarikhi-etnografiialyk zertteu) [Shezhire of Junior zhuz (historical-ethnographic research)]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Zhusip, K. (2013). «Eki zhakty, bir tildi, soileitin sozge sheshenmin...» [«Master of speech, which has two faces, one language ...»]. *Ana tili*, 11–17, July, 28 (1182) [in Kazakh].
- 6 Dyusenbayev, I. (1970). *Hasyrlar syry. (Kazak adabietini tarikhynan ocherkter) [Secrets of the century (Sketches from the history of domestic literature)]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 7 Koshekuly, E. (1993). «Taudahy tarlan bori edim...» [«I was a ferocious wolf of mountains ...»]. *Egemen Kazakhstan*, April, 10 [in Kazakh].
- 8 Bazarbaev, S. (2007). Murat Monkeuly Atyraudyn hana akyny ma edi? [Is Murat Monkeuly only akyn from Atyrau?]. *Altyn Orda*, 5–11, July, 27 (389) [in Kazakh].
- 9 Dosmuhameduly, H. (1991). *Alaman / Comp.*, wrote the introductory remarks and explanations — G. Anesov, A. Mektepov, Sh. Kerimov. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 10 Syunshaliev, H. (1997). *Kazak adabietinin tarikhy [History of Kazakh literature]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 11 Comp. B. Togysbaev, A. Suzhikova (2006). *Tarikhi tulhalar. Tanyndyk-kopshilik basylym [Historical figures. The publication with informative and general character]*. Almaty: Almaty kitap [in Kazakh].

---

# ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ

### ACTUAL PROBLEMS OF PSYCHOLOGY

UDC 159.9.07

A.B. Tulebayeva

*Ye.A. Buketov Karaganda State University, Kazakhstan  
(E-mail: aigul\_t75@mail.ru)*

#### **The study of individual and psychological characteristics of codependent family members**

This article deals with the problem of codependency as a condition applicable with respect to spouses, partners, children of chemically dependent people. The article presents the results of the research aimed at studying the individual-and-psychological characteristics of codependent family members and their impact on the emergence of drug and alcohol dependency. The research revealed a specific relationship between the individual-and-personal characteristics of the family members and the emergence of chemical dependency. People suffering from codependency are characterized with a low level of subjective control, a high level of anxiety, low self-esteem and a high level of family-conditioned mental stress. The view on drug addiction as an individual problem in the context of interfamilial environment has been getting more and more supporters, and, in fact, is marking the appearance of a fundamentally new approach to addiction treatment. Thus, the work with the dependent's environment, his family is becoming one of the most important factors of success in the treatment of drug and alcohol addiction.

*Keywords:* family, codependency, alcoholism, addiction, personality features, chemical dependence, family disease.

Like in any problem which is far from being solved, in the study of problems related to addictive behavior patterns in family relationships there are still a lot of «blind spots» and controversial issues. Modern psychology science and above all medical psychology cannot stand aloof from being engaged in the solution of such an important problem. This is driven by both the objective urgency of the problem and the subject of the specified science branch which along with other problems deals with the issues of interaction and mutual influence between an addict and members of his family.

The problems of dependencies in all their numerous forms are of great urgency for Kazakhstan's society. Last decade of the 20<sup>th</sup> century was marked by an unprecedented increase in drug addiction and alcoholism mainly among young people. According to the Republican Scientific and Practical Center for Medical and Social Problems of Drug Addiction, 2008 witnessed the growth of the number of population's primary diseases related to psychoactive drugs — 390.4 cases per 100 thousand people. This number is higher when compared with the rate in 2007. The drug addiction level in Kazakhstan and other Central Asia's states in contrast to other countries is very high. Presently the number of drug addicts in the republic accounts for about 59 thousand people. Over the last 10-15 years the number of drug addicts in Kazakhstan has increased 3.5 times, with two-thirds of them being young people under the age of 30. However, some experts believe the real number of drug addicts is 8-10 times more.

When they speak about the low effectiveness of the treatment of a patient with chemical addiction, they often complain about the fact that «a patient has returned to the same environment». In fact, the environment can contribute to a relapse of the disease, especially if it is an interfamilial environment.

When broadly defined, the term «codependency» is applicable with regards to spouses, partners, children and adult children of addicts, addicts themselves who are certainly to have grown up in the dysfunction-

al family system. A person can be considered codependent when living in a dysfunctional family with unhealthy rules facilitating codependency.

Codependency is a current state which is mainly the result of the adaptation to family dysfunction. It is an ingrained response to stress which over time becomes a way of life rather than a means of survival. It is significant that when the stress state ceases its influence, a codependent person continues to act in his surrounding environment in the same way as if the oppression threat remained [1].

One of the leading foreign psychotherapists M. Beattie says that chemical dependency is a family disease. There are theories that address chemical dependency as a symptom of family dysfunction. From this it follows that the substance abuse treatment should include not only drug and alcohol dependency treatment but also the treatment of codependency. Both a patient and other relatives living together with him need a relevant help.

As M. Beattie defines, «a codependent person is a man who has allowed the other person's behavior affect him and is completely engrossed in controlling the actions of this person (the other person can be a child, an adult, a lover, a husband, a father, a mother, a sister, a grandmother, a best friend, a normal person, who from time to time experiences the feeling of sadness)» [2].

These definitions clearly indicate that a codependent person is not free in his feelings and behavior; he seems to be deprived from the right to choose what to feel and how to act. Following the close contact with a chemically dependent person and failed attempts to control the behavior of another person, people who are close to a chemically dependent person develop into reactive personality type — a codependent person loses the ability to feel, think and act at his own choice; he also loses the ability to manage his life (he tries to control the lives of others), he only reacts to what others do, think and feel.

Some authors believe that codependency is the same disease as dependency. I do not fully share this view. Codependency is more likely to meet the criteria of pathological development of the personality. Anyway, codependency can be more deeply understood basing rather on the terms of descriptive psychology than on the terms for mental disorders. A thorough understanding of an individual is particularly necessary when we strive to provide psychological help rather than pharmacological one [3].

Addiction to alcohol and drugs and codependency equally deprive a patient and relatives living together with him from energy and health and have a hold over their thoughts and emotions. While a patient obsessively thinks about the past or future drinking (taking any drugs), the thoughts of his wife (mother) are equally compulsively focused on possible ways to control his behavior [4].

